



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ



AGROCREDIT
АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2024

МАЗМҰНЫ

01	ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	4
	БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	6
	ЕСЕПТІ ЖЫЛДАҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР МЕН НӘТИЖЕЛЕР	10
02	КОРПОРАЦИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	16
	Корпорация туралы	22
	Тарихы	24
	Миссиясы, болашаққа пайымдауы	28
03	БИЗНЕС-ШОЛУ (GRI 2-6, 201-1)	34
	Қызметтің стратегиялық бағыттары	34
	Бизнес-модель	40
	Қолданыстағы қаржыландыру бағдарламалары (SASB FN-CB-240a.1)	42
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс және оған қарсы іс-қимыл (GRI 2-15, 2-25)	48
	Ақпараттық қауіпсіздік	50
04	САЛАНЫ ТАЛДАУ (GRI 2-6)	54
	АӨК-дегі ағымдағы жағдай	56
	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау – саланы дамытудың негізгі драйвері	63

05	ТҰРАҚТЫ ДАМУ (2-7, 2-8, 2-13, 2-14, 2-16, 2-23, 2-24, 2-26, 2-27, 2-29, 201-1, 201-4, 303-5, 401-1, 402-1, 403-1, 403-5, SASB FN-CB-410a.2)	68
	Тұрақты даму саласындағы корпоративтік саясат (GRI 2-12, 2-13, 2-14, 2-16, 2-17, 18)	74
	Мүдделі тараптар, өзара іс-қимыл және аспектілер (GRI 2-29)	75
	Экологиялық аспект (GRI 303-5, SASB FN-CB-410b.1, SASB FN-CB-410b.4)	81
	Әлеуметтік аспект	88
	Өтініштерді қарау процестері	97
	Корпоративтік әдеп кодексі (GRI 2-26)	98
	ESG тәуекелдерін Корпорация мен оның еншілес ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесіне интеграциялау	100
06	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	108
	Корпоративтік басқару жүйесі	108
	Корпорацияның орталық аппарат құрылымы	110
	Корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкестік	112
	Жалғыз акционер	114
	Корпорацияның дивиденд саясаты	115
	Директорлар кеңесі	116
	Тағайындау және іріктеу	125
Директорлар кеңесінің комитеттері	125	

	Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметі туралы есеп	126
	Басқарма	128
	Тағайындау және іріктеу	135
	Корпорация комитеттері	135
	Басқарма қызметі туралы есеп	140
	Басқарма мүшелерінің сыйақысы	141
	Еншілес және тәуелді ұйымдар	143
	Ішкі аудит (GRI 2-16)	146
07	ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ	150
	Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің (КТБЖ) ұйымдық құрылымы	152
	Идентификацияланған тәуекелдер	154
	Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру	156
	Ішкі бақылау жүйесі	164
	Сыртқы аудит	166
08	2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР (GRI 2-1)	168

09	ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ	172
	Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп	175
	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған пайда немесе залал туралы есеп, мың теңгемен	177
	Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп, млн теңгемен	179
	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, млн теңгемен	180
ҚОСЫМШАЛАР		
	№ 1 Қосымша. Есеп туралы	182
	№ 2 Қосымша. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебінде ашу үшін маңызды тақырыптар	185
	№ 3 Қосымша. GRI индексі	186
	№ 4 Қосымша. Қысқартулар	195
	№ 5 Қосымша. Байланыс	196

«Аграрлық несие корпорациясы»
акционерлік қоғамның
Директорлар кеңесінің
Төрағасының

ҮНДЕУІ



НҰРБОЛАТ АЙДАПКЕЛОВ

«Аграрлық кредиттік корпорация»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесінің төрағасы

Құрметті серіктестер мен әріптестер!

Сіздердің назарларыңызға
Корпорацияның 2024
жылға арналған жылдық
есебін қуана ұсынамыз.

Агроөнеркәсіптік секторды қаржыландыру – ауыл шаруашылығы мен оған іргелес салаларды дамытудың маңызды құрамдас бөлігі. Бұл ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді, қайта өңдеушілерді және нарықтың басқа да қатысушыларын қолдауға бағытталған түрлі көздер мен құралдарды қамтиды.

2024 жылы Корпорация өз қызметінің барлық стратегиялық негізгі көрсеткіштерін толық орындағанын атап өткен жөн.

Қаржыландыру құралдарының қолжетімділігін арттыру жұмысы 2025 жылы да жалғасатын болады. Корпорация агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржыландыру көлемін рекордтық 1 трлн теңгеге дейін жеткізуді жоспарлап отыр.

Басты назар аударылатын басым салалар қатарында ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, инфрақұрылымды дамыту және алдыңғы қатарлы ылғал үнемдеу технологияларын енгізуді ынталандыру бағыттары бар. Сондай-ақ, шағын бизнесті дамытуға қолайлы жағдай жасауға, оның ішінде жеңілдетілген шарттармен қарыздарға қолжетімділікке ерекше көңіл бөлінеді.

Агроөнеркәсіптік секторды жеткілікті қаржыландыру ауыл шаруашылығы өндірушілеріне негізгі қорларын жаңартуға, жаңа технологияларды енгізуге мүмкіндік беріп, өндіріс тиімділігі мен өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Корпорация несие беру үдерістерін цифрландыру мен автоматтандыру мәселелеріне ерекше назар аударып отыр. Кредит алу рәсімін аграршылар үшін оңай әрі қолжетімді ету – алдағы жылдағы Корпорацияның негізгі міндеттерінің бірі.

Айта кету керек, агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін несиелеудегі жоғары нәтижелермен және инвестициялық портфельді тиімді басқа-

румен қатар, Корпорация корпоративтік басқару жүйесін жүйелі түрде жетілдіріп келеді.

Бұл оның деңгейіне жүргізілген диагностика нәтижесінде алынған 94% көрсеткішпен расталады.

Аталған баға Корпорацияның халықаралық қағидаттар мен корпоративтік басқарудың озық тәжірибелерін кеңінен енгізіп, тиімді түрде қолданып отырғанын білдіреді.

Ортақ күш-жігеріміз еліміздің аграрлық секторының серпінді әрі орнықты дамуына алдағы уақытта да ықпал етеді деп сенемін.

Құрметпен,
«Аграрлық несие корпорациясы»
акционерлік қоғамының Директорлар
кеңесінің төрағасы Нұрболат Айдапкелов.

«Аграрлық несие корпорациясы»
акционерлік қоғамның
Басқарма Төрағасының

ҮНДЕУІ



АЛМАТ ӘШІРБЕКОВ

«Аграрлық кредиттік корпорация»
акционерлік қоғамының
Басқарма төрағасы

Құрметті клиенттер, серіктестер және әріптестер!

Корпорация
Басқармасының атынан
әріптестеріміз бен
серіктестерімізге жемісті
ынтымақтастықтары
үшін алғыс білдіремін.
Ұсынылып отырған
жылдық есепте
Корпорацияның 2024
жылғы қызметінің
негізгі қорытындылары
қамтылған.

Қаржылық нәтижелер және аграршылар- ды несиелеу

Корпорация ұзақ уақыт бойы оң және
тұрақты даму қарқынын көрсетіп келеді.

2024 жылы да Корпорация қаржылық көр-
сеткіштердің тұрақты өсуін жалғастырды.

Қолжетімді әрі тиімді қаржыландыру жүй-
есін қалыптастыру аясында соңғы үш жылда
Корпорация (оның еншілес ұйымы – «Қа-
зАгроҚаржы» АҚ қоса алғанда) несиелеу
көлемін бірнеше есеге арттырды – 2021
жылғы 464 млрд теңгеден 2024 жылы 822
млрд теңгеге дейін, сонымен қатар 2024
жылы нақты несиелеу көлемі жоспарланған
көрсеткіштен 1,4 есе асып түсті.

2024 жылы Корпорация қаржы институтта-
рын тікелей субсидиялау тетігін әзірлеп, іске
қосты. Бұл тетік Корпорацияның капитал
нарығынан коммерциялық қаражат тартуын,
мемлекет тарапынан субсидиялауды және
фермерлерге бірден жеңілдікті несиелер
беруді көздейді. Аталған «Кең дала 2» бағдар-
ламасы аясында жылдық 5% мөлшерлеменен
181,6 млрд теңге көлемінде несие берілді.

Сонымен қатар, Корпорация тарихында алғаш
рет 2024 жылдың қараша айынан бастап «Кең
дала 2» бағдарламасы бойынша 2025 жылғы
көктемгі егіс және жинау жұмыстарына алдын
ала қаржыландыру енгізілді және басталды.
Бұл бастама отандық аграршылар тарапынан
жоғары бағаланып, нәтижесінде 2024 жылдың
желтоқсан айында бөлінген 100 млрд теңге
толық игерілді.

Аталған бағдарлама аясында маңызды жаңа-
лық ретінде – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы
холдингі» акционерлік қоғамның тобының
үйлесімді іс-әрекеттерінің арқасында алғаш
рет «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры»
акционерлік қоғамның тарапынан несие
сомасының 85%-ына дейін кепілдендіру тетігі
қолданылды, бұл фермерлердің Корпорация-
ның қаржылық ресурстарына қолжетімділігін
едәуір жеңілдетті.

2024 жылдың қорытынды-
сы бойынша микробизнес,
шағын және орта кәсіпкер-
лік субъектілерінің 14 804-і
қаржылық қолдау алды, ал
біріктірілген несие портфелі
19%-ға өсіп, 1,8 трлн теңгені
құрады.

Бұл көрсеткіштер инвесторлар мен серікестер тарапынан Корпорацияға деген сенімнің жоғары деңгейін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірушілерінің ұсынылып отырған қаржылық құралдарға деген сұранысының артып отырғанын көрсетеді.

Өткен жылдың басты қаржылық жетістігі – Корпорацияның таза пайдасының 2023 жылмен салыстырғанда 29%-ға өсуі болды. 2022 жылмен салыстырғанда өсім екі есеге жуықтады.

Мұндай нәтижеге активтерді тиімді басқару, ішкі процестерді оңтайландыру және несие беру өнімдерінің желісін кеңейту есебінен қол жеткізілді.

Корпорацияның қызметін жетілдіруге бағытталған күш-жігерін халықаралық рейтингтік агенттіктер де жоғары бағалады – аудит нәтижесі бойынша Moody’s агенттігі Корпорацияның рейтингін Baa3-тен Baa2 деңгейіне «тұрақты» болжаммен көтерді, ал Fitch Ratings рейтингті BBB–ден BBB деңгейіне «тұрақты» болжаммен арттырды.

Бизнес-процестерді цифрландыру

Цифрландыру – Корпорация үшін басты басымдықтардың бірі болып табылады. Бұл

бағыт қызмет көрсету сапасын арттыруға және мемлекеттік қолдау шараларын алушылар аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

2024 жылы Корпорация жүзеге асырған негізгі бастамалар мыналар:

- мемлекеттік деректер базалары мен 90-нан астам сервистермен біріктірілген микрокредит беру бойынша өтінімдерді қарау үшін онлайн-платформаның іске қосылуы. Өтінім беру процесі үш кезеңнен тұрады және алдын ала шешімді 5 минут ішінде алуға мүмкіндік береді;
- мал және егін шаруашылығын несиелеу өтінімдерін қарау мерзімін 30 күннен 10 күнге дейін қысқартқан «SMART 10» автоматтандырылған несиелеу жүйесінің енгізілуі;
- қарыз алушы құжаттарын жинау мен өңдеуді автоматтандыруға мүмкіндік беретін цифрлық кредиттік досьенің құрылуы;
- ішкі BPM (бизнес-процестерді басқару) жүйесін дамыту;
- тәуелсіз бағалау порталының іске қосылуы – BAGALAU.AGRONESIE.KZ;
- AGROBAGALAU APP мобильді қосымшасының әзірленуі;
- кепілге қойылған мүлік пен несиелеу нысандарын қарау процесін қысқартуға мүмкіндік беретін «Онлайн-қарау» құралының енгізілуі;
- биометриялық сәйкестендіру арқылы несие шарттарына «Онлайн-қол қою» тетігінің енгізілуі;
- кепіл шарттарын «Онлайн-тіркеу» тетігінің енгізілуі.

2025 жылға арналған перспективалар

Корпорацияның 2025 жылға арналған жоспарында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді кредиттеу және лизинг арқылы қаржыландыру көлемін 1 трлн теңгеге дейін ұлғайту көзделген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің тапсырмасына сәйкес, көктемгі егіс және күзгі жиын-терім жұмыстарын қаржыландыруға 600 млрд теңгеге дейін қаражат бағытталады. Бұл фермерлерге егіс пен жинау науқанын сапалы әрі жедел жүргізуге мүмкіндік береді.

Алдағы жылы көктемгі егіс жұмыстарын алдын ала қаржыландырудың тиімді тетігі де жалғасатын болады. Бұл аграршыларға егіс науқанына алдын ала дайындалуға, маусымдық тәуекелдерге тәуелділікті азайтуға және өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, 2025 жылы жаңа инвестициялық бағдарламаны іске асыру жоспарлануда. Бағдарлама ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге, заманауи ылғал үнемдеу технологияларын қолдануға, мал азығын өндіруге (шикізат пен соңғы өнімнің өзіндік құнын төмендету мақсатында), мал және егін шаруашылығы өнімдерін өндіруге және ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамытуға басымдық береді. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін өндіруді қаржыландыруға да ерекше көңіл бөлінетін болады.

Аталған бағыттар – саланы және жалпы экономиканы одан әрі дамыту үшін аса маңызды. Оларды іске асыру Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің орнықты өсуін қамтамасыз етіп, елдің азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға және ауылдық

жерлерде жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етеді.

Осылайша, 2025 жылы көзделген шараларды іске асыру Қазақстан ауыл шаруашылығын неғұрлым орнықты, тиімді және заманауи экономикалық секторға айналдыру жолындағы маңызды кезең болмақ.

Бұдан бөлек, 2025 жылы Корпорацияның цифрлық трансформациясы бойынша жұмыстар жалғасын табады. Бұл агроөндірушілер үшін көрсетілетін қызметтердің ашықтығын, тиімділігін және қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Цифрлық трансформация аясында:

- қарыз алушыларға посткредиттік қызмет көрсетуді автоматтандыру;
- агробизнестің шағын, орта және ірі субъектілерінен келіп түскен өтінімдерді жедел қарау мен шешім қабылдауды көздейтін «SMART 30» және «SMART 50» жобаларын іске асыру;
- қолданыстағы ақпараттық платформалар мен шешімдерді дамыту;
- жасанды интеллект технологияларын енгізу жоспарлануда.

Біз бірлескен жұмысымыз еліміздің аграрлық секторының қарқынды және орнықты дамуына әрі қарай да өз үлесін қосып, оның бәсекеге қабілеттілігін, азық-түлік қауіпсіздігін және ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға қызмет етеді деп сенеміз.

Құрметпен,
«Аграрлық несие корпорациясы»
акционерлік қоғамының
Басқарма төрағасы
Алмат Әшірбеков.

2025 жылы жоспарланған
шараларды іске асыру
Қазақстанның ауыл
шаруашылығын
жаңғыртудың маңызды
кезеңі болады

AGROCREDIT

ЕСЕПТІ ЖЫЛДАҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР МЕН НӘТИЖЕЛЕР

01 Корпорация жаңа «Кең дала 2» несиелеу бағдарламасын әзірлеп, іске қосты.

Жаңа несие өнімін әзірлеу барысында бұрынғы «Кең дала» бағдарламасын жүзеге асырудағы практикалық тәжірибе ескерілді. Нәтижесінде, «Кең дала 2» бағдарламасы бірқатар елеулі артықшылықтарға ие болды, атап айтқанда: «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қорының кепілдіктерін тарту арқылы 85% көлемінде кепілдік қамтамасыз етуді жабу мүмкіндігі; қарызды өтеу мерзімі 18 айға дейін ұзартылды; қаржыландыру арналары кеңейтілді – Корпорацияның аймақтық филиалдық желісі және өңірлердегі әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қатысуы есебінен. Сонымен бірге, соңғы тұтынушы үшін пайыздық мөлшерлеме өзгеріссіз қалды және жылдық 5% деңгейінде (ЖТСМ – жылдық 5%-дан бастап) сақталды.

Бағдарламаның алғашқы жылының қорытындысы бойынша «Кең дала 2» несиелеу бағдарламасы рекордтық көрсеткіштер көрсетті – бұған дейін бірде-бір несие өнімі мұндай жоғары бастапқы нәтижемен ерекшеленбеген. Нәтижесінде, 2024 жылы «Кең дала 2» бағдарламасы аясында 2 676 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге 281,6 млрд теңге көлемінде қаржыландыру ұсынылды.

02 Фермерлерге қолдау көрсету

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасын орындау шеңберінде Корпорация және оның еншілес ұйымы – «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ҚазАгроҚаржы) су тасқынынан зардап шеккен аграршыларға төлемдерді кейінге шегеру бойынша қолдау көрсетті.

2024 жылғы төлем кестесіне сәйкес барлық төлемдер 2025 жылдан бастап қаржыландыру мерзімінің соңына дейін біркелкі төлемдермен қайта бөлінді. Қарыз мерзімі 2024–2025 жылдары аяқталатын жобалар бойынша, қызмет бағытына байланысты, 24 айдан аспайтын мерзімге ұзарту ұсынылды.

Аталған шара аясында Корпорация су тасқынынан зардап шеккен 187 фермерге 675 млн теңге сомасында қолдау көрсетті – төлемдерді кейінге шегеру және қарызды қайта құрылымдау арқылы. Сонымен қатар, қолайсыз ауа райы жағдайларынан зардап шеккен 1 401 фермерге 56 млрд теңге көлемінде қарызды кейінге шегеру және қайта құрылымдау арқылы көмек көрсетілді.

03 2024 жылғы 16 қыркүйекте Moody's Investors Service халықаралық рейтингтік агенттігі

Корпорацияның халықаралық несие рейтингін Baa3 деңгейінен Baa2 деңгейіне дейін көтеріп, «Тұрақты» болжамын берді (бұған дейін 2023 жылы рейтинг Ba1 деңгейінен Baa3 деңгейіне дейін көтеріліп, «Позитивті» болжам берілген болатын).

Берілген рейтинг Корпорацияның агроөнеркәсіптік секторды қолдауға бағытталған мемлекеттік саясаттағы маңызды рөлін, сондай-ақ мемлекет пен Корпорацияның жалғыз акционері – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тарапынан қолдауға ие екенін айғақтайды. Холдинг Корпорацияның қарыздық және дивидендтік саясатының құрылымын айқындайды.

Moody's
Baa2 рейтингі

FitchRatings
BBB рейтингі

04 2024 жылғы 17 қыркүйекте Fitch Ratings агенттігі

Корпорацияның халықаралық несие рейтингін «BBB–» деңгейінен «BBB» деңгейіне дейін көтеріп, «Тұрақты» болжам берді. Fitch агенттігінің пікірінше, бұл рейтингті көтеру – Корпорацияның ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолжетімді несиелеумен қамтамасыз ету саласындағы рөлінің артуына байланысты мемлекетпен өзара іс-қимылының күшеюін көрсетеді. Осылайша, бірден екі халықаралық рейтингтік агенттік тарапынан Корпорацияның кредиттік рейтингінің оң өзгеруі оның Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін қолдау жөніндегі негізгі Операторы ретіндегі сенімділігінің артқанын білдіреді.

06 Есепті кезеңдегі жетістіктер

«Корпорация, оның ішінде еншілес ұйымы – ҚазАгроҚаржы, қаржыландыру көлемінің тұрақты өсуін көрсетіп отыр. Соңғы үш жылда несиелеу көлемі 2021 жылғы 464 млрд теңгеден 2024 жылы 822 млрд теңгеге дейін өсті. 2024 жылы Корпорацияның қатысуымен жалпы құны 23 млрд теңгені құрайтын 29 инвестициялық жоба іске қосылды. «ҚазАгроҚаржы» фермерлерге 224 млрд теңгеден астам сомаға 10,5 мыңнан астам бірлік техниканы лизингке берді.

05 2024 жылғы 21 қазан мен 13 желтоқсан аралығында Корпорация айыппұлсыз берешекті өтеу бойынша акция өткізді.

Корпорация фермерлерге тұрақты негізде барлық жерде қолдау көрсетеді, соның ішінде өсімпұлды есептен шығару бойынша акциялар өткізіледі.

07 «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі»

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бастамасы аясында Корпорацияның орталық аппараты мен филиалдарының ұжымы Астана қаласындағы есу арнасы жағалауында және елдің басқа өңірлерінде өткен көшет отырғызу бойынша бұқаралық шараға белсенді қатысты. Осылайша, Корпорация ұжымы қоршаған ортаны қорғау мен табиғатқа ұқыпты қарауға бағытталған Аграрлық несие корпорациясының экологиялық құндылықтарына адалдығын білдіреді.

08 «Жүрегімнің жеңімпазы»

2024 жылдың тамыз айында Корпорация өкілдері жыл сайын өтетін «Жүрегімнің жеңімпазы» қайырымдылық жүгіру марафонына қатысты. Бұл шара – трансплантацияны күтіп тұрған адамдарды қолдауға арналған қайырымдылық акциясы. Марафонға кәсіби спортшылармен қатар, дәрігерлер, донорлар және басқа да қарапайым азаматтар қатысты.

Несиелеу көлемі,
млрд теңге

822

10,5
мың бірлік техника
лизингке берілді





ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Сіздердің назарларыңызға АНК (Аграрлық несие корпорациясы) қолдауымен өз кәсібін жаңа деңгейге көтеріп, оны орнықты дамудың жарқын үлгісіне айналдырған үш табыс тарихын ұсынамыз.

2025 жыл Қазақстанда Жұмысшы кәсіптер жылы болып жарияланды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2025 жыл – Жұмысшы кәсіптер жылы болып белгіленді. Үкімет техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін ауқымды жаңғыртуды қолға алып, оның беделі мен жастар арасындағы тартымдылығын арттыруды көздеп отыр.



КОРПОРАЦИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Корпорация Қазақстан Республикасының 2021–2030 жылдарға арналған Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту тұжырымдамасын және 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын іске асыруда маңызды рөл атқарады, осыған байланысты оның экономикалық ықпалының көрсеткіштері елеулі деп бағаланады.

ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

GRI 201-1

2024 жылдың қорытындысы бойынша Корпорацияның таза пайдасы рекордтық деңгейге – 60 356,61 млн теңгеге жетті, бұл 2023 жылғы 29 555,14 млн теңге көрсеткішінен 104,2%-ға жоғары. Аталған оң серпін – Корпорацияның қаржы-несие саясатын сауатты және салмақты жүзеге асыруының, табысты басқарудың және шығындарды бақылаудың заңды нәтижесі болып табылады.

Таза пайданың артуына негізгі әсер еткен фактор – пайыздық табыстардың өсуі. Олар 2023 жылғы 151 164,61 млн теңгеден 2024 жылы 199 655,27 млн теңгеге дейін өсіп, 32%-дық өсімді көрсетті. Пайыздық шығыстар, керісінше, өсу қарқынының баяулауына байланысты таза пайданың артуына оң әсер етті, бұл қарыз қаражатының жалпы құнын төмендетуге мүмкіндік

берді. Атап айтқанда, пайыздық шығыстар 2023 жылғы 112 219,66 млн теңгеден 2024 жылы 144 013,73 млн теңгеге дейін 28,3%-ға артты. Бұл өсім негізінен борыштық бағалы қағаздарды шығару мен кредиттік ұйымдардан тартылған қаражаттар бойынша шығындардың ұлғаюына байланысты болды, яғни қарыз көлемдерінің артқанын көрсетеді.

« Ауыл шаруашылығы – адамзат үшін ең маңызды салалардың бірі



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

ӘЛІБЕК
СҰЛТАН

Әлібек Сұлтан - жас агроном, отбасылық дәстүрді мақтанышпен жалғастыруда: атасы мен әкесі өмірін жерге арнаған, және ол да осы жолды таңдады.

2024 жылы активтердің рентабельдігі (ROA) 3,55%-ға дейін өсіп, алдыңғы жылғы 2,16%-бен салыстырғанда айтарлықтай жақсарды, бұл активтерді табыс алуда тиімдірек пайдалануды білдіреді. Сонымен қатар, меншікті капи-

талдың рентабельдігі (ROE) де оң динамика көрсетті – 2023 жылғы 6,83%-дан 2024 жылы 12,82%-ға дейін өсті. ROA және ROE көрсеткіштерінің оң серпіні Корпорацияның табыстылығын арттыра

Қаржылық көрсеткіштердің динамикасы

Көрсеткіштің атауы	2022 жыл
Кірістер, млн теңге	150 832,57
Шығындар, млн теңге	131 297,24
Таза пайда, млн теңге	19 535,33
ROA, %	1,83
ROE, %	5,70

2024 жылғы кірістер құрылымы

Көрсеткіш	2024 жыл	%
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	46 294,24	15,65%
Несие ұйымдарындағы қаражат	7,52	0,003%
Банктерге берілген несиелер	7 541,38	2,55%
Клиенттерге берілген несиелер	145 812,11	49,29%
Инвестициялық бағалы қағаздар	0,014	
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	79 507,81	26,88%
Басқа кірістер	16 472,32	5,57%
Шетел валютасымен жасалатын операциялардан түскен таза табыс	167,39	0,06%
Барлығы табыс	295 802,78	100,00%

* шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес, млн. теңгеге

отырып, ресурстар мен капиталды анағұрлым ұтымды пайдаланғанын көрсетеді. Мұндай өзгерістер Корпорацияның қаржылық тұрақтылығына оң әсер етіп, оны болашақ инвестициялар үшін тартымды ете түсті.

2023 жыл	2024 жыл
228 906,56	295 635,39
199 351,41	235 278,79
29 555,14	60 356,61
2,16	3,55
6,83	12,82

2024 жыл	%
46 294,24	15,65%
7,52	0,003%
7 541,38	2,55%
145 812,11	49,29%
0,014	
79 507,81	26,88%
16 472,32	5,57%
167,39	0,06%
295 802,78	100,00%

2024 жылғы шығындар құрылымы

Көрсеткіш
Акционер алдындағы берешек
Қазақстан Республикасының Үкіметі алдындағы берешек
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек
Кредиттік ұйымдардың қаражаты
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар
Несиелік шығындар бойынша шығыстар
Персоналға арналған шығыстар
Басқа әкімшілік шығыстар
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін өзгерту нәтижесінде таза шығындар
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар

Шығыстар жиыны

* шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес, млн. теңгеге

2024 жылдың қорытындысы бойынша Корпорацияның активтері 42,3%-ға өсіп, 1 526 254,66 млн теңгені құрады. Есепті жылы міндеттемелер көлемі 1 062 092,62 млн теңге болып, 2023 жылғы деңгейден 65,65%-ға жоғары болды.

Қарыз бен меншікті капиталдың арақатынасы 2023 жылғы 1,49 коэффициенттік пункттен 2024 жылы 2,29-ға дейін өсті.

2024 жыл	%
8 606,69	3,66%
25 266,96	10,73%
16 816,88	7,14%
16 214,00	6,89%
77 109,20	32,75%
54 508,86	23,15%
14 942,83	6,35%
8 569,69	3,64%
3 924,66	1,67%
9 486,40	4,03%
235 446,18	100%

Аталған көрсеткіштің артуы борыштық бағалы қағаздардың көлемінің 372,31%-ға – 2023 жылғы 170 157,46 млн теңгеден 2024 жылы 633 507,17 млн теңгеге дейін күрт ұлғаюымен байланысты.

Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Активтер, млн теңге	1 318 970,01	1 412 101,32	1 991 240,43
Міндеттемелер, млн теңге	903 999,43	961 252,77	1 500 726,29
Капитал, млн теңге	414 970,59	450 848,54	490 514,14
Қарыз / Капитал (D / E)	2,18	2,13	3,06

* шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес

Қаржылық нәтижелерге әсер ететін факторлар

КАПИТАЛДАНДЫРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ ТӨМЕНДІГІ	ӨТІМДІЛІК ДЕҢГЕЙІНІҢ ЖОҒАРЫ БОЛУЫ	ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ	ПРУДЕНЦИЯЛЫҚ НОРМАТИВТЕРДІ САҚТАУ
Корпорация активтерінің құрылымындағы меншікті капиталдың үлесі 24,6%-ды құрайды, бұл меншікті капиталдың жалпы активтер құрылымындағы төмен үлесін көрсетеді. Бұл өз кезегінде сыртқы қаржыландыру көздеріне тәуелділіктің жоғары екенін және ұйымның қаржылық тұрақтылығының төмендігін білдіреді.	Корпорация ссудалық портфельдің тұрақты өсуін және кредиторлар алдындағы міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз ету мақсатында өтімді қаражаттың жеткілікті деңгейін сақтайды.	Корпорацияда тәуекелдерді уақтылы анықтауға, оларды сенімді бағалауға және кредиттік тәуекелдер мен өтімділік тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік беретін тиімді тәуекелдерді басқару жүйесі қалыптасқан.	Корпорация агроөнеркәсіптік кешен саласында «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары үшін міндетті болып табылатын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулысымен бекітілген пруденциялық нормативтерді, өзге де нормалар мен лимиттерді қатаң сақтайды. Корпорация белгіленген нормативтердің бұзылуына жол бермеу мақсатында жүйелі түрде жұмыс жүргізеді.

Капитал нарықтарынан
қаражат тарту

GRI 201-4

2024 жылдың қорытындысы бойынша Корпорация тартқан қаражат көлемі 200,1 млрд теңгені құрады, оның ішінде 140,0 млрд теңге бюджет көздерінен тартылды.

Қаражаттар бағдарламалар шарттарында көзделген мақсатты пайдаланылу шеңберінде қатаң түрде жұмсалды. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алынған қарыздардың баланстық құны 62,6 млрд теңгені құрады.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

Бүгінде ол «Береке 017» шаруа қожалығын басқарады, онда 650 гектар жерде бидай, арпа және сафлор өсіріледі.

2.1. КОРПОРАЦИЯ ТУРАЛЫ

«Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы – агроөнеркәсіптік кешенді (АӨК) дамыту бағдарламаларының қаржы операторы болып табылатын квазимемлекеттік корпорация. Ол бұл бағдарламаларды АӨК субъектілеріне тікелей немесе қаржы институттары арқылы ұсынылатын несиелеу бағдарламалары арқылы жүзеге асырады.



2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамның 100% акциясы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамға тиесілі.

Корпорацияның түпкілікті иесі – Қазақстан Республикасының Үкіметі.



2.2. ТАРИХЫ

Корпорация Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы №137 қаулысына сәйкес «Аграрлық секторды несиелеу мәселелері туралы» құрылды.

Құрылу кезеңінде Корпорацияның басты мақсаты – ауылдық несиелік серіктестіктер (НС) желісін құру болды. Бұл жүйе арқылы шағын және орта ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге республикалық бюджет қаражатынан жеңілдетілген

несие ресурстарына қол жеткізу мүмкіндігі қамтамасыз етілді. Жоба табысты деп танылып, несиелік серіктестіктердің дербестігін арттыру мақсатында Корпорация олардың құрылтайшылары құрамынан шықты.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

Оның жұмысы – жай ғана себу мен есеп емес. Бұл – стратегия, дәлдік және болашақ өнімге қамқорлық. Әлібек жер жыртудан бастап тыңайтқыш мөлшерін есептеуге дейінгі әрбір кезеңді бақылайды. Оның шешімдерінің артында – өнім, яғни халықтың дастарханындағы нан түр.



52

инвестициялық жоба
қаржыландырылды

2001

Корпорацияның құрылуы. Негізгі мақсат – ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге республикалық бюджет қаражатынан жеңілдетілген несиелік ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін ауылдық несиелік серіктестіктер жүйесін қалыптастыру болды.

2002

Алғашқы 18 ауылдық несиелік серіктестік құрылып, олардың құрамына 833 қатысушы кірді. Осы несиелік серіктестіктер арқылы берілген алғашқы несиелік сомасы 5 млн теңгені құрады.

2006

Корпорация ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен ауыл халқының бірлестіктерін бірлесіп ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, дайындау, өткізу, қайта өңдеу, сақтау, тасымалдау және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету қызметтері бойынша несиелеу бағдарламасын қаржыландыруды бастады. Жыл ішінде 147 әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация жалпы сомасы 12,2 млрд теңгеге қаржыландырылды.

2009

**КОРПОРАЦИЯ
ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ ҚОРЫ**

қаражатынан инвестициялық жобаларды несиелеу бағдарламасын іске асыруға кірісті. Нәтижесінде бір жыл ішінде 52 инвестициялық жоба 23,5 млрд теңге сомасына қаржыландырылды.

2010

Корпорация ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдейтін кәсіпорындарды қаржыландыру бағдарламасын іске қосты.



2011

Корпорация «Сыбаға» бағдарламасының операторы ретінде айқындалды. Бағдарламаны іске асырудағы Корпорацияның мақсаты – етті мал шаруашылығын дамытуға шағын және орта бизнесті тартуды ынталандыру, ет бағытындағы ірі қара мал үлесін арттыру, ірі қара малды (бұдан әрі – ІҚМ) көбейту нарығында бәсекелі орта мен инфрақұрылымды дамыту болып табылады. Бағдарлама іске асқалы бері 272,3 мың бас ірі қара мал сатып алу үшін 50,6 млрд теңге көлемінде қаржы бөлініп, 4 мыңнан астам ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші қаржыландырылды.

2017

Корпорацияда несиелеу үдерістері оңтайландырылды: құжаттар тізімі қысқартылып, несие өтінімдерін қарау мерзімдері жеделдетілді. Филиалдық желі арқылы қаржыландыру лимиті 1 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды.



2019

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 маусымдағы №459 қаулысына сәйкес Корпорация «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасының операторларының қатарына қосылды. Бағдарлама аясында мына салаларды қаржыландыру көзделген: өсімдік шаруашылығы, бақ өсіру, мал шаруашылығы (оның ішінде құс және шошқа шаруашылығы), аквакультура, балық шаруашылығы және уыт өндіру.

Қаржыландыру
лимиті
1 млрд
теңгеге дейін
ұлғайтылды

2021

2021 жылғы 18 наурызда Корпорация «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының компаниялар тобының құрамына кірді. Қазақстан аумағының елеулі бөлігін қамтыған күшті құрғақшылық салдарынан зардап шеккен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қолдау көрсету шаралары аясында, Корпорация 5,1 млрд теңге сомасына несие төлемдерін кейінге шегеру бойынша іс-шараларды іске асырды. 2021 жылғы 13 желтоқсанда «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамын Корпорацияға қосу жолымен Корпорацияның қайта ұйымдастырылуы жүргізілді.

2022

2022 жылғы 25 шілдеден бастап Корпорация «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының 100% қатысу үлесімен Жалғыз акционері болып табылады. Корпорация БҰҰ-ның әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі бастамасына қосылды. KPMG тәуелсіз аудиттік компаниясы Корпорацияның корпоративтік басқару жүйесін 87% деңгейінде бағалады, бұл жетекші тәжірибелердің көпшілігіне сәйкестікті білдіреді.

2023

Корпорацияның агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландырудың жиынтық көлемі 554,7 млрд теңгені құрап, алдыңғы жылдар көрсеткіштерінен асып түсті.

2024

АӨК СУБЪЕКТИЛЕРІН КӨКТЕМГІ ЕГІС
ЖӘНЕ КҮЗГІ ЖИЫН-ТЕРІМ ЖҰМЫСТАРЫН
ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА АРНАЛҒАН

«КЕҢ ДАЛА 2» БАҒДАРЛАМСЫ
ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ»

Корпорация, оның ішінде еншілес ұйымы «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы, 2024 жылы АӨК субъектілерін қолдауға 822 млрд теңгеден астам қаржы бағыттады. Moody's Investors Service рейтингтік агенттігі Корпорацияның халықаралық кредиттік рейтингін Baa3 деңгейінен Baa2 деңгейіне дейін көтеріп, «Тұрақты» болжам берді (бұған дейін, 2023 жылы рейтинг Ba1 деңгейінен Baa3 деңгейіне көтеріліп, «Позитивті» болжам берілген болатын). Fitch Ratings агенттігі Корпорацияның халықаралық кредиттік рейтингін «BBB-» деңгейінен «BBB» деңгейіне дейін көтеріп, «Тұрақты» болжам берді. Корпорацияның корпоративтік басқару жүйесі тәуелсіз аудиттік компания тарапынан 94,2% деңгейінде бағаланып, бұл көрсеткіш жетекші тәжірибелердің басым бөлігіне сәйкестігін білдіреді.



2.3. МИССИЯСЫ, БОЛАШАҚҚА ПАЙЫМДАУЫ

2023 жылғы 27 желтоқсанда Корпорация Директорлар кеңесінің шешімімен 2024–2033 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді.

Стратегияға сәйкес, Корпорацияның:

МИССИЯСЫ

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің орнықты дамуына қолжетімді әрі тиімді қаржыландыру жүйесін қалыптастыру арқылы жәрдемдесу.

БОЛАШАҚҚА ПАЙЫМДАУЫ

агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың индустрияландыруына, интенсификациясына және әртараптандырылуына ықпал ететін, орнықты әрі қолжетімді қаржыландыру жүйесін дамыта отырып, тиімді қызмет үлгісіне ие АӨК-ті дамыту жөніндегі негізгі институтқа айналу.

Корпорация өз қызметінде келесі қағидаттарды басшылыққа алады:




ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

Корпорация өз қызметін толыққанды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде ұсынылған және еліміздің барлық облыстарында, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалаларда орналасқан дамыған өңірлік филиалдар желісі арқылы өз функцияларын атқарады.

19

Компанияда
филиалдардың кең
терминалдық желісі бар





ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

ӘЛІБЕК СҰЛТАН

Шаруашылықтың дамуы Аграрлық несие корпорациясының қолдауымен мүмкін болды. Қаржыландыру техниканы жаңартуға, егіс көлемін кеңейтуге және жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Әлібек фермердің еңбегін жердің берекесі деп санайды. Ол жастарды ауыл шаруашылығынан қорықпауға шақырады — өйткені соқа артында да абыройлы іс жатыр.



СУХБАТТЫҢ ТОЛЫҚ НҮСҚАСЫН КӨРУ ҮШІН
КАМЕРАНЫ БАҒЫТТАҢЫЗ
ӘЛІБЕК СҰЛТАН

БИЗНЕС-ШОЛУ

3.1. ҚЫЗМЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Корпорация агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін тікелей несиелеу, ауыл кәсіпкерлігін дамыту, микрокредиттеу, лизинг және кооперация тетіктерін ілгерілету арқылы қолдауға бағытталған даму институтының функциясын орындайды.

2023 жылғы 27 желтоқсандағы №14 Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Аграрлық несиені корпорациясы» акционерлік қоғамының 2024–2033 жылдарға арналған даму

стратегиясы аграрлық саясат және орнықты экономикалық өсім саласындағы ұлттық басымдықтарды іске асыруға бағытталған.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

КЕНЖЕӘЛІ
МҰҒАЛБАЕВ

Кенжеәлі Мұғалбаев Түркістан облысы, Бәйдібек ауданындағы «Нұрболат» қожалығында әкесінің ісін жалғастырып келеді.

« Біз байсары қой тұқымының
авторларымыз

Корпорацияның стратегиялық даму мақсаттары мен тапсырмалары

ҚОЛЖЕТІМДІ ЖӘНЕ ТИІМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

МАҚСАТ 1.1: АӨК субъектілерін қаржылық қызметтермен қамтуды ұлғайту

ТАПСЫРМА: 1.1.1. Кредиттік серіктестіктердің институционалдық дамуына жәрдемдесу;
1.1.2. ЕДБ мен басқа да қаржы институттарын АӨК қаржыландыруға тарту.

МАҚСАТ 1.2: Қаржыландыру құралдарын, оның ішінде цифрлық шешімдерді қолдана отырып дамыту

ТАПСЫРМА: 1.2.1. Дайын а/ш бизнес шешімдерін/жобаларын әзірлеу және қаржыландыру;
1.2.2. АӨК субъектілерін қолдау үшін цифрлық шешімдерді іске асыру;
1.2.3. FinTech-ұйымдармен, субсидиялау жүйелерімен, сақтандырумен және мемлекеттік органдармен интеграциялау үшін ашық API әзірлеу.

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БИЗНЕСТІ ДАМУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

МАҚСАТ 2.1: АӨК-дегі басым бағыттарды қолдау

ТАПСЫРМА: 2.1.1. Инвестициялық жобаларды, қарқынды өндірістерді және қосылған құны жоғары өндірістерді қаржыландыру;
2.1.2. Ауыл шаруашылығы экожүйелері мен шаруашылықтарының дамуын ынталандыру.

МАҚСАТ 2.2: АӨК технологиялық жаңартуға жәрдемдесу

ТАПСЫРМА: 2.2.1. Машина-трактор паркін жаңарту үлесін арттыру;
2.2.2. ҚАҚ-тың цифрлық трансформациясы.

ҚЫЗМЕТТІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

МАҚСАТ 3.1: Операциялық қызметті жетілдіру

ТАПСЫРМА: 3.1.1. Бизнес-процестерді оңтайландыру;
3.1.2. Негізгі бизнес-процестерді автоматтандыру.

МАҚСАТ 3.2: Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету

ТАПСЫРМА: 3.2.1. Табыстылық пен өтімділіктің оңтайлы деңгейін қолдау;
3.2.2. Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру.

МАҚСАТ 3.3: Корпоративтік басқарудың сапасы мен ашықтығын арттыру

ТАПСЫРМА: 3.3.1. Корпоративтік басқару деңгейін арттыру;
3.3.2. Адами капиталды дамыту;
3.3.3. Тұрақты даму саласындағы қағидаттарды нығайту.



Корпорацияның 2024 жылғы қызметінің стратегиялық негізгі көрсеткіштері

Компанияны дамытудың негізгі көрсеткіштері	Өлш. бірлігі	2024 жыл-ға болжам	Факт	Жыл қорытын-дысы бойынша оындалуы, %
НК 1. АӨК субъектілерін қаржыландыру бағдарламалары шеңберінде несиелеу көлемі: Қоғамның қаржыландыру бағдарламалары шеңберінде АӨК-ті несиелеу көлемі (АНК) Қоғамның қаржыландыру бағдарламалары шеңберінде АӨК-ті несиелеу көлемі (ҚАК)	млрд теңге млрд теңге млрд теңге	585,0 400,0 185,0	822,33 598,14 224,19	140,6 149,54 121,18
НК 2. АӨК саласындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі (жылдық): ауыл шаруашылығы саласында (АНК) ауыл шаруашылығы саласында (ҚАК) тамақ өнімдерін өндіру саласында (АНК)	млрд теңге млрд теңге млрд теңге млрд теңге	320,1 130,7 185,0 4,4	334,55 109,53 224,19 0,83	104,51 83,80 121,18 18,90
НК 3. Қолдау алған кәсіпорындардың кіріс көлемі (жылдық): қолдау алған кәсіпорындардың кіріс көлемі (АНК) (жылдық) қолдау алған кәсіпорындардың кіріс көлемі (ҚАК) (жылдық)	млрд теңге млрд теңге млрд теңге	130,3 115,2 15,1	189,22 169,25 20,48	145,22 146,92 135,60
НК 4. Қолдау алған кәсіпорындардың экспорттық түсім көлемі (жылдық): қолдау алған кәсіпорындардың экспорттық түсімі (АНК) (жылдық) қолдау алған кәсіпорындардың экспорттық түсімі (ҚАК) (жылдық)	млрд теңге млрд теңге млрд теңге	4,6 4,4 0,2	13,20 10,34 2,87	284,55 232,79 1433,50
НК 5. Қаржылық қолдау көрсетілген МҚШС субъектілерінің жалпы нарықтағы әрекет ететін МҚШС субъектілерінің санына қатынасы:	%	2,9	5,0	172,59
2024 жылдан бастап жинақталған АӨК құралдары арқылы қаржылық қолдау алған бірегей МҚШС субъектілерінің саны.	бірлік	8868	14804	166,94
НК 6. Қаржыландырудың «жасыл» жобалары бойынша су үнемдеу технологиялары қолданылатын жер учаскелерінің ауданы (2024 жылдан бастап жинақталған деректермен).	мың га	1,6	4,58	286,25
НК 7. 90+ күн мерзімі өткен берешек деңгейі (NPL 90+)	%	9,00	8,40	Норма шегінде
NPL 90+ (АНК);	%	8,80	9,06	
NPL 90+ (ҚАК).	%	9,29	7,2	
НК 8. Кредиттік және инвестициялық портфельдің жалпы активтердегі үлесі:	%	73,3	73,58	100,4
– кредиттік және инвестициялық портфельдің жалпы активтердегі үлесі (АНК)	%	58,7	60,24	102,54
– кредиттік және инвестициялық портфельдің жалпы активтердегі үлесі (ҚАК).	%	87,1	86,58	99,37
НК 9. Бизнес-процестерді автоматтандыру.	%	100	119,0	119,0

2024 жылдың қорытындысы бойынша мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізіліп қана қоймай, олар артығымен орындалды, бұл корпоративтік стратегияның тиімді жүзеге асырылғанын көрсетеді.

Негізгі қорытындылар:

- АӨК-ті несиелеудің жалпы көлемі 822,33 млрд теңгені құрап, жоспарланған 585 млрд теңгеден 140,6%-ға асып түсті.
 - Корпорация мен оның еншілес ұйымы арқылы АӨК саласына не-гізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 334,55 млрд теңгені құрап, жоспардың 104,5%-ын құрады.
 - Қаржылай қолдау алған кәсіпорындардың жалпы кірісі 189,22 млрд теңгеге жетіп, жоспардың 145,2%-ына тең болды.
 - Экспортқа бағдарланған кәсіпорындарды қолдау деңгейі 284,5% болды.
 - Қаржылық қолдау алған шағын және орта бизнес субъектілерінің үлесі 5,0%-ды құрап, жоспарланған мәннен 1,7%-ға жоғары болды.
- Корпорация құралдары арқылы қолдау алған МСБ субъектілерінің саны 14 804 бірлікті құрады (жоспар – 8 868), яғни орындалуы – 166,9%.
 - Су үнемдеу технологияларын енгізу арқылы қаржыландырылған суармалы алқаптар көлемі 4,58 мың га-ны құрап, жоспарланған 1,6 мың га көрсеткішінен 2,9 есеге асты.
 - Несие портфеліндегі мерзімі өткен берешек (NPL 90+) деңгейі бел-гіленген норматив шегінде қалып отыр.
 - Несие және инвестициялық портфельдің жалпы активтердегі үлесі жоспарға сәйкес немесе одан жоғары деңгейде.
 - Бизнес-процестерді автоматтандыру деңгейі жоспарланған 100%-дан асып, 119%-ға жетті.

Осылайша, көрсеткіштер Корпорация қызметінің тұрақты өсімін, АӨК-ті қолдаудағы рөлін және стратегиялық мақсаттардың жоғары деңгейде орындалуын айғақтайды.

3.2. БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

Корпорация ауылдық жерлерде бәсекеге қабілетті кәсіпкерлікті дамытуды ынталан-дыратын қолжетімді несиелеу жүйесін қалыптастыру бойынша мемлекеттік саясатты іске асыруда. Корпорация жұмысының негізгі қағидаты – ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді (АШТӨ) қолжетімді қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету.

Бюджет қаражатына тәуелділікті төмендету мақсатында Корпорация қаржыландыру көздерін әртараптандыруда және ішкі капи-тал нарығынан қаражат тартуда. Мақсатты бизнес-модель аясында қызмет-тің екі бағыты айқындалған: АӨК субъек-тілерін тікелей және жанама несиелеу.

Корпорация АӨК-ке елеулі әлеуметтік-э-кономикалық әсер ететін инвестициялық жобаларды қаржыландырады. АӨК субъ-ектілерін несиелеу мемлекеттік бағдарла-малар аясындағы жеңілдік шарттарымен, сондай-ақ меншікті және тартылған қара-жат есебінен жүзеге асырылады.

Корпорация сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешендегі (АӨК) салалық тәуекелдерді

сақтандыру жүйесін дамытуға қатысады, бұл ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің (АШТӨ) мүліктік мүдделерін қорғауды артты-руға және АӨК субъектілеріне қаржыландыру-дың қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүм-кіндік береді. Корпорация АӨК саласындағы сақтандыру бойынша оператор болып табы-лады, сақтандыру сыйлықақысы сомасының 80%-ын субсидиялауды жүзеге асырады және онлайн сақтандырудың ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін бақылайды.

SMART-AKK цифрлық платформасын дамыту: кредит беру үдерістерін автоматтандыру.

2024 жылы SMART-AKK жобасы аясында кредит беру және клиенттермен жұмысты сүйемелдеу үдерістерін цифрландыру бойын-

ша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Іске асы-рылған іс-шаралар автоматтандырудың негізгі модульдерін біріктіретін бірыңғай платформа-ны құруға мүмкіндік берді:

- мобильді өтінім беру арнасы әзірленіп, енгізілді;
- кепіл нысандарын онлайн қарау және қашықтан шарттар жасасу мүмкіндігі іске асырылды;
- скоринг, қаржылық талдау, кепілдіктерді бағалау және электрондық кредиттік до-сьені қалыптастыру үдерістері автоматтан-дырылды;
- құқықтық және бағалау жүйелерін қоса алғанда, 90 сыртқы сервиспен интеграция қамтамасыз етілді.

Аталған өзгерістердің нәтижесінде келесі көрсеткіштерге қол жеткізілді:

- өтінімді қарау мерзімі 26 күннен 7 күнге дейін қысқартылды;
- платформа бойынша техникалық жұмы-стардың 70%-ы аяқталды;
- қағаз түріндегі құжат айналымынан циф-рлық форматқа толық көшу қамтамасыз етілді, соның ішінде электрондық тіркеу және құжаттарға қол қою мүмкіндігі.

Сондай-ақ клиенттің офлайн-үдерістерге ең аз қатысуын және кредиттік циклдің барлық кезеңдерінде уақыт пен ұйымдастырушылық шығындарды едәуір қысқартуды көздейтін жаңа клиенттік жол әзірленді.

SMART-AKK Корпорация ұсынатын қаржылық өнімдердің тиімділігін, ашықтығын және қолжетімділігін арттырудың негізгі құралына айналды және 2025 жылы автоматтандыру-дың одан әрі дамуы үшін негіз қалады.



3.3. ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

SASB FN-CB-240a.1

«Кең дала» бағдарламасы– АӨК субъектілерін көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына несиелеу.

Қаржыландыру арналары	Қарыз сомасы	Сыйақы мөлшерлемесі	Несиелеу мерзімі
- Несиелік серіктестіктер; - Микроқаржы ұйымдары; - Екінші деңгейлі банктер; - Өңірлік инвестициялық орталықтар.	1 млн теңгеден бастап 10 млрд теңгеге дейін (қаржы институттары үшін)	Жылдық 5% (ЖТСМ – жылдық 5%-дан бастап) (несиелік серіктестіктер, өңірлік инвестициялық орталықтар, микроқаржы ұйымдары, екінші деңгейлі банктер арқылы несиелеу кезінде – маржа 3,5%-дан аспайды)	Қаржыландыру жүргізілген жылдан кейінгі жылдың 10 наурызына дейін



2024 ЖЫЛЫ БҰЛ БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА 140 МЛРД
ТЕҢГЕ СОМАҒА ҚАРЫЗДАР БЕРІЛДІ

Кесте 6 - «Кең дала 2» бағдарламасы – АӨК субъектілерін көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына несиелеу.

Қаржыландыру арналары	Қарыз сомасы	Сыйақы мөлшерлемесі	Несиелеу мерзімі
- Тікелей қарыз алушылар - Несиелік серіктестіктер - Екінші деңгейлі банктер - Микроқаржы ұйымдары - Өңірлік инвестициялық орталықтар - Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар	Тікелей қарыз алушылар, ЕДБ, МҚҰ, ӨИО үшін – Қоғамның меншікті капиталының 25%-на дейін; несиелік серіктестіктер үшін – 15 млрд теңгеден аспайды; ӘКК үшін – 75 млрд теңгеден аспайды.	Тікелей қарыз алушылар үшін – жылдық 5% (ЖТСМ – жылдық 5%-дан бастап); Несиелік серіктестіктер, ЕДБ, МҚҰ, ӨИО, ӘКК үшін – жылдық 1,5% (ЖТСМ – жылдық 1,5%) (КТ, ЕДБ, МҚҰ, ӨИО, ӘКК арқылы қарыз алушыларды несиелеу кезінде маржа 3,5%-дан аспауы тиіс).	Қаржыландыру жүргізілген жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін, 18 айдан аспайды



2024 ЖЫЛЫ БҰЛ БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА 281,6 МЛРД
ТЕҢГЕ СОМАҒА ҚАРЫЗДАР БЕРІЛДІ.

«Агробизнес» бағдарламасы – айналым қаражатын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға (оның ішінде объектілерді жаңғырту), құрылыс-монтаж жұмыстарына және қайта жаңартуға арналған несиелерді АШТӨ мен несиелік серіктестіктерге беру.

Қаржыландыру арналары	Қарыз сомасы		Сыйақы мөлшерлемесі	Несиелеу мерзімі
	Минималды сома:	Максималды сома:		
- Тікелей қарыз алушылар; - Несиелік серіктестіктер; - Лизингтік компаниялар; - Екінші деңгейдегі банктер; - Микроқаржы ұйымдары; - Өңірлік инвестициялық орталықтар; - Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар.	1 000 000 теңге (Ұлттық қор мен ДКЗ қаражаты үшін – 50 млн теңгеден бастап)	- Қарыз алушы/топ үшін инвестициялық жобалар 15 млрд теңгеге дейін; - Инвестициялық емес жобалар – 15 млрд теңгеге дейін; - Несиелік серіктестіктер үшін – 10 млрд теңгеге дейін; - ӘКК үшін – 75 млрд теңгеге дейін.	ҚР ҰБ негізгі мөлшерлемесіне + 7,5% жылдық (ЖТСМ – ҚРҰБ негізгі мөлшерлемесіне + 7,5%) КТ, МҚҰ, ЕДБ, ЕАБР, ЛК, РИЦ үшін: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі негізгі мөлшерлемесіне + 3,5% жылдық (ЖТСМ – ҚРҰБ негізгі мөлшерлемесіне + 3,5%) (КТ/ЕДБ/ЕАБР/ЛК/РИЦ қарыз алушыларына несие бергенде – маржа 4%-дан аспауы тиіс, МҚҰ қарыз алушыларына – маржа 10%-дан аспауы тиіс, бұл ретте МҚҰ/ЛК қамтамасыз ету ретінде ЕДБ/ЕАБР ұсынған кепілдік бойынша төленетін сыйақы есепке алынбайды) Тартылған қаражат (облигациялық қарыз есебінен): Тікелей қарыз алушылар үшін – 5% жылдық (ЖТСМ – 5%-дан бастап) КТ/ЕДБ/МҚҰ/РИЦ/ӘКК үшін – 1,5% жылдық (ЖТСМ – 1,5%-дан бастап) (КТ/ЕДБ/МҚҰ/РИЦ/ӘКК қарыз алушыларына несие бергенде – маржа 3,5%-дан аспауы тиіс)	120 айға дейін; - айналым қаражатын толықтыруға – 48 айға дейін; - облигациялық қарыз есебінен тартылған қаражат арқылы айналым қаражатын толықтыруға – 12 айға дейін.



2024 ЖЫЛЫ БҰЛ БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА 164,49 МЛРД ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕ НЕСИЕ БЕРІЛДІ

«Іскер» бағдарламасы – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеуге несие беру; ауыл шаруашылығы кооперативтерін ет, сүт және жеміс-көкөніс өнімдері бойынша сервистік-дайындау қызметтерін ұйымдастыруға, сондай-ақ ауылдық жерлерде ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнесті дамытуға қаржыландыру.

Қаржыландыру арналары	Қарыз сомасы	Сыйақы мөлшерлемесі	Несиелеу мерзімі
- Тікелей несиелеу; - Несиелік серіктестіктер; - Микроқаржы ұйымдары.	8000 АЕК-ке дейін	Жылдық 6% (ЖТСМ – жылдық 6%-дан бастап). Табысы төмен және/немесе көп балалы отбасылардың мүшелері үшін – жылдық 4% (ЖТСМ – жылдық 4%-дан бастап).	Барлық жобалар үшін – 60 айға дейін; Мал шаруашылығы жобалары үшін – 84 айға дейін.

2024 жылы осы бағдарлама аясында 12 094 млн теңге көлемінде несие берілді.



Сақтандыру

Ауыл шаруашылығы секторында сақтандыруды дамытудың мақсаты – агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру арқылы ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің мүлктік мүдделерін қорғау деңгейін жоғарылату. 2020 жылғы қаңтардан бастап міндетті сақтандырудан ерікті түрге көшу жүзеге асырылды, 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66-III «АӨК және ауылдық аумақтарды дамытуды мем-

лекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына тиісті өзгерістер енгізілді. АӨК саласындағы сақтандыру жүйесі 250 «Қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыру» бюджеттік бағдарламасының 108-ші «АӨК-де сақтандыруды қолдау» кіші бағдарламасы аясында іске асырылады. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі. АӨК-дегі ерікті сақтандыру жүйесі сақтандыру сыйлықақыларының 80%-ын субси-

диялау түріндегі мемлекеттік қолдауды қарастырады, бұл ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін сақтандыру полисін қолжетімді етеді. АӨК-дегі сақтандыру жүйесін мемлекеттік қолдау шаралары аясында 2024 жылдың басында сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялауға 2020–2023 жылдары бөлінген бюджет қаражатының қалдығы 3,3 млрд теңгені құрады.

Корпорация АӨК саласындағы сақтандыру бойынша Оператор болып айқындалды және келесі функцияларды орындайды:

1 Ақпараттық сақтандыру жүйесіне қолжетімділікті қамтамасыз ету және оны сүйемелдеу қызметтерін сатып алу. Сүйемелдеу Kezekte.kz платформа-сында орналастырылған ақпараттық сервис арқылы онлайн сақтандыру процесін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

2 Сақтандырушы мен сақтанушы арасында жасалған сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақыларын субсидиялау түріндегі бюджет қаражатын уақтылы төлеуді қамтамасыз ету бойынша процесті әкімшілендіру.

3 Сақтандыру компаниялары әзірлеген өнімдерді қоса алғанда, субсидиялауға жататын сақтандыру өнімдерін әзірлеу, сараптамадан өткізу және бекіту. АӨК саласындағы сақтандыруды дамыту мәселелері жөніндегі «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның Сараптамалық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру.

Қазіргі таңда агросақтандыру саласында өсімдік және мал шаруашылығы бағыттары бойынша 16 сақтандыру өнімі жұмыс істейді, олардың сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігі субсидияланады. Бұл сақтандыру өнімдерін «жалпы сақтандыру» саласында сақтандыру қызметін жүргізуге лицензиясы бар сақтандыру ұйымдары әзірлеген. Жаңа сақтандыру жүйесі нарықтың қажеттіліктеріне байланысты салаларға, ішкі салаларға, табиғи құбылыстарға, олардың жиын-

тығына, экономикалық тәуекелдерге және т.б. бағытталған әртүрлі сақтандыру өнімдерінің болуын көздейді. 2024 жылы АӨК саласында барлығы 463 сақтандыру шарты жасалды:

Өсімдік шаруашылығында – 286 шарт бойынша 564 мың га егістік сақтандырылды. Сақтандыру сыйлықақысы 3,5 млрд теңгені, оның ішінде 2,8 млрд теңгесі субсидияны құрады;

Мал шаруашылығында – 159 шарт бойынша 43 мың бас мал және 18 шарт бойынша 4 580 мың бас құс сақтандырылды. Сақтандыру сыйлықақысы 0,5 млрд теңгені, оның ішінде 0,4 млрд теңгесі субсидияланды.

Жалпы алғанда, 2024 жылы сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру компаниялары 0,78 млрд теңге көлемінде төлем жасады.

Анықтама:

Корпорация Басқарма Төрағасының бұйрықтарымен:

- 2024 жылғы 26 ақпандағы №1680-Ө бұйрықпен 2024 жылғы жаңа егіс маусымына арналған дәнді және майлы дақылдар бойынша топырақ ылғалдылығының жетіспеушілігін индекстік сақтандыру өнімдері үшін жаңа шарттар бекітілді;
- 2024 жылғы 9 сәуірдегі №1780-Ө бұйрықпен 2024 жылғы жаңа егіс маусымына арналған дәнді

- және майлы дақылдар бойынша топырақта ылғалдың артық мөлшерін индекстік сақтандыру өнімдері үшін жаңа шарттар бекітілді;
- 2024 жылғы 23 тамыздағы №2026-Ө бұйрықпен күздік дақылдар үшін жаңа егіс маусымына арналған топырақтағы ылғал тапшылығын сақтандыру өніміне жаңа шарттар бекітілді;
- 2024 жылғы 4 желтоқсандағы №2360-Ө бұйрықпен 2025 жылғы жаңа егіс маусымына арналған дәнді

- және майлы дақылдар бойынша топырақ ылғалдылығының жетіспеушілігін индекстік сақтандыру өнімдері үшін жаңа шарттар бекітілді;
- 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №2467-Ө бұйрықпен 2025 жылғы жаңа егіс маусымына арналған дәнді және майлы дақылдар бойынша топырақта ылғалдың артық мөлшерін индекстік сақтандыру өнімдері үшін жаңа шарттар бекітілді.

3.4. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

GRI 2-15, 2-25

Корпорация АӨК-ті дамытудағы сенімді әрі ашық институт ретіндегі өз беделін жоғары бағалайды және клиенттердің Корпорациядан өзіне жүктелген міндеттер мен мемлекеттік саясатты адал, әділ және бейтарап түрде жүзеге

асыруды күтетініне толық түсіністікпен қарайды. Осы мақсатта Корпорацияда Қазақстан Республикасының заңнамасын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды, ішкі және сыртқы ережелер мен рәсімдерді, іскерлік

қарым-қатынастағы негізгі моральдық-этикалық қағидаттарды және корпоративтік басқару жүйесін сақтау бойынша бақылауды қамтамасыз ететін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі құрылған.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын іске асыру шеңберінде Корпорацияның қызметін реттейтін бірқатар ішкі нормативтік құжаттар әзірленді:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- Бұрмалаушылықтар туралы хабарлау саясаты;
- Комплаенс-саясат;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар;
- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидалары;
- Комплаенс-тәуекелді басқару процедурасы.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-бақылаудың негізгі функциялары: заңсыз жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға жол бермеу және қарсы іс-қимыл жасау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықты анықтау және оның алдын

алу; мүдделер қақтығысын тиімді реттеу; Корпорация қызметкерлерінің кәсіби этика талаптарын сақтауын бақылау. Корпорациядағы корпоративтік жанжалдарды және мүдделер қақтығысын алдын алу және реттеу рәсімдерін айқындау, себептерін

уақтылы анықтау, мүдделер қақтығысының алдын алу және оны шешу, сондай-ақ Корпорацияның барлық органдарының әрекеттерін үйлестіру мақсатында Корпорацияның корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидалары бекітілген.

Корпорация әлеуметтік жауапкершілігі жоғары корпорация ретінде ашықтықты қамтамасыз етуге және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидатына ұмтылады.

Өз қызметі шеңберінде Корпорация сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі түрде жұмыс жүргізеді, оған әртүрлі кешенді іс-шаралар кіреді. Корпорация қызметтік міндеттерін орындауға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған қызметкерлер үшін, лауазымына қарамастан, жазалаудың сөзсіздігі қағидатына берік ұстанады.

2024 жылы Корпорация сыбайлас жемқорлыққа қарсы мынадай іс-шараларды іске асырды:

1. 2023 жылғы 01 қаңтардан 2024 жылғы 31

желтоқсанға дейінгі кезеңдегі қызмет нәтижелері бойынша ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді.

2. 2024 жылғы 11 қазанда Корпорация ISO 37001:2016 стандарты бойынша екінші бақылау аудитінен сәтті өтті.

3. 2024 жылғы 05 шілдеде Корпорацияның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердегі ПҚ/ТҚ (ПОД/ФТ) және ішкі бақылау жөніндегі үйлестірушілер мен олар

ды алмастыратын тұлғалардың қатысуымен «Тәуекелдерді басқару жүйелері және кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға (ПҚ/ТҚ), сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында оқыту ұйымдастырды.

4. Антикоррупциялық мониторинг тоқсан сайын тұрақты түрде жүргізіледі.

5. Қызмет алушылар мен басқа тұлғалардан келіп түскен шағымдарға берілген жауаптардың сапасына тұрақты түрде талдау жүргізіледі.

3.5. АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Корпорацияда Қауіпсіздік департаментінің құрамына кіретін және департамент директорының қарамағында болатын Ақпараттық қауіпсіздік қызметі (бұдан әрі – АҚҚ) жұмыс істейді.

АҚҚ қызметі 2021 жылғы 30 қаңтардағы Корпорация Директорлар кеңесінің №1 шешімімен бекітілген «Ақпараттық қауіпсіздік саясатына» сәйкес реттеледі.

АҚҚ құпия ақпараттың сыртқа шығып кетуінің алдын алу, ақпараттық жүйелерді қорғау жүйелерін жетілдіру және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулылары мен Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ұсынымдарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша тұрақты түрде шаралар жүргізеді. Корпорация қызметкерлері құпия ақпарат-

тың сақталуына жеке жауапты және көрсетілген талаптарды орындауға міндетті.

Ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларының деңгейін төмендетуге бағытталған ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін барынша азайту жоспарына сәйкес жыл сайын іс-шаралар өткізіледі. Сонымен қатар, құпия ақпараттың сыртқа кетуінің алдын алу жүйесі жұмыс істейді, бұл мұндай жағдайларды жедел түрде анықтауға және болдырмауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық қауіпсіздік бойынша хабардарлықты арттыру мақсатында АҚҚ жыл сайын

Корпорация қызметкерлері үшін оқыту жүргізіп, кейіннен олардың «Ақпараттық қауіпсіздік саясаты» бойынша білімін тестілеу арқылы тексереді.

Сондай-ақ, ақпараттық жүйеге рұқсатсыз кірудің алдын алу мақсатында жүйелі түрде мониторинг жүргізіледі. Ақпараттық жүйеге қол жеткізуге өтінімдер көпдеңгейлі келісу және тексеру рәсімдерінен өтеді, бұл мұндай қолжетімділіктің қажеттілігі мен негізділігін қамтамасыз етуге бағытталған.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

Олардың отбасы отыз жылдан астам уақыт бойы қой өсірумен айналысады, ал 2021 жылы жаңа ет-жүн бағытындағы байсары тұқымын өсіруді бастаған. Бүгінде қожалықта 3000 қой бар, оның жартысы – осы жаңа тұқым.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

КЕНЖЕӘЛІ МҰҒАЛБАЕВ



СҮХБАТТЫҢ ТОЛЫҚ НҮСҚАСЫН КӨРУ ҮШІН
КАМЕРАНЫ БАҒЫТТАҢЫЗ
КЕНЖЕӘЛІ МҰҒАЛБАЕВ

2023 жылғы желтоқсанда отбасы байсары тұқымын ресми тіркеп, оған патент алды — сөйтіп, тұқым авторы атанды. Бұл қойлар дене бітімі мықты, жақсы дамыған құйрығымен және жылдам салмақ жинауымен ерекшеленеді: бір жасқа жеткенде салмағы 120 кг-ға дейін жетеді.

Қожалықтың дамуына және толыққанды селекциялық базаның қалыптасуына Аграрлық несие корпорациясы ықпал

етті — оның қаржыландыруы мал басын көбейтуге, инфрақұрылымды жақсартуға және шаруашылықтың тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Кенжеәлі өз ісі туралы мақтанышпен айтады, фермерлік — ол үшін жай ғана отбасылық дәстүр емес, Қазақстан мал шаруашылығын дамытуға қосқан үлес. Ол байсары тұқымын ұлттық жетістік деп есептейді.

САЛАНЫ ТАЛДАУ

Ауыл шаруашылығы (бұдан әрі – АШ) – Қазақстан экономикасының стратегиялық маңызды саласы болып табылады, себебі ол азық-түлік қауіпсіздігін, ауылдық жерлердегі жұмыспен қамтуды және экспорттық әлеуетті қамтамасыз етеді.

ІЖӨ-дегі үлесі шамамен 5% болғанына қарамастан, АШ халықтың едәуір бөлігін қамтиды және өңірлердің тұрақты дамуына маңызды рөл атқарады. Сала климаттық жағдайлармен, инфрақұрылымның тозуымен және қаржыландыруға шектеулі қолжетімділікпен байланысты бірқатар сын-қатерлерге тап болуда. Аграрлық секторды мемлекеттік қол-

дау жүйесінде Корпорацияға аса маңызды рөл берілген. Корпорацияның негізгі міндеттеріне мыналар кіреді:

- ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолжетімді несиемен қамтамасыз ету;
- маусымдық егіс және жинау жұмыстарын қаржыландыру;
- агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларды қолдау;

- еншілес ұйымдар арқылы субсидиялау және жеңілдетілген лизинг тетіктерін іске асыру

Корпорация ауыл шаруашылығын жаңғыртуға және оның өнімділігін арттыруға, сондай-ақ фермерлер мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қаржылық тұрақтылығын нығайтуға ықпал етеді.

« Жүйенің бүкіл құрылымын түсініп, зерттеп, үйрену керек болды



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

ЕРЖАН
КОСШЫҒУЛОВ

Eurasian Green Product жылыжай кешенінде жыл бойы «Доброгрядка» брендімен танымал қызанақтар өсіріледі.




4.1. АӨК-ДЕГІ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ

2012 жылдан бастап Қазақстандағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерден басқа) жалпы шығару көлемі (барлық шаруашылық санаттарында) жалпы алғанда оң динамика көрсетуде.

Ауыл шаруашылығындағы өндіріс динамикасы, млрд теңге

- Өсімдік шаруашылығы
- Ауыл шаруашылығы
- Мал шаруашылығы
- Нақты көлем индексі, %

* 2024 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары бойынша жедел деректер
Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы



Мал шаруашылығы саласындағы тұрақты өсу қарқыны жағдайында өсімдік шаруашылығы табиғи-климаттық факторларға айтарлықтай тәуелді, бұл негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігінің ауытқуына әсер етеді. Республикадағы негізгі егіс алқаптары дәнді

дақылдарға бөлінеді, олардың ішінде бидай басым. Мәселен, 2024 жылы дәнді дақылдардың 13,2 млн га немесе 79%-ы (немесе барлық ауыл шаруашылығы дақылдары егісінің 57%-ы) бидайға тиесілі болды. Бидай өндірісінің көлемі ішкі тұтыну деңгейінен асып түседі, ал

артық көлемі экспортқа шығарылады. Қазақстан дәстүрлі түрде астық пен ұн экспорты бойынша әлемдегі ірі экспорттаушылардың қатарына кіреді.

Саладағы оң үрдістерге қарамастан, Қазақстан ауыл шаруашылығы бірқатар мәселелермен сипатталады:

ТӨМЕН ЕҢБЕК
ӨНІМДІЛІГІ

АӨК-ДЕГІ ӨНДІРІСТІҢ ҰСАҚ
ТАУАРЛЫ ӨНДІРІС

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫН-
ДАҒЫ ТЕЖЕУШІ ФАКТОРЛАР

ӨНДІРІСТІ
СЕРТИФИКАТТАУ

1. Еңбек өнімділігінің төмендігі ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігінің төмендігімен, ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділік деңгейімен, ескі, көп еңбек талап ететін технологияларды пайдаланумен және саланың субъектілері тарапынан инновациялық белсенділіктің төмендігімен байланысты.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы тракторлар, комбайндар және өзге де ауыл шаруашылығы техникасының (бұдан әрі – АШТ) едәуір, бірақ жеткіліксіз паркіне ие. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің де-

ректері бойынша, 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша елде 569 863 бірлік АШТ тіркелген, ал 2024 жылғы 1 қаңтарда – 657 413 бірлік болған (2024 жылы 87 550бірлік есептен шығарылған).

Мәліметтерді талдау барысында ауыл шаруашылығы техникасының жекелеген түрлері бойынша 10 жылдан астам бұрын шығарылған техника үлесі 60%-дан асып түсетіні анықталды:

Қазақстандағы ауыл шаруашылығы техникасының тозу құрылымы

Атауы	2025 жылғы 1 қаңтарға АШТ саны (бірлік)	Соңғы 10 жылда сатып алынған АШТ саны (бірлік)	10 жылдан астам пайдаланылатын АШТ үлесі (%)
Тракторлар	138 887	43 456	68,7%
Астық жинайтын комбайндар	30 866	11 126	64%
Мал азығын жинайтын комбайндар	1 255	325	74,1%
Тұқым себу кешендері	5 623	2 339	58,4%
Жаткалар	17 086	3 324	80,5%
Себу машиналары	70 671	12 909	81,7%

2024 жылы Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы техникасы (АШТ) нарығының көлемі 22 133 бірлікті құрады (2023 жылы 19 627 бірлік сатылған, яғни 2 506 бірлікке өскен). Оның ішінде еншілес ұйым арқылы лизингке 10 543 бірлік АШТ берілді, осылайша АШТ нарығындағы еншілес ұйымның үлесі 47,6%-ды құрады.

АШТ нарығының көлемі

22 133
бірлік

Еншілес
ұйымның үлесі

47,6%



2024 жылғы ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту және еншілес ұйымның үлесі

Атауы	2024 жыл
Қазақстандағы ауыл шаруашылығы техникасы паркі (барлығы):	569 863
соның ішінде негізгі түрлері бойынша	248 772
Қазақстанда сатып алынған ауыл шаруашылығы техникасы (барлығы):	22 133
соның ішінде негізгі түрлері бойынша	11 025
Еншілес ұйыммен сатып алынған ауыл шаруашылығы техникасы (барлығы):	10 543
соның ішінде негізгі түрлері бойынша (тракторлар, комбайндар, тұқым сепкіштер, егістік кешендер)	6 061
Ауыл шаруашылығы техникасын сатып алудағы еншілес ұйымның үлесі (барлығы):	47,6%
соның ішінде негізгі түрлері бойынша	55,0%

2. АӨК-дегі өндірістің ұсақ тауарлы өндіріс.

2024 жылы ірі қара мен құстың 44%-ы, сиыр сүтінің 61%-ы, картоптың 40%-ы, қызанақтың 56%-ы және қиярдың 55%-ы жеке қосалқы шаруашылықтарда өндірілген.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

Мұнда жүзден астам маман еңбек етеді, олардың әрқайсысы — сапа тізбегінің маңызды буыны. Ержан Қосшығұлов — өнімді ұқыпты тасымалдауға жауап беретін электр тартқыш жүргізушісі.

3. Мал шаруашылығы саласындағы негізгі тежеуші факторлар мыналар:

- асыл тұқымды мал басының үлесінің төмендігі. Мысалы, 2024 жылы ірі қара мал (ІҚМ) басындағы асыл тұқымды мал үлесі – 13%, ұсақ мал (ҰМ) арасында бұл көрсеткіш – 14%;
- негізгі мал басының жеке қосалқы шаруашылықтарда шоғырлануы, мұнда түріне байланысты 45%-ға дейінгі үлес тиесілі;
- жоғары өнімді мал басын жылдам көбейтуге арналған репродуктивтік базаның әлсіздігі;
- мал шаруашылығының азықтық қажеттіліктеріне азық өндірісі көлемінің сәйкес келмеуі.

4. Өндірісті импорттаушы елдердің талаптарына сәйкестендіру үшін сертификаттау.


Тұтыну нарықтарының, мысалы, Қытай мен Орталық Азия елдерінің жақын орналасуына байланысты экспорттық нарықтарға жеткізу үшін ең жоғары өсу әлеуеті сиыр, қой және шошқа етін өндіруге тиесілі.

Тамақ өнеркәсібінде өндіріс көлемінің тұрақты жыл сайынғы өсуі байқалуда.

Азық-түлік өнімдерін өндіру, млрд теңге

● Азық-түлік, млрд теңге
● Физикалық өндіріс индексі, %

* 2024 жылдың қаңтар–желтоқсан айларындағы жедел деректер (физикалық өндіріс индексі, алдыңғы жылдың сәйкес кезеңіне % есебімен)
Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы



Саланың өсуіне мемлекеттік даму бағдарламалары аясында жүзеге асырылатын мемлекеттік қолдау шаралары ықпал етуде. Бұл 2024 жылы негізгі капиталға инвестициялар көлемінің 2013 жылмен салыстырғанда 3,2 есеге (6 072 млрд теңгеден 19 375 млрд теңгеге дейін) өсуіне әсер етті.

Қазақстанның тамақ өнеркәсібіне Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің өндірушілерімен бәсекелестіктің артуы тән.

Ет, май, көкөніс және басқа да шикізат ресурстарының болуына қарамастан, елде бірқатар өнім түрлері бойынша импорттың жоғары үлесі байқалады. 2024 жылы шұжық өнімдері бойынша үлес салмағы – 40,8 %, ет консервілері –

47,4 %, өсімдік майлары – 17,2 %, жеміс-көкөніс консервілері – 86,1 %, құс еті – 27,5 %. Сонымен қатар, ірімшік пен сүзбе бойынша импортқа тәуелділік жоғары (2024 жылы – 49,7 %), құрғақ сүт бойынша – 80,8 %.

Отандық азық-түлік өндірушілерінің бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсер ететін факторлар:

Шикізатты дайындау, тасымалдау, сақтау және өткізу инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы.

Сауда желілеріндегі монополия.

Жабдықтардың тозуы.

Шикізатты маусымдық сатып алуға айналым қаражатының жетіспеуі.

Отандық шикізаттың сапасының төмендігі, бұл оны өнеркәсіптік өңдеуді қиындатады.

Жаңа және инновациялық технологияларды қолданудың төмен деңгейі.

Ішкі нарықта сапасыз арзан импорттық азық-түлік өнімдерінің болуы.

4.2. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЫН ӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУ – САЛАНЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ДРАЙВЕРІ

Корпорация қызметтерінің АӨК саласындағы негізгі тұтынушылары – шаруа және фермер қожалықтары, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары болып табылады. 2025 жылдың басындағы жағдай бойынша Қазақстанда ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер ретінде 1 604 746 үй шаруашылығы, 260 335 шаруа және фермер қожалығы, 18

065 жеке кәсіпкер және 20 992 заңды тұлға тіркелген. Жалпы алғанда, 2025 жылдың басындағы жағдай бойынша Корпорация мен оның еншілес ұйымының несиелік портфелі 78,3 мыңнан астам соңғы қарыз алушылардан тұрады, оның ішінде шамамен 56,0 мыңы тікелей қаржыландырылған, ал 22,3 мыңы – Кор-

порацияның екінші деңгейлі банктер (ЕДБ), несиелік серіктестіктер (НС) және микро-қаржылық ұйымдар (МҚҰ) арқылы қаржыландырылған. Бұл ұйымдар АӨК субъектілері үшін несиелік ресурстардың негізгі көздері болып табылады.

Соған қарамастан, соңғы жылдары АӨК нарығындағы негізгі кредиторлар ретінде Корпорация мен ҚазАгроҚаржы қала беруде.

Корпорацияның (оның ішінде ҚазАгроҚаржы) және ЕДБ ауыл шаруашылығына кредит беру көлемі млрд теңгеге

	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
Корпорация (с.о. ЕҰ)	161,2	168,8	224,3	245,7	385,2	448,6	445,7	464,2	528,1	554,7	822,3
ЕДБ (Корпорация қаржыландыруын алып тастағанда)	450,6	159,7	198,2	139,2	76,4	88,8	138,2	240,5	246	311,9	301,1
Барлығы	611,9	328,4	422,5	384,9	461,7	537,5	583,9	704,6	768,3	866,6	1 123,4

* Корпорация қаржыландыруын есепке алмағанда ЕДБ деректері

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның Іс-шаралар жоспары

2014–2024 жылдар аралығында ауыл шаруашылығын несиелеу көлемінің айтарлықтай өсуі байқалды, бұл ретте Корпорация мен оның еншілес ұйымы – ҚазАгроҚаржының рөлі күшейе түсті. 2014 жылы агронесиелеудің жиынтық көлемі шамамен 612 млрд теңгені құраса, оның ішінде Корпорацияның үлесі небәрі 161,2 млрд теңге болды. Ал 2024 жылы бұл көрсеткіш 822,3 млрд теңгеге дейін өсті, оның ішінде екінші деңгейлі банктердің (ЕДБ) үлесі 301,1 млрд теңгені немесе жалпы

агронесиелеу көлемінің шамамен 36%-ын құрады. Корпорация тарапынан қаржыландыруды есепке алмағанда, ЕДБ тарапынан несиелеу белсенділігінің қысқаруы немесе тоқырауы жағдайында мемлекеттік құралдар арқылы берілетін қаржыландыру тұрақты өсімді көрсетуде. Бұл үрдіс әсіресе 2020 жылдан бастап айқын байқалып отыр, бұл Корпорацияның аграрлық секторды қолдайтын жүйелі институт ретіндегі рөлінің артқанын

білдіреді. Айта кету керек, республика ЖІӨ құрылымындағы ауыл шаруашылығының үлесі 2013 жылдан бері айтарлықтай өзгерген жоқ (2013 жылы – 4,5 %, 2024 жылы (жедел деректер бойынша) – 5 %). Сонымен қатар, 2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша ЕДБ несие портфеліндегі ауыл шаруашылығының үлесі 3,5 %-ды ғана құрады, бұл өз кезегінде саланың ЕДБ тарапынан елеулі түрде қаржыландырылмай отырғанын көрсетеді.

2025 жылы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту жоспарланып отыр. Бұл шара Корпорацияның жарғылық капиталын 50 млрд теңгеге арттыру мақсатында жүргізіледі. Қаражат ішкі өндірісті дамытуға, импортты азайтуға және АӨК-тің экспорттық әлеуетін арттыруға бағытталатын болады. Сонымен қатар, Корпорация тарапынан мынадай басым инвестициялық бағыттар бойынша инвестициялық жобаларды қаржыландыру жалғасатын болады:

- ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу

және азық-түлік өнімдерін өндіру (әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне басымдық беріледі);

- суармалауды дамыту (жаңбырлатып суару қондырғылары, ирригациялық құрылыстар, тамшылатып суару);
- өнеркәсіптік жылыжайлар (көкөністер бағасының маусымдық ауытқуын төмендету);
- инфрақұрылымды дамыту (қаптама, сақтау, тасымалдау);
- өнеркәсіптік ауқымда мал азығын өндіруді дамыту; ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алу.

Корпорацияның бизнес-процестерін автоматтандыру бойынша жұмыс қаржылық қызмет көрсетудің үздік тәжірибелері мен стандарттарына сәйкес жалғасатын болады.

Жалпы алғанда, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қаржыландыруға және ауылды дамытуға басымдық беру бағыты сақталады. Ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік саланы қаржыландыру қарқыны мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары шеңберінде бөлінетін қаражат ескеріле отырып, қолдауға ие болады.

ЕДБ тарапынан ауыл шаруашылығын қаржыландырудың өсуіне мынадай себептер кедергі келтіреді:

- Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі салалық тәуекелдерді консервативті бағалау, бұл өз кезегінде талдаудың әлсіз әдістемесімен, ауыл шаруашылығы жобаларын қаржыландыру тәжірибесінің жеткіліксіздігімен, ірі астық холдингтерінің дефолтымен байланысты.
- Салалық тәуекелдерді хеджирлеудің тиімді құралдарының жетіспеуі.
- Ауылдық жерлердегі кепілмен қамтамасыз етудің төмен өтімділігі, оның ішінде жер нарығы мен жер пайдалану құқықтарының жеткіліксіз дамуына байланысты, бұл көптеген ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін негізгі кепіл мүлкі болып табылады.
- Ұзақ мерзімді өтелу мерзімі бар жобаларды қаржыландыру үшін қажетті теңгемен ұзақ мерзімді қаржыландыру көздерінің жетіспеуі.
- Корпорациямен салыстырғанда несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің жоғары болуы.
- Ауылдық жерлерде өңірлік желіні дамыту мен қолдауға кететін шығындардың жоғары болуы.

Жоғарыда аталған шараларға қосымша ретінде, ауыл шаруашылығы техникасын жаңартуға ерекше назар аудару қажет. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты:

«Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес, агроөнеркәсіптік кешеннің тиімділігін арттыру үшін ауыл шаруашылығы техникасының паркін жаңарту деңгейін жыл сайын 8–10%-ға дейін жеткізу қажет. Бұл көрсеткішке қол жеткізу, сондай-ақ арнайы техника мен жабдықтарды лизинг арқылы жаңарту ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің заманауи технологияларға қол жеткізуін қамтамасыз етіп, еңбек өнімділігін арттыруға және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде саланың негізгі өсу драйвері болып табылады.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

ЕРЖАН КОСШЫҒУЛОВ

Ол қызанақтарды зақымсыз, шаңсыз және мінсіз күйінде жеткізуді қамтамасыз етеді. Ол жәшіктерді жай ғана тасымалдамайды, әрбір жемісті құндылық ретінде қарастырады. Бастапқыда оған оңай болмады. «Жүйенің бүкіл құрылымын түсініп, зерттеп, үйрену керек болды, – деп еске алады Ержан, – бірақ меңгерген соң, жұмысымнан шынайы ләззат ала бастадым».

Жылыжай кешені Аграрлық несие корпорациясының қолдауымен салынды, ол мемлекеттік агроэкспортты дамыту бағдарламасы аясында

қаржыландыру ұсынды. Бұл заманауи өндірісті іске қосуға, озық технологияларды енгізуге және жүзден астам адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Ержанның еңбегі – адалдықты, дәлдікті және жауапкершілікті талап етеді. Осындай адамдардың арқасында қазақстандық өнімдер сәтті экспортталады, ал бренд тұтынушылардың сеніміне ие болуда. Оның жұмысында кездейсоқтық жоқ – тек ынта, ұқыптылық және іске деген сүйіспеншілік бар.



СУХБАТТЫҢ ТОЛЫҚ НҮСҚАСЫН КӨРУ ҮШІН
КАМЕРАНЫ БАҒЫТТАҢЫЗ
ЕРЖАН КОСШЫҒУЛОВ

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

2-7, 2-8, 2-13, 2-14, 2-16, 2-23, 2-24, 2-26, 2-27, 2-29, 201-1, 201-4, 303-5, 401-1, 402-1, 403-1, 403-5, SASB FN-CB-410a.2

БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) анықтамасына сәйкес, агробизнес «фермадан үстелге дейін» қағидаты бойынша жүзеге асырылатын ұжымдық кәсіпкерлік қызмет ретінде қарастырылады. Басқаша айтқанда, агробизнес фермерден бастап тұтынушыға дейінгі өндіріс тізбегінің барлық кезеңдерін қамтып, мүдделі тараптардың (стейкхолдерлердің) күрделі құрылымын қалыптастырады.

Тікелей экономикалық көрсеткіштерді – пайда көлемі, өндірістің әртараптандырылуы және өнімділіктің өсуі сияқты – талдай отырып, орнықты даму жөніндегі есеп аясында Корпорацияның қызметінің өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына жанама әсерін де бағалау маңызды. Бұл ретте азық-түлік пен экологиялық қауіпсіздік факторлары, сон-

дай-ақ жергілікті халық пен жер, су, биоресурстар және басқа да табиғи ресурстарға әсері ескерілуі тиіс. «Қазақстан – 2050» стратегиясын іске асыру аясында еліміздің су ресурстарына жауапты жаңа инспекцияны қалыптастыру міндеті қойылды. АӨК саласында ылғал үнемдеу технологияларына кешенді көшу жүзеге асырылу-

да. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының даму жоспарына сәйкес, БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсер ететін жобаларға басымдық беру қажет.



БҰҰ-ның Жаһандық келісімі мен БҰҰ-ның Жауапты инвестициялау қағидаттарының талаптарын ескере отырып, қауіпсіздік саласындағы басқару жүйесін бекіту мақсатында Корпорация АӨК жобаларын несиелендіру кезінде келесі БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) басшылыққа алады:

БҰҰ-НЫҢ ТДМ 6 МАҚСАТЫ,

су ресурстарының бар болуын және оларды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған;;



БҰҰ-НЫҢ ТДМ 7 МАҚСАТЫ,

баршаға қолжетімді, сенімді, тұрақты және арзан энергия көздерін қамтамасыз ету, соның ішінде күн, жел және су энергиясын тиімді пайдалану;



БҰҰ-НЫҢ ТДМ 12 МАҚСАТЫ

табиғи ресурстарды, соның ішінде су мен топырақты ұтымды пайдалану, жердің тозуын болдырмау, топырақ құнарлылығын жақсарту және су тапшылығының алдын алу арқылы жауапты тұтыну мен өндірісті қамтамасыз ету.



Аталған Тұрақты даму мақсаттары Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына (оның ішінде «Қазақстан – 2050» стратегиясы мен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының даму жоспарына) енгізілуіне байланысты, Корпорация экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді барынша

азайта отырып, қоршаған ортаға зиянды әсерді төмендетуге бағытталған АӨК жобаларын қаржыландырады.

Бұл жобаларға мыналар жатады: ресурсты үнемдейтін технологияларды дамыту және енгізу, суды ұтымды пайдалану, ауыл шару-

ашылығы алқаптарының тозуын азайту шараларын енгізу, органикалық тыңайтқыштарды қолдану, жайылымдық жерлерді өңдеуде агротехнологияларды қолдану, сондай-ақ ауыл халқының табысын арттыра отырып жаңа жұмыс орындарын құру.

Корпорация 2023 жылдан бері Қазақстанда тұрақты даму қағидаттарын белсенді түрде ілгерілететін Ұлттық ESG-клубтың мүшесі болып табылады.



Корпорацияда инвестициялық жобаларды қарау кезінде экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық (ESG) факторларды міндетті түрде ескеруді көздейтін Экологиялық және әлеуметтік саясаттың өзекті редакциясы қолданыста. Бұл Саясат ESG қағидаттарына сәйкес келмейтін жобаларға қаржыландыру-

дан бас тарту мүмкіндігін қарастырады, егер мұндай негіздер ішкі құжаттарда бекітілсе. Сондай-ақ, жобаларды қарау кезеңінде клиенттің жауапты несиелендіру қағидаттарына сәйкестігі алдын ала бағаланады. Мұндай тәсіл экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді азайтуға және жобалық портфельдің орнықтылығын күшейтуге бағытталған.

Корпорацияның корпоративтік сайтында «Тұрақты даму» бөлімі бар, онда тұрақты даму бойынша барлық қызметі туралы ақпарат орналастырылған.

Сонымен қатар, 2024 жылы «Аграрлық несиелік корпорациясы» акционерлік қоғамының «жасыл» қаржыландыру саласындағы Саясаты бекітілді (Корпорация Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 30 сәуірдегі №5 бетпе-бет отырысы хаттамасынан үзінді).

«Аграрлық несиелік корпорациясы» акционерлік қоғамының «жасыл» қаржыландыру саласындағы Саясаты – бұл тек Корпорацияның ғана емес, оның еншілес ұйымының да бірегей құжаты болып табылады, себебі ол «жасыл» қаржыландырудың толық циклін қамтиды – жобаларды іріктеуден бастап, сыртқы бағалауға және жыл сайынғы есептілікке дейін. Құжат

«жасыл» облигациялар мен «жасыл» несиелер сияқты құралдарды пайдаланудың ашық механизмдерін белгілейді, олар міндетті түрде бекітілген Таксономияға, Халықаралық қаржы корпорациясының (IFC) қызмет стандарттарына және Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Саясаттың маңызды ерекшелігі – тұрақты даму қағидаттарын, оның ішінде ESG (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару) және БҰҰ бекіткен ТДМ интеграциялау. Саясат үміткерлер мен қарыз алушылардан экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқаруды, сондай-ақ жобаларды іске асыру кезінде жұртшылықтың пікірін ескеруді талап етеді. Инвестициялық процестің ашықтығы мен әлеуметтік жауапкершілікке ерекше назар аударылады – тек өмір сүру сапасын жақсартуға және қоршаған ортаны қорғауға үлес қосатын жобалар қаржыландырылады.

Сондай-ақ халықаралық стандарттар бойынша, оның ішінде Climate Bonds Standard бойынша сыртқы сертификаттау мүмкіндігі көзделген, бұл үшін Астана халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) жанындағы «жасыл» қаржы орталығы тартылуы мүмкін.

Саясат заңнама мен халықаралық тәжірибедегі өзгерістерді ескере отырып, тұрақты түрде жаңартылып отырады және тек Корпорацияның емес, оның еншілес ұйымдарының да қызметін қамтиды, бұл «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі «акционерлік қоғамы шеңберінде «жасыл» қаржыландыруға бірыңғай тәсілді қамтамасыз етеді.

Корпорацияда тұрақты дамуды басқару қызметті жалпы басқару жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және оның ажырамас бөлігі болып табылады. Корпорацияның Директорлар кеңесі тұрақты даму қағидаттарын енгізу бойынша стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асырады.

Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитет тұрақты даму саласындағы іс-шараларды үйлестіру үшін жауап береді. Корпорацияның Басқармасы тұрақты даму саласындағы тиісті іс-шаралар жоспарын бекітеді.

Корпорациядағы тұрақты дамуды басқару құрылымы

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ
ТӘУЕКЕЛДЕР
ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

КОРПОРАЦИЯ
БАСҚАРМАСЫ

ҚҰРЫЛЫМДЫҚ
БӨЛІМШЕНІҢ
БАСШЫСЫ

Тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін Корпорацияның құрылымдық бөлімшесінің басшысы осы Саясатты басқаруды қамтамасыз ету үшін жауапты.

Корпорацияның құрылымдық бөлімшелері тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асырады. Өз құзыреттері шеңберінде, тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асыру үшін тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшылары дербес жауапты болып табылады. Корпорацияның құрылымдық бөлімшелері тұрақты даму саласындағы іс-шараларды

іске асыру нәтижелері туралы, сондай-ақ жылдық есеп пен Корпорацияның тұрақты даму есебіне енгізуге арналған ақпаратты ұсынады. Тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшенің сұрауы бойынша, қажет болған жағдайда, олар Корпорацияның осы саладағы қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

5.1. ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК САЯСАТ

Тұрақты даму саласындағы Саясатты іске асыру шеңберінде Басқарманың шешімімен ESG факторларын (қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік бағыттылық және адал корпоративтік басқару қағидаттарының жиынтығы, халықаралық қауымдастықпен танылған стандарттарға негізделген) көздейтін Корпорацияның тұрақты даму жөніндегі Іс-шаралар жоспары бекітілді. ESG факторлары Корпорацияның ұзақ мерзімді тұрақты дамуы үшін экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттардың үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

Жоғары басқарушы органның әсерлерді басқару жөніндегі бақылауды жүзеге асырудағы рөлі (GRI 2-12, 2-14).

Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 19 шілдедегі №12 шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы Саясаты бекітілді. Жыл сайын корпорация жылдық есеп шеңберінде барлық стейкхолдерлер үшін саясатты іске асыру туралы ақпарат береді.

2024 жылы Корпорация тұрақты даму жөніндегі қаржылық емес ақпаратқа аудит (верификация) жүргізді. Аудит шеңберінде Корпорацияның қаржылық емес ақпаратты және тұрақты дамуды ашу жүйесінің халықаралық алдыңғы қатарлы стандарттар мен ESG ақпараты мен тұрақты даму мақсаттары саласындағы ұлттық заңнама талаптарына сәйкестігіне тәуелсіз бағалау жүргізілді.

Тәуелсіз бағалау тұрақты даму қағидаттарының Корпорация қызметіне енгізілу деңгейін қарастырды, аудит пен тексерудің нәтижелері және алдағы үш жылға қаржылық емес ақпаратты ашу және тұрақты даму практикаларын одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар қамтылған Есеп ұсынылды.

Аудит нәтижелері бойынша тәуелсіз компания ESG тәуекелдерін басқару, парниктік газдар шығарындылары туралы ақпаратты ашу, есептілік сапасын жақсарту және ESG-практикалардың деңгейін арттыру бойынша бизнес-процестерді жетілдіруге қатысты ұсыныстар берді.

GRI 2-12, 2-13, 2-14, 2-16, 2-17, 2-18

ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ БЕРУ GRI 2-13

Корпорацияда тұрақты даму саласындағы Іс-шаралар жоспарын іске асыруды мониторингтеу функциялары Стратегиялық және корпоративтік даму департаментіне жүктелген. Корпорация басшылығына есептер тоқсан сайын ұсынылады.

ЖОҒАРҒЫ БАСШЫЛЫҚТЫ АЛАҢДАУШЫЛЫҚ GRI 2-13

тудыратын маңызды мәселелер туралы хабардар ету (GRI 2-16)
Алаңдаушылық тудыратын маңызды мәселелер жедел тәртіппен жазбаша түрде жоғары басшылыққа жеткізіледі.

5.2. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР, ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӘНЕ АСПЕКТІЛЕР

GRI 2-29

Корпорация өз қызметінің экономика мен экологияға әсерінің маңыздылығын түсінеді және 2024–2033 жылдарға арналған Даму стратегиясын және/немесе даму жоспарын тиімді іске

асыруға ұмтылады. Ол ұзақ мерзімді перспективада тұрақты дамуға қол жеткізу үшін экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының үйлесімділігін қамтамасыз етеді және

мүдделі тараптардың мүдделерінің теңгерімін сақтайды. Мүдделі тараптармен жауапты, саналы және ұтымды өзара іс-қимыл жасау тәсілі Корпорацияның тұрақты дамуына ықпал етеді..

Корпорация әсер ету саласына байланысты мүдделі тараптардың үш тобын айқындайды:

Өкілеттіктер мен жауапкершілік саласы

Жалғыз акционер, басқару органдары, менеджмент және персонал.

Тікелей әсер ету саласы

Мемлекеттік органдар, инвесторлар, қаржы институттары, жеткізушілер, әріптестер, клиенттер, тұтынушылар, аудиторлар және консалтингтік ұйымдар.

Жанама әсер ету саласы

Халық, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары және бәсекелестер.

Корпорация қамтамасыз ететін тұрақты даму үш құрамдас бөліктен тұрады:

ЭКОНОМИКАЛЫҚ:

қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, акционер мен инвесторлардың мүдделерін қорғау, процестердің тиімділігін арттыру, неғұрлым жетілдірілген технологияларды құру мен дамытуға инвестициялардың өсуі, еңбек өнімділігін арттыру;

1

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ:

биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді азайту, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану, экологиялық таза, энергияны және материалдарды үнемдейтін технологияларды қолдану, экологиялық тұрғыдан қолайлы өнімді шығару, қалдықтарды барынша азайту, қайта өңдеу және жою;

2

ӘЛЕУМЕТТІК:

еңбек қауіпсіздігін және қызметкерлердің денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету, әділ еңбекақы және қызметкерлердің құқықтарына құрмет, кадрлардың жеке дамуы, қызметкерлерге арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, жаңа жұмыс орындарын құру, демеушілік және қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізу секілді әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын қамтамасыз ету.

3

Мүдделі тараптардың тізімін, олардың ықпал ету дәрежесі мен ықпал ету салаларын анықтау мақсатында, Корпорацияда 2021 жылғы 8 қарашадағы Басқарма шешімімен (№53 хаттама) бекітілген Корпорацияның стейкхолдерлер картасы әзірленді.

Өзара іс-қимыл нысандары

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі нысандары: бірлескен жобалар, ынтымақтастық туралы меморандумдар, бірлескен жұмыс топтары, Корпорация қызметі туралы есептілік, кездесулер, жиыналыстар, жарияланған публикацияларды, сұхбаттар және т.б.

Өзара іс-қимыл салалары


Стейкхолдерлермен өзара іс-қимылдың негізгі салалары: стратегиялық жоспарлау, қаржы қызметі, жобаларды басқару, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу, заң шығару қызметі, операциялық қызмет, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу.

Ықпал ету маңыздылығын бағалау

Ықпал ету маңыздылығы х/у екі шкала бойынша бағаланады:
 $x = -5; +5$, 1 немесе одан кіші қадаммен – бұл стейкхолдердің Корпорацияға қолдау/қарсылық көрсету дәрежесін сипаттайды (–5 – қарсылықтың ең жоғары дәрежесі, +5 – қолдаудың ең жоғары дәрежесі);
 $y = 0; 5$, 1 немесе одан кіші қадаммен – бұл стейкхолдердің Корпорацияға ықпал ету дәрежесін сипаттайды.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ	Мемлекеттік және салалық даму бағдарламаларын қабылдау, сондай-ақ Корпорацияның стратегиялық құжаттарын әзірлеу және бекіту арқылы Корпорацияның ұзақмерзімді басымдықтары мен стратегиялық даму бағыттарын айқындау.
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	Корпорациядағы тұрақты күнделікті қызмет, яғни стандартты процестерді басқару жөніндегі операциялық қызмет.
НОРМАТИВТІК РЕТТЕУ	Корпорация қызметінің жекелеген қырларын тікелей немесе жанама түрде реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау.
ЖОБАЛАР МЕН/НЕМЕСЕ БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІ БАСҚАРУ САПАСЫ	Жобаларды және/немесе бизнес-процестерді басқару қызметтерін көрсету кезінде Корпорация қызметкерлері мен Басқармасының құзыреттілік және тиімділік деңгейі.
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР	Корпорацияның операциялық қызметінің тиімділігін сипаттайтын сандық көрсеткіштер.
РЕПУТАЦИЯ	Қоғамда қалыптасқан, Корпорацияның сапасы, артықшылықтары мен кемшіліктері туралы жалпы пікір.

Стейкхолдерлер картасы және корпорацияның мүдделеріне әсер ету дәрежесі



Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу әдістері келесі формаларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

Өзара әрекеттесу деңгейі	Өзара әрекеттесу әдістері
Консультациялар: екіжақты өзара әрекеттесу, мүдделі тараптар сұрақтарға жауап береді.	Сауалнамалар, фокус-топтар, мүдделі тараптармен кездесулер, көпшілік кездесулер, семинарлар, коммуникация құралдары арқылы кері байланыс ұсыну, консультативтік кеңестер.
Келіссөздер	Әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізіндегі ұжымдық келіссөздер
Тартылу: екіжақты немесе көпжақты өзара әрекеттесу; барлық тараптардың тәжірибесі мен білімін арттыру, мүдделі тараптар мен ұйымдар тәуелсіз әрекет етеді	Көпжақты форумдар, консультациялық панельдер, келісімге қол жеткізу процесі, бірлесіп шешім қабылдау процесі, фокус-топтар, кері байланыс беру жүйелері
Ынтымақтастық: екіжақты немесе көпжақты өзара әрекеттесу; тәжірибе мен білімді бірлесіп арттыру, бірлескен шешім қабылдау және іс-шаралар	Бірлескен жобалар, бірлескен кәсіпорындар, әріптестік, мүдделі тараптардың бірлескен бастамалары
Өкілеттіктер беру: мүдделі тараптар (қажет болған жағдайда) басқару процесіне қатысады	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу мәселелерін басқару, стратегия және операциялық қызметке кіріктіру

Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді:

- мәселелерді шешу және мақсаттарға қол жеткізу үшін ресурстарды (білім, кадрлар, қаражат және технологиялар) біріктіру;
- сыртқы ортаны, соның ішінде нарықтардың дамуын бағалау, сондай-ақ жаңа стратегиялық мүмкіндіктерді айқындау;
- бизнес-процестерді жетілдіру;
- ашықтық және қызметтің айқындылығы саясатын жүргізу

(Әрбір мүдделі тараппен өзара әрекеттесу стратегиясын, сондай-ақ ықпал ету құралдарын Корпорацияның құрылымдық бөлімшелері қызмет ерекшеліктеріне қарай өз бетінше айқындайды.)

Корпорация үшін Тұрақты дамудың негізгі аспектілері мен тәуекелдері

Корпорация өзінің миссиясы шеңберінде Қазақстан Республикасының агроөнер-кәсіптік кешенінің (АӨК) тұрақты дамуына жекеменшік қаржы институттарын тарту және АӨК субъектілерінің құзыреттілігін арттыру арқылы қолжетімді және тиімді қаржыландыру жүйесін қалыптастыру жолымен жәрдем көрсетеді.

Осыған байланысты Корпорация өзінің ішкі және сыртқы мүдделі тараптарын айқындап, өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік қызметінің түрлі аспектілерінің маңыздылығын бағалайды.

Тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін құру мақсатында Корпорацияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 шілдедегі №12 шешімімен тұрақты даму саласындағы Корпорацияның Саясаты бекітілді.

«Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы Сая-

саты жүйелі және ұзақмерзімді даму ұмтылысын бейнелейді және экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілер арасындағы теңгерімді сақтауға бағытталған. Құжатта Корпорацияның халықаралық тұрақтылық стандарттарын ұстанатыны және барлық мүдделі тараптармен белсенді өзара іс-қимыл жасайтыны атап көрсетіледі.

Саясаттың негізгі мақсаттарының бірі – қоршаған орта мен қоғамға теріс ықтимал әсерлерді азайту, сондай-ақ Корпорация қызметінен келетін оң нәтижелерді арттыру. Құжатта қарыз алушыларды экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді тиісінше басқаруға ынталандыруға ерекше назар аударылған, соның ішінде жобаларды іске асыру кезінде жұртшылықтың пікірін ескерудің қажеттігі көрсетіледі.

Басым бағыттардың бірі – тұрақты даму қағидаттарын барлық қызмет салаларына кеңінен енгізу: экологиялық бастамалардан

және қауіпсіз еңбек жағдайларынан бастап әлеуметтік жауапкершілікке дейін. Бұл Корпорация жұмыс істейтін өңірлерде тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге және барлық мүдделі тараптардың мүдделерін сақтауға бағытталған.

Саясатта жобаларды қаржыландыру туралы шешімдер қабылдау кезінде олардың ықтимал әсерлерін ескеру, қарыз алушыларға тиісті талаптар қою, олардың орындалуын бақылау, сондай-ақ процестердің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету міндеттемесі бекітілген. Бұдан бөлек, құжатта ESG қағидаттарына — экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық инвестициялық қызмет негізіне адалдық баса көрсетілген.



5.3. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТ

Пайымға сәйкес, Корпарация АӨК-тің индустрияландырылуына, интенсификациясы мен әртараптандырылуына ықпал ететін орнықты және қолжетімді қаржыландыру жүйесін дамыту арқылы агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың негізгі институтына және тиімді қызмет үлгісіне айналуы тиіс.

Ауыл шаруашылығын дамытудың аса маңызды стратегиялық жобаларының қаржылық операторы бола отырып, Корпорация мемлекеттік және тартылған ресурстарды, оның ішінде АӨК-ті кеңейту және әртараптандыру үдерісінде тартылатын табиғи ресурстарды – жерді мелиорациялау, фитосанитария, егістік құрылымын өзгерту, ауыл шаруашылығы жануарларының шаруашылықтарда шоғырлануын арттыру және басқаларын тиімді пайдалануын қамтамасыз етуі тиіс.

Осыған байланысты Корпорация экономикалық көрсеткіштермен қатар «жасыл» технологияларды ілгерілетуге, цифрландыруға және

АӨК-ті ресурсты үнемдейтін бағдарламаларға көшіруге ерекше назар аударады.

Корпорацияның ішкі қызметі экологиялық аспектілермен тікелей байланысты болмағандықтан, оның ықпалы қаржы делдалы ретіндегі қызметі арқылы қарастырылуы тиіс.

Корпорацияның экологиялық аспектке қосқан үлесі

2021 жылы Корпорация БҰҰ-ның Ғаламдық келісімі мен БҰҰ-ның Жауапты инвестициялау қағидаттары талаптарына сәйкес әзірленген Тұрақты даму саясатын бекітіп, тұрақты даму қағидаттарын ұстана отырып, жұмыс істеуді қолға алды. Осы Саясатқа сәйкес, Корпорация қаржыландыратын жобалар Қазақстан

GRI 303-5, SASB FN-CB-410b.1, SASB FN-CB-410b.4

Республикасының Экологиялық кодексін қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғау туралы заңнама талаптарына сай болуы тиіс. Тұрақты даму саясатын іске асыру аясында және халықаралық есептілік стандарттарына (GRI 305, Жылу ұстап қалатын газдар жөніндегі хаттама — Greenhouse Gas Protocol) сәйкес, Корпорация өз қызметінің климаттық жүйеге әсерін Score 1, Score 2 және Score 3 деп аталатын үш деңгейлі шығарындылар бойынша бағалайды. Қызметінің ерекшелігіне — өндірістік инфрақұрылымының болмауы және аграрлық салада қаржылық делдалдыққа шоғырлануы — байланысты Корпорацияның экологиялық ізін бағалауда негізгі мән Score 3 деңгейіне беріледі, яғни қаржыландырылған жобалар арқылы болған әсерлер есепке алынады.

Соған қарамастан, кешенді тәсілді қамтамасыз ету мақсатында Корпорация ішкі әкімшілік үдерістермен байланысты ресурс тұтыну мен шығарындыларды да қадағалап, талдау жүргізеді.

Scope 1 —
тікелей шығарындылар:

Корпорацияның қызметінің ерекшелігіне байланысты ол қоршаған ортаға тікелей және айтарлықтай әсер етпейді. Корпорация тұтынатын негізгі ресурстар — электр энергиясы, жылу энергиясы және су.

Scope 2 — энергия тұтынуынан
туындайтын жанама
шығарындылар:

Тұрақты даму саясатына сәйкес, Корпорация қоршаған ортаға теріс әсер етудің алдын алуға барынша мүмкіндік беретін ресурстарды ұтымды пайдалану қағидаттары мен әдістерін қолданады.

Корпорация өз қызметінде ресурстардың артық тұтынуын азайтуға және бар экологиялық теріс әсерлерді төмендетуге ұмтылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін электрондық құжат айналымы жүйесін енгізу және екіжақты басып шығару тәжірибесін қолдану арқылы кеңселік мақсаттарға қағаз шығынын азайту жүзеге асырылып отыр.

2024 жылы Корпорацияның балансында тұрған бірқатар нысандар келесі энергоресурстарды тұтынған:

Ресурстар	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Су тұтыну	287,45 м³	2 703,19 м³	1 220 м³
Электр энергиясы	243 926 кВт	102 124 кВт	70 097 кВт
Жылу энергиясы	894,36 Гкал	247,0018 Гкал	261,69 Гкал

Корпорацияның энергия тұтынуы әкімшілік ғимараттардың қажеттіліктерімен шектеледі, оның ішінде электр және жылу энергиясы кіреді.

2024 жылы энергия тұтыну көлемі келесідей болды:

– Балансындағы нысандар бойынша:



ЭЛЕКТР
ЭНЕРГИЯСЫ, кВт.сағ

70 097

ЖЫЛУ
ЭНЕРГИЯСЫ, Гкал

261,69

Аталған ресурстар тек кеңсе инфрақұрылымының жұмысын қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Сонымен қатар, энергоүнемдеуді арттыру шаралары жүзеге асырылуда, оның ішінде ішкі процестерді цифрландыру, электрондық құжат айналымына көшу, сондай-ақ екіжақты басып шығару тәжірибесін енгізу арқылы қағаз және энергия тұтыну көлемін азайтуға бағытталған.

Парниктік газдардың шығарындыларын Scope 2 бойынша есептеу кезінде Корпорация басқаруындағы ғимараттарды қамтитын шектер анықталды. Есептеу парниктік газдар жөніндегі хаттамаға (GHG Protocol) сәйкес, аймақтық (local-based) әдісті қолдану арқылы жүргізілді. 2024 жылдың қорытындысы бойынша жүргізілген бағалау нәтижесінде, Scope 1, 2 бойынша парниктік газдардың жиынтық шығарындылары 2 162,64 тонна CO₂-эквивалентін құрады.

Корпорация энергия тұтынуды азайту шараларын қабылдауда, оның ішінде процестерді цифрландыру, электрондық құжат айналымын енгізу және қағаз құжат айналымын қысқарту арқылы жүзеге асыруда.

АӨК субъектілерінің инвестициялық жобаларын қаржыландыру шеңберінде, Корпорация жобалық-сметалық құжаттамаға сараптама жүргізеді, бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнама-сына сәйкес міндетті мемлекеттік экологиялық сараптаманы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен міндетті түрде келісуді ескереді.

Корпорация АӨК субъектілерін қаржыландыру жөніндегі шешімдер қабылдау бизнес-процестеріне, сондай-ақ ағымдағы қызметіне тұрақты дамудың экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларын (ESG факторлары) сақтау және біріктіру ниетінде.

Тұрақты даму саласындағы бастамалар шеңберінде Корпорация келесідей іс-шараларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр:

- Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу
- Жауапты қаржыландыруды дамыту
- Жауапты сатып алуларға жәрдемдесу
- Бірыңғай кадрлық саясатты қалыптастыру
- Қызметтің ашықтығын арттыру.

АӨК-тің тұрақты дамуына жәрдемдесу жөніндегі белгіленген миссия шеңберінде даму жөніндегі қаржы институтының функцияларын орындай отырып, Корпорация өз қызметіне тұрақты даму қағидаттарын интеграциялау жұмысын бастады, оның ішінде жасыл жобаларды қаржыландыру тәсілдерін көздейтін ішкі нормативтік құжаттарды бекіту арқылы.

2024 жылы Scope 1,2 бойынша жалпы шығарындылар келесідей болды:

- 347,7 тонна CO₂e — Корпорацияға тиесілі автокөлікті пайдаланудан
- 1 814,94 тонна CO₂e — электр және жылу энергиясын тұтынудан

БАРЛЫҒЫ,
тонна CO₂e: 2 162,64

Score 3 — басқа жанама шығарындылар:

Корпорацияның орталық аппараты жалға алынған үй-жайда («Нұрсәулет» БО) орналасқан, жалға беру шартына сәйкес жалға беруші энергия ресурстарын тұтыну бойынша шығыстарды дербес көтереді:

Ресурстар	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Су тұтыну	2 514,6 м³	3 175,3 м³	3 215 м³
Электр энергиясы	286 337 кВт	318 686 кВт	343 035 кВт
Жылу энергиясы	363,95 Гкал	388,65 Гкал	365,0 Гкал

Жалға алу шартына сәйкес, орталық офис бойынша энергия ресурстары үшін төлемдерді жалға беруші жүзеге асыратынын ескере отырып, бұл энергия тұтыну Score 3 санатына жатқызылады.

Корпорацияның энергия тұтынуы әкімшілік ғимараттардың қажеттіліктерімен шектеледі, оған электр және жылу энергиясы кіреді. 2024 жылы энергия тұтыну келесідей болды:

– Орталық офис бойынша (жалға алынған үй-жайлар):



ЭЛЕКТР
ЭНЕРГИЯСЫ, кВт.сағ

343 035

ЖЫЛУ
ЭНЕРГИЯСЫ, Гкал

365

Негізгі экологиялық әсер АӨК саласындағы қаржыландырылатын жобалар арқылы байқалады.

Корпорацияның инвестициялық портфеліндегі «жасыл» жобалардың үлесі 18%-ды құрайды.

«Жасыл» деп табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, қоршаған ортаға теріс әсерді азайту, энергия тиімділігі мен үнемділігін арттыру, климаттың өзгеру салдарын жұмсарту және бейімделу мақсатындағы жобалар танылады. 2024 жылы Корпорация келесі бағыттар бой-

ынша 90 «жасыл» жобаны қолдады:

- тамшылатып және жаңбырлатып суару жүйелерін енгізу,
- жылыжай кешендерін дамыту,
- интенсивті бақтарды отырғызу және кеңейту.

2024 жылы қолдау көрсетілген «жасыл» жобалар

Облыс	Жобалар саны	Жобалар бағасы, млн. теңге	Қарыз сомасы, млн. теңге
Абай	2	2 794,00	2 052,00
Ақмола	6	2 923,50	2 606,36
Ақтөбе	7	2 127,22	1 773,53
Алматы	16	18 506,55	13 887,67
Шымкент қаласы	3	2 297,65	1 939,00
Жамбыл	13	7 106,34	5 109,92
Жетісу	5	14 615,45	11 244,95
БҚО	6	1 097,62	867,60
Қарағанды	3	1 374,50	1 144,70
Қостанай	2	650,35	551,78
Қызылорда	5	724,60	583,40
Павлодар	6	5 017,06	3 849,70
Түркістан	7	5 925,44	5 278,70
Барлығы	81	65 160,28	50 889,31



«Жасыл» жобаларға
қолдау көрсетілді

81

2024 жылы қолдау тапқан «жасыл» жобалар

Облыс	Жобалар саны	Жобалар бағасы, млн. теңге
Абай	1	2 711
Ақмола	2	1 722
Алматы	1	189
Жетісу	1	146
Қарағанды	1	770
Қызылорда	1	444
Павлодар	3	1 392
Барлығы	10	7 373

2024 жылы аграрлық саладағы «жасыл» жобаларды қолдау аясында жалпы сомасы 2,7 млрд теңгені құрайтын 10 инвестициялық жоба қаржыландырылды. Жобалардың географиясы Қазақстанның көптеген өңірлерін қамтиды, олардың қатарында Абай, Алматы, Ақмола, Павлодар, Қарағанды және басқа да облыстар бар.

Жобалардың негізгі бағыттары:

- Суландыру жүйелерін қолдана отырып, көкөніс, техникалық және майлы дақылдарды өндіру;
- Жоғары тығыздықтағы егін егуге арналған жылыжай шаруашылықтарын дамыту;
- Интенсивті бақтарды отырғызу және жаңғырту.

Іске асырылған жобалардың жалпы алаңы 3 000 гектардан асады, ал жобалық қуаттылығы 84 000 тоннадан астам өнім өндіруді құрайды.

Мұндай бастамаларды қолдау мынадай бағыттардағы тұрақты бағдарды көрсетеді:

- Ресурстарды тиімді пайдалану (тамшылатып және жаңбырлатып суару арқылы);

- Ішкі нарықтағы көкөніс-жеміс өнімдерін өндіруді ұлғайту арқылы импортты алмастыру;
- Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету, оның ішінде судың жоғалуын азайту және бір гектар жерден өнімділікті арттыру.

Корпорация (және өзге де даму институттары) арқылы несиелер мен инвестициялық қолдау көрсету ауыл шаруашылығын жаңғыртумен

қатар, өңірлерде тұрақты аграрлық инфрақұрылымды қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға және ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Score 3 шеңберіндегі ықпал мыналарды қамтиды:

- судың шығынын азайту,

- өнімділікті арттыру және көлік шығындарын азайту арқылы шығарындыларды қысқарту;
- топырақтың деградациясын барынша азайту;
- тұрақты ауыл шаруашылығын ілгерілету.

Осылайша, Score 3 Корпорацияның экологиялық бейіні үшін негізгі құрамдас бөлік болып табылады және оның қаржылық тетіктері мен инвестициялық саясаты арқылы тұрақты дамуға қосқан үлесін көрсетеді. Алдағы уақытта Score 3 бойынша қоршаған ортаға әсерді бағалау мақсатында толық есептеу жүргізу жоспарлануда.

Бұл ретте 2025 жылы Корпорация парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесін әзірлейді, оның аясында парниктік газдар шығарындылары туралы ақпаратты жинау, өңдеу және жариялау жүзеге асырылады.

5.4. ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТ

2024 жылы Корпорация өз қызметінде әлеуметтік аспектіні жақсартуға ерекше назар аударып, қызметкерлердің бастамаларын барынша қолдады.

КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ:	ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІЛЕР:	МАТЕРИАЛДЫҚ ЖАҚСАРТУЛАР:	КОРПОРАТИВТІК ІС-ШАРАЛАР:	МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС КӨТЕРМЕ- ЛЕУЛЕР:
• Меритократия қағидаттарын сақтау аясында 30 қызметкер лауазым бойынша жоғарылатылды; • 500-ден астам қызметкер біліктілікті арттыру бойынша оқудан өтті.	• 24 қызметкер некеге тұрып, отбасы құрды; • 76 қызметкерде бала дүниеге келді.	• Қызметкерлердің жа-лақысы орта көтерілді; • 120 қызметкерге өтініштері бойынша мате-риалдық көмек көрсетілді.	• Футбол, үстел теннисі, шахмат бойынша спорт-тық іс-шаралар ұйымда-стырылды, зияткерлік ойындар бойынша ішкі турнирлер өткізілді.	• 1 қызметкер «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен мара-патталды; • 5 қызметкердің атағы «Бәйтерек» Ұлттық басқа-рушы холдингі» акционерлік қоғамының 10 жылдығына арналған мерейтойлық ме-дальдармен марапатталды; • 3 қызметкер «Теңгеге 30 жыл» медалімен марапат-талды; • 14 қызметкер Құрмет гра-моталарымен және алғыс хаттармен марапатталды.

Корпорация өз қызметіндегі әлеуметтік аспектіні жақсартуға жүйелі түрде ұмтылып келеді, бұл кадрлық әлеуетті дамыту, оқуға тең қол-жетімділік жағдайларын жасау, гендерлік тең-герімді қолдау және қызметкерлердің қатысу деңгейін арттыру арқылы көрініс табады. Корпоративтік саясаттың әлеуметтік бағыты оқыту бағдарламаларын іске асыруда, өңірлік инфрақұрылымды дамытуда, сондай-ақ даму

бағытын ұстанатын ішкі ортаны қалыптасты-руда көрініс табады.

Кредиттік бөлімшелер мамандарының кәсіби даму бағдарламасы аясында аграрлық сек-торда инвестициялық және ағымдағы қаржы-ландыру шеңберінде кредиттік мәмілелерді сүйемелдеу саласында құзыреттер деңгейін арттыруға бағытталған кешенді оқыту іс-шара-

лары өткізілді.

Оқыту аралас форматта ұйымдастырылды:

- Іссапарлық сессиялар – жобаларды талдау тәжірибесіне терең бойлау және тәжірибе ал-масу мақсатында офлайн режимде өткізілді.
- Қашықтан оқыту модульдері – өңірлік қыз-меткерлердің қатысуын кеңейту және қолай-лылықты қамтамасыз ету үшін қолданылды.

ОҚЫТУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАР МЫНАЛАРДЫ ҚАМТЫДЫ:

- Ауыл шаруашылығындағы шағын және орта бизнес кәсіпорындарының қаржылық талдауының ерекшеліктері;
- Аграрлық саладағы инвестициялық жо-балардың тиімділігін бағалау әдістемесі;
- Кредиттік комитетте жобаларды қорғау: негіздеу логикасы, қарсылықтарды басқару, шешім қабылдау;
- Байланысты компаниялар бойынша қаржылық деректерді консолидациялау.

Материалды меңгеруді бақылау тұрақты тестілеу арқылы жүзеге асырылады, ол мыналарды қамтиды:

- Нормативтік құжаттар мен ішкі регла-менттерді білу деңгейі;
- Қаржылық талдау құралдарын нақты кейстерде қолдану дағдылары.

Жалпы оқыту іс-шараларына 320-дан астам қызметкер (оның ішінде кредит беру бөлімінің, мониторинг бөлімінің және кредиттік талдаушылардың бас мамандары) қатысты.

Олардың ішінде:

- 76 қызметкер инвестициялық талдау бой-ынша оқудан өтті;

- 238 қызметкер қаржылық талдау және байланысты компаниялар бойынша дерек-терді консолидациялау тақырыптары бойын-

ша оқудан өтті;

- 320 қызметкер тестілеуге қатысты, орташа балл — 85%.

2024 жылы Корпорация 10 әлеуметтік жобаны қолдады.

2024 жылға арналған әлеуметтік жобалар

№	Наименование проекта	Несие сомасы, млн теңге	Іске асыру өңірі
1	Ауыл шаруашылығы дақылдарын суару жүйесі	1 982,0	Абай облысы
2	Ауыл шаруашылығы дақылдарын суару жүйесі	88,4	Жетісу облысы
3	Ауыл шаруашылығы дақылдарын суару жүйесі	1 129,8	Ақмола облысы
4	Ауыл шаруашылығы дақылдарын суару жүйесі	213,5	Ақмола облысы
5	Құс фабрикаларын құру, кеңейту және жаңғырту	4 873,0	Маңғыстау облысы
6	Ет өңдеу кешендерін құру	933,2	Маңғыстау облысы
7	Күрішті қайта өңдеу	205,2	Қызылорда облысы
8	Жеміс/көкөніс өнімдерін қайта өңдеу	803,0	Алматы облысы
9	Шие (көкжидек) өсіретін ферма	94,2	Алматы облысы
10	Суару жүйесін қолдану арқылы 804 гектар алаңда жеміс-көкөніс дақылдарын өндіру	397,7	Павлодар облысы

2024–2025 жылдары агроөнеркәсіптік кешенде әлеуметтік маңызы бар бірқатар маңызды жобалар іске асырылып, қолдау көрсетілді. Бұл жобалар қайта өңдеуді дамытуға, суармалы жерлерді жақсартуға, мал шаруашылығы қуаттарын жаңғыртуға, сондай-ақ жоғары маржиналды дақылдарды өсіруге бағытталған.

Негізгі бағыттар қатарында:

<i>Климаттық тәуекелдер мен су ресурстарының</i>	<i>Ауыл шаруашылығы өнімдерін,</i>	<i>Мал шаруашылығы мен ет өңдеу инфрақұрылымына,</i>	<i>Нишалық және инновациялық бағыттарды қолдау,</i>
шектеулілігі жағдайында орнықты ауыл шаруашылығын қамтамасыз ететін суару жүйелерін құру және жаңғырту.	соның ішінде күрішті, жеміс-жидектер мен көкөністерді қайта өңдеуді дамыту – бұл өнімнің қосылған құнын арттыруға және өңірлерде жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.	оның ішінде құс фабрикалары мен ет комбинаттарына инвестиция салу – бұл азық-түлік қауіпсіздігі мен аграрлық секторды әртараптандыру үшін маңызды қадам	мысалы, көкжидек өсіру фермасы мен Павлодар облысында 804 га жерге өнім өндіру – бұл ассортиментті кеңейтуді және саланың тұрақтылығын арттыруды білдіреді.

Жобалардың жалпы құны ондаған миллиард теңгеге жетеді, оның ішінде ең ірі жобалардың бірі (№10) 485 млн теңгеден астам инвестиция көлемімен іске асырылуда, бұл қаржыландыру тетіктеріне деген сенімнің жоғары дәрежесі мен осындай бастамалардың маңыздылығын көрсетеді.

Осылайша, осы жобаларды қолдау кешенді әсер етеді: өңірлердің дамуына ықпал етеді, жұмыспен қамтуды арттырады, азық-түлік тәуелсіздігін күшейтеді және өңірде де, жалпы ауыл шаруашылығында да тұрақты экономикалық өсуге жағдай жасайды.

Селден зардап шеккен фермерлерге Корпорация мен ҚазАгроҚаржы тарапынан көрсетілген қолдау шаралары

2024 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ аграршыларды қолдау шараларын Корпорация және оның еншілес ұйымы – ҚазАгроҚаржы арқылы ұйымдастырды.

Қабылданған шешімдер аясында су тасқынынан зардап шеккен қарыз алушыларға келесі қолдау шаралары ұсынылды:

- қолданыстағы несиелер бойынша төлемдерді кейінге қалдыру: 2024 жылғы төлем кестелері кейінгі мерзімге – 2025 жылдан бастап несие мерзімі шеңберінде біркелкі үлестіріле отырып – ауыстырылды;
- қаржыландыру мерзімдерін 24 айға дейін ұзарту – қарыз алушының қызмет бағытына байланысты, 2024–2025 жылдары аяқталатын несиелер бойынша (көктемгі егіс және жинау жұмыстарына арналған жобалардан басқа);
- көктемгі егіс және жинау жұмыстарына берілген несиелер бойынша қайта құрылымдау және мерзімін ұзарту жөніндегі өтінімдер орақ науқаны аяқталғаннан кейін қаралады;
- су тасқыны салдарынан туындаған төлемдер бойынша кешіктірілгені үшін айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептен шығару;
- өтінімдерді қарау бойынша жеңілдетілген тәртіп енгізілді: құжаттардың минималды тізімі мен жедел қарау мерзімдерін көздейтін рәсім бекітілді.



Қабылданған шаралар зардап шеккен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қаржылық жүктемесін жедел түрде жеңілдетуге және төтенше жағдай жағдайында олардың шаруашылық тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік берді.

Корпорация ішінде тең еңбек жағдайларын және мансаптық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету

2021 жылғы 30 маусымдағы №11 шешімімен Директорлар кеңесімен бекітілген Іскерлік этика кодексінде айқындалған Корпорацияның негізгі құндылықтарының бірі – адами ресурстар. Корпорация қызметкерлерінің кәсібилік деңгейі мен қауіпсіздігі оның қызметінің нәтижелеріне тікелей әсер етеді.

Корпорацияда ерлер мен әйелдер үшін бірдей еңбек жағдайлары мен мансаптық мүмкіндіктер жасалғанын атап өту қажет. Корпорация оқыту бағдарламаларын, біліктілікті арттыру мүмкіндіктерін, сондай-ақ қызметкерлердің жеке және кәсіби мақсаттарына қол жеткізуіне көмектесу үшін икемді жұмыс жағдайларын ұсынады.

Осылайша, Корпорация әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі БҰҰ бастамасына қосылып, The Women’s Empowerment Principles (WEPs) ресми сайтында тіркелген.

2024 жылдың соңында Корпорация қызметкерлерінің штаттық саны 773 адамды құрады, оның ішінде ерлер – 56,4%, әйелдер – 43,6%.


Әйелдер орта буын менеджерлерінің 28,6%-ын (42-ден 12) құрайды, ал Директорлар құрамына кірмейтін басшылардың арасында олардың үлесі 33,3%-ды (3-тен 1) құрайды. Директорлар кеңесінің құрамында жеті орынның біреуін әйел иеленіп отыр, бұл стратегиялық басқару деңгейінде гендерлік әртүрлілікті қалыптастырудың басталғанын көрсетеді. Басқарма құрамында әйелдердің болмауына қарамастан, орта буын деңгейінде әйелдердің

басқарушы лауазымдардағы қатысуының оң серпіні байқалады, бұл оларды жоғары басшылық органдарына одан әрі тартуға әлеует жасайды.


2024 жылғы деректерге сәйкес, Корпорация қызметкерлерінің орташа жасы – 39 жас.

Корпорацияда жартылай жұмыс күнімен, уақытша немесе сағаттық ақы төлеу негізінде жұмыс істейтін қызметкерлер жоқ.

Гендерлік топтар бойынша персоналдың құрылымы, %




Гендерлік статистика, %



Персоналдың тұрақсыздығы

2024 жылы ерікті түрде жұмыстан кету деңгейі 2,01% құрады.



Соңғы 4 жылдағы персоналдың тұрақсыздық деңгейі – 10,3%

Персоналдың тұрақсыздығы туралы ақпарат гендерлік және жас ерекшеліктері бойынша:

Гендерлік топтар бойынша:

Ерлер: 12 қызметкер.
Әйелдер: 4 қызметкер.

Жас топтары бойынша:

30 жасқа дейін – 2 қызметкер.
30–40 жас – 6 қызметкер.
40–50 жас – 6 қызметкер.
50–60 жас – 2 қызметкер.
60 жастан жоғары – 0 қызметкер.

2024 жылы гендерлік және жас топтары бойынша кадрлардың ауысуы туралы ақпарат:

	Гендерлік топтар бойынша		Жас топтары бойынша				
	ерлер	әйелдер	30 жасқа дейін	30-40 жас	40-50 жас	50-60 жас	60 жылдан астам
Айналым коэффициенті,%	75	33,33	12,5	37,5	37,5	12,5	

Кадрлар тұрақсыздығы көрсеткішін төмендету мақсатында келесі іс-шаралар жүзеге асырылады:

- білікті қызметкерлерді материалдық және материалдық емес ынталандыру;
- тұрақты экономикалық жағдай;
- сау психологиялық атмосфера;
- мансаптық өсу мүмкіндігі;
- оқыту.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша декреттік демалыста 73 адам болды (оның ішін-

де 69 әйел және 4 ер адам). 2024 жылы декреттік демалыстан оралуы тиіс болған 19 адамның барлығы жұмысқа қайта оралды, жұмыстан шыққан адам болмады.

Оқу іс-шараларын іске асыру аясында жалпы көлемі 1518 академиялық сағатты құрайтын 60 курс өткізілді. Оқытуға 632 адам (қайталанатын қатысуларды ескере отырып) қатысты, олардың ішінде 434 – бірегей тыңдаушылар, оның 130ы – әкімшілік-басқарушылық персонал, ал 301-і – филиалдарда жұмыс істейтін өндірістік персо-

нал. Бір курстың орташа ұзақтығы – 25,3 академиялық сағат. Бір қатысушыға шаққанда орташа оқыту ұзақтығы – 2,4 сағатты, ал бір адамға шаққандағы орташа оқу жүктемесі шамамен 3,5 академиялық сағатты құрады.

Қатысушылардың арасында 56,7 % – ер адамдар, ал 43,3 % – әйел адамдар болды. Бұл деректер екі жыныс өкілдерінің де білім беру бағдарламаларына тең дәрежеде қатысуын және біліктілікті арттыруға деген тұрақты қызығушылықтың бар екенін көрсетеді.

Оқу сағаттарының орташа саны

Көрсеткіш	Мәні
Барлық оқудан өткендер, адам	434
Ер адамдар, адам	246
Әйел адамдар, адам	188
Әкімшілік-басқарушылық персонал, адам	133
Өндірістік персонал, адам	301
Өтілген курстар саны	60
Жалпы академиялық сағат саны	1518
Бір курстың орташа ұзақтығы (сағатпен)	25,3
Бір қатысуға орташа сағат саны	2,4

Жұмыс орнындағы денсаулық пен қауіпсіздік

Корпорацияның басымдықтарының бірі – қызметкерлерінің еңбекті қорғауы мен денсаулығының сақталуы.

Корпорацияның қызметі қаржы саласына жатады, сондықтан өндірістік жарақаттану жағдайларының болуы іс жүзінде мүмкін емес. Есептік кезеңде бірде-бір жазатайым оқиға, кәсіптік ауру немесе өлім жағдайы тіркелген жоқ.

Корпорация Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамасын сақтайды.

Корпорация еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтайды. Қауіпсіздік департаментінің құрамында бір штаттық бірлік — еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі менеджер және бір келісімшарттық (аутстаффинг арқылы) бірлік бар. Олардың функционалдық міндеттеріне «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының қызметкерлеріне арналған еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі бойынша Нұсқаулықтың (Корпорация Басқармасының 2021 жылғы 29

желтоқсандағы № 63 шешімімен бекітілген), сондай-ақ Корпорация Басқарма Төрағасының 2024 жылғы 22 қаңтардағы № 1585-Ө бұйрығының «Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты қызметкерлерді тағайындау, өрт қауіпсіздігі мен еңбек қорғау бойынша бақылау жүргізу тәртібі туралы» орындалуын бақылау кіреді.

2024 жылғы 4 мамырда Қауіпсіздік департаментінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес Корпорацияда уәкілетті органдар өкілдерінің қатысуымен ««Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету, өрт қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасын сақтау» тақырыбында семинар өткізілді.

2024 жылғы 17 мамырда Корпорация қызметкерлерінің еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықты білу деңгейін тексеру үшін тестілеу өткізілді.

Егер Корпорацияның орталық аппараты мен филиалдары орналасқан жалдамалы үй-жайларда жалға беруші тарапынан техникалық және өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы анықталса, анықталған барлық бұзушылықтар бойынша тиісті актілер жаса-

лып, оларды жою жөнінде шаралар қабылдау үшін жалға берушіге жіберіледі.

2024 жылғы 20 қыркүйекте Корпорация қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету, өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелері бойынша қосымша оқыту ұйымдастырылды, оның барысында қызметкерлер төтенше жағдайлар туындаған кезде іс-қимыл алгоритмімен таныстырылды.

2024 жылғы 27 қыркүйекте Корпорацияның орталық аппаратында қызметкерлерді ғимараттан шұғыл эвакуациялау бойынша оқу-жаттығу сабағы өткізілді. Ұқсас іс-шаралар Корпорацияның барлық филиалдарында өткізілді. Қауіпсіздік департаменті жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша тоқсан сайын есеп қалыптастырады.

2025 жылы еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік стандарттар, нормативтік құжаттар, санитарлық нормалар мен ережелер талаптарын ескере отырып, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғасатын болады. Сонымен қатар, Корпорацияның барлық қызметкерлерін еңбекті және денсаулықты қорғау жөніндегі жұмысқа белсенді қатыстыру жоспарлануда.

5.5. ӨТІНІШТЕРДІ ҚАРАУ ПРОЦЕСТЕРІ

Корпорация қолданыстағы немесе жоспарланып отырған заң бұзушылықтар туралы хабарламаларға байланысты репрессивті шараларды қабылдауға жол бермейді және құпиялылық пен анонимділікті толықтай қамтамасыз етеді.

Барлық келіп түскен өтініштер олардың тақырыбына сәйкес бекітілген критерийлер негізінде бағаланады.

2022 жылғы 15 шілдедегі Корпорация Басқармасының шешімімен бекітілген «Құжаттама-ны рәсімдеу, құжат айналымын басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына» сәйкес,

қабылданған құжаттарды алдымен құжат айналымымен айналысатын құрылымдық бөлімшенің жауапты қызметкері алдын ала қарайды.

Өтініштер хат алушысына байланысты Корпорация басшылығы арасында бөлініп, міндеттерді бөлу туралы бұйрық негізінде бақылауға қою және орындау мерзімі туралы шешім қабылданады.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, оның ішінде мемлекеттік органдар жіберген, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық мәселелері бойынша өтініштер Корпорациядағы комплаенс пен бақылауға жауапты құрылымдық бөлімшеге құпиялылықты қамтамасыз ету мақсатында жолданады.

Қолтаңбасы, пошта мекенжайы жоқ немесе авторын анықтауға мүмкіндік бермейтін өтініш анонимді деп танылады және қарауға жатпайды. Алайда, егер анонимді өтініште жа-

салуы мүмкін немесе жасалған қылмыстар, мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке қатер төнуі туралы ақпарат, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық белгілерін көрсететін құжаттар (фото, видео және т.б.) ұсынылса, онда ол қаралуы мүмкін.

Корпорация шағым немесе жағымсыз әсерге байланысты тиісті түзету шараларын қабылдайды. Байланыс арналарының тиімділігі корпоративтік мәдениеттің диагностикасы арқылы бағаланады, оған персоналдың қатысуы мен өзара әрекеттестігі, дағдарыс жағдайларына жедел әрекет ету, өндірістің тиімділігі және Корпорацияның стратегиялық даму мақсаттарына қол жеткізу жатады.

5.6. КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП КОДЕКСІ

Корпорацияның корпоративтік әдеп кодексі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, іскерлік мінез-құлық пен корпоративтік басқарудың жалпыға танылған халықаралық стандарттарына сәйкес, Жарғыға, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының үлгілік құжаттарына, соның ішінде Корпоративтік басқару кодексіне және Корпорацияның ішкі құжаттарына негізделі отырып әзірленген. Кодекс Корпорацияның іскерлік әдеп қағидаттары мен корпоративтік құндылықтарын түсінуі мен қабылдауын бейнелейді.

Корпорацияның негізгі құндылықтары:

1. Жауапкершілік – ниет пен іс-әрекет үшін;
2. Кәсібилік – кәсіби қызметтің міндеттерін орындауға жоғары дайындық;
3. Командалық жұмыс – бірлескен қызметтен жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін ынтымақтастық;
4. Адалдық – Корпорация ішіндегі және серіктестерге қатысты адалдық;
5. Әлеуметтік жауапкершілік – Корпорация қызметінің қоғамдық мүдделі тараптарға әсері үшін жауапкершілік.

2022 жылғы 29 маусымда Корпорацияның 2021 жылғы 30 маусымдағы №11 шешімімен бекітілген Деловой этика кодексіне 70-тармақпен толықтыру енгізілді – «Корпорация қызметкерлері осы Кодекстің негізгі қағидаттарын білу және түсіну деңгейін бағалау мақсатында жыл сайын ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес тестілеуден өтеді».

Корпорация өз қызметін жүзеге асыру барысында:

1. Қазақстан Республикасының заңдарын, Жалғыз акционердің шешімдерін және Корпорацияның қызметіне қатысты басқа да құжаттарды сақтайды;
2. Әрбір адамның және азаматтың құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуді қамтамасыз етеді, олардың шыққан тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, жынысы, ұлты, тілі, діни сенімі, тұрғылықты жері және басқа да мән-жайларға қарамастан;
3. Мүдделі тараптармен өзара тиімді қатынастар орнатуға ұмтылады;
4. Өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби дамуға ұмтылатын қызметкерлер үшін біліктілікті арттыруға тең мүмкіндіктер жасайды;
5. Қызметкерлерге еңбекақыны олардың біліктілік деңгейіне, орындалатын жұмыстың күрделілігі мен сапасына және негізгі көрсеткіштерге қол жеткізу нәтижелеріне қарай төлейді;
6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды;
7. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Корпорацияның ішкі құжаттарында белгіленген шектерде ақпараттың құпиялығын сақтайды;
8. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер арасында ашық және сенімді диалог жүргізуге жағдай жасайды;
9. Қызметкерлердің Корпорацияға оң әсер ететін бастамалары мен ұсыныстарын бағалайды және ынталандырады;
10. Жекелеген лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге артықшылықтар мен жеңілдіктер беруге жол бермейді, егер олар заңды негізге ие болмаса және барлығына тең мүмкіндіктер қамтамасыз етілмесе;
11. Қызметкердің немесе лауазымды тұлғаның лауазымына қарамастан, барлық деңгейде мүдделер қақтығысынан ада шешімдер қабылдау үшін жауапкершілік алады.

GRI 2-26

Корпорацияда іскерлік әдеп қағидаттарының сақталуын және әлеуметтік-еңбек дауларын реттеуді қамтамасыз ету мақсатында Омбудсмен тағайындалған.

Омбудсмен – еңбек дауларына қатысушы қызметкерлерге кеңес беретін тұлға, заңнама талаптарын, соның ішінде қажет болған жағдайда құпиялылықты сақтай отырып, конструктивті шешім қабылдауға көмектеседі.

Оның қызметіне Корпорация Директорлар кеңесі баға береді және өкілеттігін ұзарту немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды. Сонымен қатар, Омбудсмен жыл сайын өзінің жұмысы туралы есепті Корпорация Директорлар кеңесінің тиісті комитеттеріне ұсынады.

5.7. ESG ТӘУЕКЕЛДЕРІН КОРПОРАЦИЯ МЕН ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫНЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

Тұрақты даму және ESG қағидаттарын енгізу – Корпорация үшін негізгі басымдықтардың бірі болып табылады. Аталған қағидаттарды енгізу Корпорацияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ғана емес, сонымен қатар нарықтағы жауапты және ашық қатысушы ретіндегі беделін нығайтуға ықпал етеді.

ESG тәсілдерін қолдану ішкі процестердің тиімділігін арттыруға, мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікті жақсартуға және тұрақты дамудың жаһандық міндеттерін шешуге үлес қосуға мүмкіндік береді. Корпорацияның тұрақты даму саласындағы саясатының 67-тармағына сәйкес, 2024

жылғы 13 наурызда Корпорация Басқармасы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның 2024–2026 жылдарға арналған тұрақты даму және ESG қағидаттарын негізгі қызмет процестеріне енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) бекітті.

Аталған Жоспар Корпорацияның тұрақты даму платформасын құруға бағытталған бірқатар стратегиялық іс-шараларды қамтиды:

- тұрақты даму мен ESG қағидаттарын басқарудың негізгі процестеріне енгізу;
- БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуге ықпал ететін іс-шараларды жүзеге асыру;
- ESG қағидаттарын ұлттық және халықаралық деңгейде танымал ету;
- тұрақты даму мақсаттарына сәйкес ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу және жаңарту;
- ESG қағидаттарын Корпорацияның әкімшілік-шаруашылық қызметіне қолдану;
- ESG және тұрақты даму жөніндегі бастамаларға белсенді қатысу;
- тұрақты даму және ESG саласындағы ақпа-

ратты ашу деңгейін арттыру, соның ішінде есептілік пен деректерді корпоративтік сайтта орналастыру

Осы іс-шаралар кешені Корпорацияның бизнес-процестеріне тұрақты даму қағидаттарын интеграциялауға бағытталған. Бұл Қоғамның қызметінің тиімділігін арттыруға ғана емес,

сонымен қатар ESG-дің заманауи стандарттарына бейілділікті көрсете отырып, Корпорацияның ішкі және халықаралық нарықтардағы позицияларын нығайтуға мүмкіндік береді.

Іс-шаралар Корпорацияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге және экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық өзекті мәселелерді шешуге бағытталған.

Жоспарға сәйкес ESG-тәуекелдерін Корпорация

мен оның еншілес ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесіне интеграциялау көзделген.

Төменде осы Жоспар шеңберінде атқарылған іс-шаралар нәтижесінде Корпорация қол жеткізген нәтижелер көрсетілген.

2023 жылы Корпорацияның Тәуекелдер тізіліміне экологиялық тәуекел (тәуекел коды Э-1), «ESG-тәуекелдері» ретінде енгізілді. Аталған тәуекел Корпорацияның тәуекел картасының

жасыл (тәуекелдерге ұшырау деңгейі қолайлы) аймағына жатады. Бұл жерде тәуекелдің туындау ықтималдығы – 2 деңгейінде (Туындау ықтималдығы өте төмен – 1%-дан 5%-ға дейін), ал ықпал ету дәрежесі – 4 деңгейінде (Тәуекел іске асқан жағдайда кемінде бір стратегиялық негізгі қызмет көрсеткішіне елеулі әсер етеді, бірақ бұл көрсеткіш тек аздаған (1-2) басқа тәуекел факторларымен қосыла отырып бұзылады) деп бағаланған.

Корпорация тәуекелдерді іске асыруға әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды айқындады, олардың қатарында:

СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАР:

1. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына қойылатын талаптардың күшеюі;
2. Ауыл шаруашылығы басым өңірлерде ауа райының күрт нашарлауы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарлары арасында аурулардың таралуы, карантиндік аймақтардың енгізілуі, өнімділіктің төмендеуі, су ресурстарының тапшылығы сияқты күтпеген жағымсыз табиғи-климаттық құбылыстар;
3. Экологиялық тұрақты өсуге және «жасыл» қаржыландыруды қолдауға бағытталған мемлекеттік саясат пен саяси айқындықтың жеткіліксіздігі.

ІШКІ ФАКТОРЛАР

1. Корпоративтік басқару жүйесінің деңгейін төмендету;
2. Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жөніндегі әдіснамалық базаның жеткіліксіздігі;
3. Қаржыландырылатын жобаларда экологиялық және әлеуметтік факторлардың сақталуы;
4. Қызметкерлердің қанағаттануы;
5. «Жасыл» жобаларды сараптауда корпорация қызметкерлерінің құзыретін арттыру.

ESG тәуекелдерін азайту және алдын алу мақсатында 2025 жылға келесі іс-шаралар көзделген:

1. Корпорация қызметінің негізгі үдерістеріне ESG қағидаттарын енгізу және орнықты даму бойынша 2024–2026 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспарын уақтылы орындау;
2. Корпорация қызметкерлер арасында ресурстарды ұқыпты тұтыну мәдениетін дамыту бойынша іс-шаралар өткізу (мысалы, су, электр энергиясы, кеңсе қағаздары мен кеңсе тауарларын үнемдеу, кеңсе мүлкіне – техника, жиһаз және т.б. – ұқыпты қарау);
3. Корпорация қызметкерлер арасында экологиялық жауапкершілік сезімін қалыптастыру үшін экологиялық волонтерлік бағдарламаларға қатысу немесе өз волонтерлік бағдарламаларын өткізу;
4. ESG тақырыбында оқыту өткізу: ESG: сын-қатерлер, стратегия, тәуекелдер және есептілік;
5. Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдердің іске асуына әкелуі мүмкін әлеуетті тәуекел оқиғаларын анықтау/байқау кезінде құрылымдық бөлімшелер мен филиалдардың тәуекел-координаторлары оларды анықтаған сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде Корпорацияның тәуекелдер жөніндегі деректер базасына енгізуі қажет.

Аталған іс-шаралар белгіленген мерзімдерге сәйкес орындалады.

ESG қағидаттарына сәйкессіздік репутациялық тәуекелдерге, клиенттер тарапынан шағымдардың артуына, қаржыландыру мәселелерінің туындауына алып келуі мүмкін.

Корпорация инвестициялық қызметі барысында экологиялық және әлеуметтік факторларды ескере отырып ESG қағидаттарын ұстанады:

- Инвестициялық қызметтің ашықтығы – Корпорацияның қызметі инвестициялық үдерістің жариялылығы мен ашықтығы негізінде жүзеге асырылады. Осы орайда, Корпорация клиенттерден экологиялық, әлеуметтік мәселелер мен корпоративтік басқару мәселелері бойынша тиісті ақпараттың ашылуын талап ете алады;
- Әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік – қаржыландыру тек қана жобаның іске асырылуы нәтижесінде тіршілік ортасының, еңбек және өмір сүру жағдайларының, жоба жүзеге асырылатын өңірдегі халықтың жұмыспен қамтылу деңгейі мен әлеуметтік жағдайының айтарлықтай нашарлауына жол бермейтін жобаларға бағытталады.

ESG тәуекелдерінің іске асуына әсер ететін негізгі факторлар:

- **Экология:** төтенше ауа райы құбылыстары, табиғи апаттар, қоршаған ортаның ластануы, су тапшылығы тәуекелі, энергия ресурстарының азаюы, парниктік газдардың шығарындылары және т.б.;
- **Қоғам:** менеджмент пен қызметкерлер арасындағы қарым-қатынас, қызметкерлердің құқықтары, кемсітушілік, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, клиенттермен/контрагенттермен/қарыз алушылармен өзара іс-қимыл;
- **Басқару:** корпоративтік этиканы сақтау, корпоративтік басқару, акционермен қатынастар, сыбайлас жемқорлық.

ESG тәуекелдерін басқару мақсатында тәуекел иелері тарапынан әзірленген іс-шаралар шеңберінде тоқсан сайын мониторинг жүргізіледі.

ESG тәуекелдерін басқару бойынша іс-шараларды іске асыру аясында 2024 жылы Корпорация мынадай жұмыстарды атқарды:

Корпорация қызметкерлерінің жеке экологиялық жауапкершілігін қалыптастыру мақсатында бірқатар экологиялық еріктілік бағдарламаларына қатысып, сондай-ақ өз еріктілік бастамаларын да іске асырды:

- Астана қаласы Байқоңыр ауданы әкімінің Аппаратымен бірлесіп, еліміздің астана-сындағы экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында ағаш отырғызу жұмыстары жүргізілді;
- «ІЗГІ ЖҮРЕК – ТІЛЕКТЕР ШЫРШАСЫ» атты қайырымдылық акциясына қатысу. Акция мүмкіндігі шектеулі балалар мен күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балаларды қолдауға бағытталған. Жаңа жылдық балалардың 28 тілегін корпорация қызметкерлері орындады;
- Су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсетілді;
- «Донор күні» – 2024 жылдың 9 шілдесі және 27 желтоқсаны күндері Корпорацияның 25 қызметкері қан тапсырды;
- 1 қыркүйек қарсаңында Корпорация қызметкерлері көпбалалы отбасыға 4 баланы мектепке дайындауға қайырымдылық көмек көрсетті;
- «СӘБИ БАҚЫТЫ» Қоғамдық қорының бастамасымен 1 отбасына қайырымдылық көмек көрсетіліп, 3 балаға тәтті сыйлықтармен жаңа жылдық сыйлықтар табысталды.



Корпорация тұрақты даму қағидаттары шеңберінде сапалы білім беруді қамтамасыз етудің ажырамас бөлігі ретінде қызметкерлердің кәсіби дағдыларын дамыту және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асырады.

2024 жылдың IV тоқсанында Корпорация келесі тақырыптар бойынша оқыту өткізді: «АӨК саласындағы қаржыландырылатын жобаны скринингтеу шеңберінде ESG өлшемшарттары мен ESG тәуекелдерін бағалау», «АӨК саласындағы инвестициялық жобалардың ESG өлшемшарттарын мониторингтеу», «Тұрақты даму және жаңғырту: өтпелі энергетика және жасыл экономика».

Корпорация ресурстарды ұтымды пайдалану мен экологиялық әсерді барынша азайтуға бағытталған жауапты тұтыну және өндіріс қағидаттарын белсенді түрде қолдайды. Өз қызметі шеңберінде Корпорация тұтынылатын ресурстардың есебін жүргізіп, шығындарды талдайды, бұл өндірістік үдерістердің тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға бағытталған.

Шығындарды оңтайландыруға ерекше назар аударылады. Бұл артық тұтынуды барынша

азайтуға және ресурстарды басқаруды жақсартуға мүмкіндік береді. Осы шараларға шығын мен жоғалтуды азайтуға және өнімділікті арттыруға бағытталған заманауи технологияларды енгізу, сондай-ақ материалдық және энергетикалық ресурстарды ұқыпты пайдалануды қамтамасыз ететін ішкі саясатты қолдану жатады.

2024 жылы ресурстарды жауапты тұтыну мәдениетін дамытуға бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізілді, оның ішінде ауыз су, электр энергиясы, қағаз, кеңсе керек-жарақтары сияқты пайдаланылатын ресурстарды үнемдеу.

Атап айтқанда, жалға беруші тарапынан орталық аппаратта энергия тұтынуды азайту мақсатында Корпорация бастамасымен энергия үнемдейтін жарықдиодты шамдар орнатылды. Сонымен қатар, фасадтар мен жарнамалық белгілердің сыртқы жарықтандырылуын басқару үшін жарық сезгіштік датчиктері мен уақыт релелері қарастырылып, орнатылды, ал дәліздерде бейнебақылау операторына үй-жайлардың жағдайын бақылауға мүмкіндік беру үшін кезекші жарықтандыру орнатылды.

ҚазАгроҚаржы-дағы ESG тәуекелдері

ҚазАгроҚаржы тұрақты даму саласындағы тәуекелдерге ерекше назар аударады. Тұрақты даму тәуекелдері ҚазАгроҚаржы ұзақ мерзімді қаржылық нәтижесі мен орнықтылығына тікелей әсер етеді.

ҚазАгроҚаржы-дағы ESG тәуекелі деп табиғатқа, қызметкерлерге және қоғамға ұқыпты қарауды көздейтін бизнес жүргізу стратегиясы түсініледі.

Тұрақты даму (ESG) қағидаттарына бейілділік аясында ҚазАгроҚаржы экологиялық әсерді азайтуға бағытталған бастамаларды іске асырады. Қоршаған ортаға жағымсыз әсерлердің алдын алу мақсатында ҚазАгроҚаржы ресурстарды ұтымды пайдаланудың қағидаттары мен әдістерін қолданады.

ҚазАгроҚаржы өз қызметінде артық ресурс тұтынуды қысқартуға және қолданыстағы экологиялық теріс әсерді азайтуға ұмтылады. Бұл мақсатта энергия тиімді технологияларды енгізу, су тұтынуды азайту, кеңсе қажеттіліктеріне арналған қағазды үнемді пайдалану шаралары жүзеге асырылады.

ҚазАгроҚаржы ғимаратының қабаттарында ресурс үнемдеуді насихаттайтын ақпараттық тақтайшалар орналастырылған.

Ресурстарды ұқыпты пайдалану жөніндегі жұмыс аясында ҚазАгроҚаржы келесі іс-шараларды жүзеге асырды:

1. Электр энергиясын тұтынуды қысқарту.

- кеңседе қыздыру шамдарын қолдану алынып тасталды (тек технологиялық немесе қауіпсіздік талаптары бойынша міндетті жағдайлардан басқа);
- аз энергия тұтынатын жарықдиодты шамдар орнатылды;
- дәретханаларда қозғалыс датчиктерімен жабдықталған жарық шамдары орнатылды;
- А, А+, А++ класындағы техника мен жабдықтар қолданылады;
- ноутбуктер мен компьютерлік жабдықтардың энергия үнемдеу режимі пайдаланылады.

2. Жылу энергиясын үнемдеу және жеткілікті желдетуді қамтамасыз ету.

- қолмен немесе автоматты түрде басқарылатын жылу беруді реттейтін жүйе, сон-

дай-ақ бөлмеде қызметкерлердің болуына байланысты температураны реттейтін жүйе қолданылады;

- кеңселерде ауаны тазарту құрылғылары орнатылған;
- жылу энергиясын тұтынуды есепке алу құрылғылары – АСРТ және СТУ орнатылған.

2024 жылы жоғарыда көрсетілген іс-шаралардың арқасында электр энергиясын тұтыну 2023 жылмен салыстырғанда 2,6% төмендеді..

3. Ластануды азайту және қалдықтарды басқару.

- тұрмыстық қатты қалдықтарды бөлек жинау жүйесі жолға қойылған, бөлек жинауға арналған контейнерлер орнатылған;
- қайта өңдеу үшін арнайы кәсіпорындарға беру мақсатында макулатураны жинау пункті ұйымдастырылды және бұл жұмысқа жауапты қызметкер тағайындалды. 2024 жылы 340 кг макулатура тапсырылды;
- ірі көлемді қалдықтарды (жиһаз, кеңсе техникасы) кәдеге жарату бойынша іс-шаралар жүргізілді. Арнайы ұйымға 310 бірлік көлемінде шамамен 5 тонна қалдық тапсы-

рылып, олар компоненттерге бөлшектеліп, сұрыпталып, қайта өңдеуге немесе қауіпті қалдықтар ретінде жойылды.

4. Ресурстарды үнемдеу және тұтынуды азайту

- қағаз құжат айналымын оңтайландыру мақсатында ЭҚАЖ бағдарламасында (шығыс хаттар, төлем тапсырмалары, са-тып алу өтінімдері, өкімдер) ЭЦҚ қолдану енгізілді, соның нәтижесінде 2024 жылы қағаз тұтыну көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 10%-ға азайды;
- клиенттерден онлайн өтінімдер қабылдауға арналған online.kaf.kz BPM платформа-сы енгізілді;
- қағаз сүлгілердің орнына автоматты қол кептіргіштер орнатылды;
- екінші қайта өңдеуден өткен шикізаттан жасалған қағаз сүлгілер пайдаланылады.

5. Суды тұтыну және су бұруды қысқарту.

- дәретханаларда сенсорлы су үнемдегіш араластырғыштар орнатылған;
- дәретханаларда екі режимді су ағызу жүйесі бар;

- су тұтынуды есепке алу құралдары орна-
тылған.

Ресурстарды үнемді пайдалану саясатын
енгізу мақсатында ҚазАгроҚаржы 2022–2024
жылдар аралығындағы электр энергиясын
пайдалану, су тұтыну және тұрмыстық қатты
қалдықтардың шығуы бойынша талдау жүр-
гізді.

ESG тәуекелдерін басқару аясында Тәуекел-
дер тізілімінде ҚазАгроҚаржы қызметіне,
сондай-ақ қоршаған ортаға әсер етуі мүмкін
келесі факторлар айқындалды: Қазақстан Ре-
спубликасының көп бөлігінде құрғақшылық,
табиғи-климаттық апаттар, ауыл шару-
ашылығы техникасының қоршаған ортаға
әсері, әлеуметтік тәуекелдер. Аталған тәуекел
Қоғамның Тәуекелдер картасында қолайлы
деңгейде (жасыл аймақ) бағаланған, бұл олар-
ды азайту бойынша шұғыл шаралар қабылда-
удың қажеті жоқ екенін білдіреді.

**Алайда, ҚазАгроҚаржы бұл тәуекелді басқа-
ру үшін бірқатар алдын алу және әрекет ету
шараларын әзірлеген:**

- Клиенттерге егіс/жайылымдарды сақтан-
дыруды ұсыну;

- Құрғақшылық пен табиғи-климаттық
апаттардан зардап шеккен клиенттерге
қайта құрылымдау немесе қаржыландыру
мерзімін ұзарту мүмкіндіктерін беру;
- Мүмкін болатын залалдарға арналған ре-
зервтерді қалыптастыру;
- Түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- Шағымдарды уақытылы қарау жұмыста-
рын жүзеге асыру;
- Техниканы сатып алу тек Кеден одағы-
ның «Дөңгелекті көлік құралдарының
қауіпсіздігі туралы» және «Машиналар мен
жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» тех-
никалық регламенттеріне сәйкестік сер-
тификаттарын ұсынған жағдайда жүзеге
асырылады;
- Ресми сервис орталықтарында немесе олар-
дың өкілдерінде қызмет көрсету ұсынылады.


Сондай-ақ, ҚазАгроҚаржы 2024–2026 жыл-
дарға арналған тұрақты даму жөніндегі Іс-ша-
ралар жоспары бекітілген. 2024 жылы барлық
іс-шаралар толық көлемде орындалды.

2025 жылы ҚазАгроҚаржы тұрақты даму
саласын жетілдіру жұмыстарын халықаралық
озық тәжірибелерге сәйкес жалғастырады.

2024 жылға арналған Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі бекітілген нұсқаулықтар

Корпорациядағы еңбек қауіпсіздігі, техника қа-
уіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талап-
тар келесі нормативтік құжаттармен реттеледі:

- Қазақстан Республикасы Төтенше жағдай-
лар министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы
№ 405 бұйрығымен бекітілген «Өрт қауіпсізді-
гіне қойылатын жалпы талаптар» техника-
лық регламенті;
- – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдай-
лар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы
№ 55 бұйрығымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігі
қағидалары»;
- – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қы-
зметкерлеріне арналған еңбек қауіпсіздігі,
техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі
бойынша Нұсқаулық, Корпорация Басқарма-
сының 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 63
шешімімен бекітілген;
- – Корпорация Басқарма Төрағасының 2023
жылғы 23 қаңтардағы № 24-Ө бұйрығы
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-да өрт
қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты қыз-
меткерлерді тағайындау, өрт қауіпсіздігі мен
еңбекті қорғау бойынша бақылауды қамта-
масыз ету тәртібі туралы».



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

6.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Корпорацияның Жарғысына сәйкес басқару
органдарына мыналар жатады:

Жоғары орган – Жалғыз акционер

Басқару органы-Директорлар кеңесі Басқару

Атқарушы орган-Басқарма

Корпорацияның қаржылық-шаруашылық
қызметіне бақылау жүргізетін, ішкі бақы-
лау, тәуекелдерді басқару және корпора-
тивтік құжаттарды орындау саласындағы
бағалау жүргізетін орган

Ішкі кредиттік саясатты жүзеге
асыратын орган – Кредиттік комитет

Қазақстан Республикасының
заңнамасына сәйкес құрылған өзге
де органдар

Корпорацияның таза пайдасы

60 356, 61

млн теңге

Корпорация корпоративтік басқаруды қызмет тиімділігін арттыру, беделін нығайту және капитал тарту шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару әділеттілік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік қағидаттарына негізделеді.

Тиімді корпоративтік басқару құрылымы барлық мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейді және Корпорацияның табысты қызметіне, соның ішінде оның құнының өсуіне, қаржылық тұрақтылықты және кірістілікті сақтауға ықпал етеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі

Корпоративтік хатшы

Ішкі аудит қызметі

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

Баспасөз хатшысы

Төрағаның кеңесшісі

Қауіпсіздік департаменті

Тәуекел-менеджмент департаменті

Басқарма Төрағасының орын-басарлары, Басқарма мүшелері

Басқарушы директор

Кредиттік департамент
Қаржы институттары мен НС қаржыландыру департаменті
Аймақтық даму департаменті
Мәселелі жобалар департамент
Жобаларды енгізу және сүйемелдеу департаменті
Кепілмен қамтамасыз ету департаменті
Салалық сараптама департаменті

Несиелерді басқару департаменті
Стратегиялық және корпоративтік даму департаменті
Қазынашылық департаменті
Жиынтық есептілік және деректердің бірыңғай қоймасы департаменті
Цифрландыру департаменті
Әдістеме және СМЖ департаменті
Бюджеттік тарту бөлімі
Несие комитетінің хатшысы

Адам ресурстарын басқару департаменті
Бюджеттік жоспарлау департаменті
Бухгалтерлік есеп және есептілік департаменті
Құқықтық департамент
Правовой департамент (дублируется)
Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту департаменті

ФИЛИАЛДАР

6.2. КОРПОРАЦИЯНЫҢ ОРТАЛЫҚ АППАРАТ ҚҰРЫЛЫМЫ

Корпорацияның ұйымдастырушылық құрылымы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқармасының 2024 жылғы 30 мамырдағы № 40 хаттамасына сәйкес бекітілген.

6.3. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫНА СӘЙКЕСТІК

2022 жылға арналған Корпорацияның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп 2023 жылғы 3 мамырдағы (№4 хаттама) Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді және Корпорацияның Корпоративтік басқару кодексінің 6 негізгі қағидатын сақтағанын растайды:

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ
МЕН МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ҚАҒИДАТЫ

КОРПОРАЦИЯ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПА-
РАТТЫ АШУ КЕЗІНДЕГІ АШЫҚТЫҚ ПЕН
ОБЪЕКТИВТІЛІК ҚАҒИДАТТАРЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН
КОРПОРАЦИЯНЫ ТИІМДІ БАСҚАРУ
ҚАҒИДАТЫ

ЗАҢДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТИКА
ҚАҒИДАТТАРЫ

КОРПОРАЦИЯНЫҢ ДЕРБЕС ҚЫЗМЕТ
ҚАҒИДАТЫ

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР АЛДЫНДАҒЫ
ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАҒИДАТЫ

1. **1Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты** – Корпорация Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды және құрметтеуді қамтамасыз етеді және Корпорацияның тиімді қызметіне, оның ішінде Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге және Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етеді;

2. **Директорлар кеңесі мен Корпорацияны тиімді басқару қағидаты** – Директорлар кеңесінің қызметі Жалғыз акционер мен Корпорация мүдделерін сақтау және іске асыру, парасаттылық, тиімділік, белсенділік, адалдық, ашықтық, нақтылық және жауапкершілік қағидаттарына негізделеді. Басқарма Корпорацияның ағымдағы қызметіне басшылық етеді және даму стратегиясын іске асыру мақсатында әрекет етеді. Басқарма қызметінің

негізгі қағидаттары: заңдылық, адалдық, парасаттылық, жүйелілік;

3. **Корпорацияның дербес қызмет қағидаты** – Корпорация өз қызметін дербес түрде жүзеге асырады;

4. **Корпорация қызметі туралы ақпаратты ашу кезіндегі ашықтық пен объективтілік қағидаттары** – Корпорация Жалғыз акционер мен мүдделі тараптардың негізделген шешімдер қабылдауы үшін сенімді ақпаратты уақтылы ашуды қамтамасыз етеді, оның ішінде қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, қызмет нәтижелері, меншік құрылымы мен басқару туралы;

5. **Заңдылық және этика қағидаттары** – Корпорация Қазақстан Республикасының заңнамасына, іскерлік этиканың жалпыға ортақ қағидаттарына, Жарғыға, Корпоративтік басқару

кодексінің ережелеріне және шарттық міндеттемелеріне сәйкес қатаң әрекет етеді;

6. **Мүдделі тараптар алдындағы жауапкершілік қағидаты** – Корпорация барлық мүдделі тараптардың құқықтарын таниды және құрметтейді, олармен ынтымақтастық орнатуға ұмтылады. Мүдделі тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құқықтары бұзылған жағдайда өтемақы алуға құқылы. Егер мүдделі тарап корпоративтік басқару процесіне қатысатын болса, онда ол өзекті, жеткілікті және сенімді ақпаратты уақтылы және тұрақты түрде алуға тиіс. Сонымен қатар, мүдделі тараптар заңнаманың немесе ішкі нормативтік құжаттардың бұзылғаны туралы Директорлар кеңесіне еркін түрде хабарлай алуы тиіс және мұндай жағдайда олардың құқықтары бұзылмауы тиіс.

6.4. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Корпорацияның жалғыз акционері – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғам. Ел экономикасын дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың негізгі операторы болып табылады.

Жалғыз акционермен өзара іс-қимыл Корпорация Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады, онда Жалғыз акционердің міндеттері мен құзыреті, оның мүдделерін қозғайтын қызмет туралы ақпарат ұсыну тәртібі, сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексімен өзара байланысы айқындалған.

Жалғыз акционердің ең маңызды функциялары қатарына мыналар жатады: Корпоративтік басқару кодексін бекіту, Корпорацияның Директорлар кеңесінің құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, сыртқы аудитті және жылдық қаржылық есептілікті бекіту.



Корпорацияның дивиденд саясаты

Корпорацияның дивиденд төлеуге қатысты мақсаттары, қағидаттары, мөлшері, нысаны, мерзімдері мен тәртібі «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғам Басқармасының 2021 жылғы 10 қарашадағы шешімімен бекітілген Дивиденд саясаты туралы Ережеде айқындалған.

Дивидендтерді төлеу Корпорацияның таза пайдасын бөлу және қайта инвестициялау негізінде, сондай-ақ бекітілген Даму стратегиясына және қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша Корпорация Директорлар кеңесі ұсынған ұсыныстарға сәйкес жүзеге асырылады.

Корпорацияның дивиденд саясаты мынадай қағидаттарға негізделеді:


- «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғам Жалғыз акционердің және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын орындауға

бағытталған төлемдер мен шығыстарды жүзеге асыру қажеттілігі қағидаты;

- «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғам қызметін қаржыландыруды, соның ішінде «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғам қаражаты есебінен іске асырылатын жаңа қызмет түрлері мен инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету қажеттілігі қағидаты;
- Корпорацияның даму шығындарын, соның ішінде инвестициялық қызметін қаржыландыру қажеттілігі қағидаты.

Корпорацияның жалғыз акционерінің күндізгі отырысының 2025 жылғы 30 мамырдағы № 26/25 шешіміне сәйкес 2024 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер мөлшері бекітілді.

Соңғы 3 жылда төленген дивидендтер туралы мәліметтер, млрд теңге



2025 жылы Корпорация 2024 жылдың қорытындылары бойынша дивиденд төлеуге 42,25 млрд теңге бағыттады. Бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 98,94 теңгені құрады.

6.5. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Корпорацияның Директорлар кеңесі – Корпорацияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын және Корпорацияның атқарушы органының қызметін бақылайтын басқару органы болып табылады, бұл ретте оның құзыреті Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және/немесе Корпорация Жарғысымен тек Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерден тыс жүргізіледі.

Сонымен қатар, ол тұрақты даму принциптерін енгізуге стратегиялық басшылық пен бақылау жасауға жауапты болып табылады және келесі мәселелерге ерекше назар аударады:

- Корпорацияның даму стратегиясын, оның ішінде бағыттары мен нәтижелерін айқындау;
- Даму жоспарының негізгі көрсеткіштерін белгілеу және мониторинг жүргізу;
- Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау;
- Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберіндегі негізгі стратегиялық

жобаларды бекіту және олардың орындалуына мониторинг жүргізу;

- Басқарма мүшелерін сайлау, ынталандыру, сабақтастықты жоспарлау және олардың қызметін қадағалау.

Корпорацияның Директорлар кеңесі өз қызметін Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Корпорация Жарғысына, Корпорацияның корпоративтік басқару кодексіне, Жалғыз акционердің шешімдеріне және Корпорацияның басқа да құжаттарына сәйкес жүзеге асырады. Бұл қызмет Корпорацияның міндеттерін орындауға – АӨК

субъектілерін қаржыландыру саласында заңды, қаржылық және беделдік тәуекелдерді барынша азайта отырып, Жалғыз акционердің, яғни Холдингтің мүддесіне сай келетін шешімдер қабылдауға бағытталған.

Директорлар кеңесінің құрамы оның мүшелерінің біліктілігі, тәжірибесі, білімі және іскерлік қасиеттері тұрғысынан теңгерімді болып табылады және Жалғыз акционердің сеніміне ие.

Директорлар кеңесінің мүшелері мінсіз іскерлік беделге, ауыл шаруашылығы, экономика, бизнес басқару және заң салаларындағы білімге, дағдылар мен тәжірибеге ие.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамында 7 адам бар, олардың 3-еуі (43%) тәуелсіз директорлар болып табылады. Бұл қабылданатын шешімдердің дербестігін және барлық мүдделі тараптарға әділ қатынасты қамтамасыз етуге ықпал етеді, бұл өз кезегінде Корпорацияның мүдделеріне сай келеді. Тәуелсіз директорларды іріктеудің басым критерийі – олардың кәсібилігі мен сыртқы

ықпалға тәуелді емес шешім, объективті шешімдер қабылдауға қабілеттілігі. Тәуелсіз директорлар өздерінің тәжірибесі мен білімін Корпорацияда үздік халықаралық тәжірибе стандарттарын енгізу үшін белсенді түрде пайдаланады. Олар Директорлар кеңесі жанындағы комитеттерге жетекшілік етеді және халықаралық басқару тәжірибесін енгізуге үлес қосады. Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін мәселелерді,

атап айтқанда, қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, мәмілелерді бекіту, атқарушы органға кандидаттарды ұсыну және оның мүшелеріне сыйақы мөлшерін белгілеу мәселелерін талқылауға белсенді түрде қатысады.


Директорлар кеңесінің мүшелерінің 100%-ы – жергілікті халық арасынан таңдалған. Барлық директорлар кеңесінің мүшелері – Қазақстан Республикасының азаматтары.

Азаматтық белгісі бойынша Директорлар кеңесінің құрамы




Директорлар кеңесінің барлық мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады

Жас санаты бойынша Директорлар кеңесінің құрамы



Директорлар кеңесінің 7 мүшесінің 6 - сы 30-дан 50 жасқа дейінгі санатқа кіреді, бұл 85,7% құрайды.

Гендерлік белгілері бойынша Директорлар кеңесінің құрамы



Директорлар кеңесінің 7 мүшесінің 6-ы ер адамдар.



**АЙДАПКЕЛОВ
Нұрболат Серғалиұлы**

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

1979 жылғы 22 шілдеде туған.

Білімі:

- 2000 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша аяқтаған;
- 2002 жылы Қазақ гуманитарлық-заң университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітіріп, «заңгер» біліктілігін алған.

2022 жылғы 1 ақпаннан бастап «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның Жалғыз акционерінің шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі, Директорлар кеңесінің төрағасы – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жалғыз акционерінің өкілі ретінде сайланған.

Атқарып отырған өзге лауазымдары:

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
- «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Жалғыз акционерінің өкілі.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- 2016 жылғы мамырдан 2020 жылғы қазанға дейін – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің төрағасы;
- 2020 жылғы қазаннан 2022 жылғы қаңтарға дейін – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының басшысы;
- 2022 жылғы қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-да, оның аффилиирленген компанияларында акциялары (қатысу үлесі) жоқ, сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның жеткізушілері мен бәсекелестерінің де акцияларына иелік етпейді.



**СОН
Вячеслав Владимирович**

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ – ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ӨКІЛІ

1982 жылғы 14 қаңтарда дүниеге келген.

Білімі:

- 2002 жылы Қазақ гуманитарлық заң университетін бітіріп, «Заңгер» біліктілігін алған;
- 2002 жылы Қазіргі заманғы гуманитарлық университетті «Лингвистика» мамандығы бойынша аяқтаған;
- 2008 жылы Халықаралық бизнес университетін «Қаржы және несие» мамандығы бойынша тәмамдаған;
- Лондон университетін (Ұлыбритания) «Коммерциялық және корпоративтік құқық» мамандығы бойынша құқық магистрі (LLM) дәрежесімен аяқтаған.

2022 жылғы 23 ақпанда «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жалғыз акционерінің шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционердің өкілі ретінде сайланған.

Атқарып отырған өзге лауазымдары:

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;
- 2022 жылғы 16 ақпаннан бастап – «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционердің өкілі;
- 2022 жылғы 22 сәуірден бастап – «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционердің өкілі.
- 2024 жылғы 26 ақпан мен 8 қазан

аралығында Директорлар кеңесінің мүшесі – «Береке Банк» АҚ Жалғыз акционерінің өкілі.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- 2009 жылдан 2012 жылға дейін – «Тау-Кен Самрук» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ басқарушы директоры;
- 2012 жылдан 2013 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Казспецэкспорт» РМК аппарат басшысы, бас директордың орынбасары;
- 2013 жылдан 2017 жылға дейін – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ аудит және бақылау департаментінің директоры;
- 2017 жылғы қаңтардан 2023 жылға дейін – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарушы директоры;
- 2023 жылғы қарашадан бастап – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-да, оның аффилиирленген компанияларында акциялары (қатысу үлесі) жоқ, сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның жеткізушілері мен бәсекелестерінің де акцияларына иелік етпейді.



КӨШКІМБАЕВ
Нияз Жеңісұлы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
МҮШЕСІ – ЖАЛҒЫЗ
АКЦИОНЕРДІҢ ӨКІЛІ

1979 жылғы 5 қыркүйекте дүниеге келген.

Білімі:

- 2001 жылы Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін «Электрмен жабдықтау және электрлендіру» мамандығы бойынша бітірген;
- 2002 жылы Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін «Экономика» мамандығы бойынша аяқтаған.

2022 жылғы 30 маусымда «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жалғыз акционерінің шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционердің өкілі ретінде сайланды.

Атқарып отырған өзге лауазымдары:

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарушы директоры;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

Өндіріс саласында, сондай-ақ экономика және қаржы саласындағы мемлекеттік қызметте еңбек еткен.

- 2017 жылдан 2020 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасары;
- 2020 жылдан 2022 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының орынбасары;
- 2022 жылғы маусымнан бастап – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарушы директоры.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-да, оның аффилиирленген компанияларында акциялары (қатысу үлесі) жоқ, сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның жеткізушілері мен бәсекелестерінің де акцияларына иелік етпейді.



БІРТАНОВ
Есжан Амантайұлы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
МҮШЕСІ – ТӘУЕЛСІЗ
ДИРЕКТОР

1975 жылғы 1 шілдеде дүниеге келген.

Білімі:

- 1992 жылдан 1993 жылға дейін Түркияның Анкара университетінде «Түрік тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша оқыған;
- 1997 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Экономика және басқару» мамандығы бойынша бітірген;
- 1998 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистратурасын «Экономика және басқару» мамандығы бойынша тәмамдаған (магистр);
- 2002 жылы «Тұран» университетін «Құқықтау» мамандығы бойынша аяқтаған;
- 2002 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аспирантурасын тәмамдаған;
- 2014 жылдың қаңтарынан қыркүйекке дейін М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде «Басқарушылық менеджмент» мамандығы бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен.

2022 жылғы 20 шілдеде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жалғыз акционері шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның тәуелсіз директоры ретінде сайланды.

Атқарып отырған өзге лауазымдары:

- 2022 жылғы сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін – «Freedom Finance Insurance» АҚ Сақтандыру компаниясы Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;

- 2022 жылғы сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін – «Freedom Finance Life» АҚ Сақтандыру компаниясы Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

Қаржы қызметтерін реттеу және көрсету саласында басшылық лауазымдарды атқарған.

- 2016 жылдан 2017 жылға дейін – «ҚР Ұлттық банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы;
- 2018 жылдан 2019 жылға дейін – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарушы директоры;
- 2019 жылдан 2021 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы Төрағасының орынбасары;
- 2021 жылдан 2022 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы тұрақты өкілдігінің басшысы – төраға орынбасары.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-да, оның аффилиирленген компанияларында акциялары (қатысу үлесі) жоқ, сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның жеткізушілері мен бәсекелестерінің де акцияларына иелік етпейді.



ТӨЛЕШОВ
Яхия Жаңабайұлы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
МҮШЕСІ – ТӘУЕЛСІЗ
ДИРЕКТОР

1974 жылғы 1 қаңтарда туған.

Білімі:

- 1996 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Механика және қолданбалы математика» мамандығы бойынша бітірген (маман);
- Стэнфорд университетінің кәсіби оқыту орталығында IPS бағдарламасы және жобаларды ілгерілетіп басқаруға бағытталған кәсіби дайындық бойынша оқудан өткен.

2022 жылғы 20 шілдеде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жалғыз акционерінің шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор ретінде сайланды.

Атқарып отырған өзге лауазымдары:

- «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Басқарма төрағасы.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

Қаржы қызметтерін реттеу саласында басшылық лауазымдарда жұмыс істеген.

- 2016–2017 жж. – «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС сервис шешімдер бағытының басшысы;

- 2019–2020 жж. – «Kazakh Invest» ЖШС жобалар жетекшісі және басқарма төрағасының кеңесшісі;
- 2020–2021 жж. – «Электрондық қаржы орталығы» АҚ басқарма мүшесі, басқарушы директор;
- 2022 жылғы қаңтар–сәуір аралығында – ҚР Ұлттық Банкі жанындағы қаржы технологиялары департаментінің директорының м.а.;
- 2022 жылғы маусымнан – «Электрондық қаржы орталығы» АҚ өндіріс жөніндегі басқарма төрағасының орынбасары;
- 2023 жылғы қыркүйектен бастап – «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Басқарма төрағасы;
- 2024 жылғы желтоқсаннан бастап – «цифрлық үкіметті қолдау орталығы» ПВХ РМҚ бас директорының бірінші орынбасары.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-да, оған аффилирленген ұйымдарда үлестік қатысуы жоқ, сондай-ақ жеткізушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.



ЖАЙЛАУБЕКОВА
Айгүл Әкешайқызы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕ-
СІ – ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

1971 жылғы 22 мамырда туған.

Білімі:

- 1988–1993 жж. – Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, Алматы қ., Экономика

және философия факультеті, Социология бөлімі (үздік диплом);

- 1994–1995 жж. – Ланкастер университетінің менеджмент мектебі, Ұлыбритания, ұйымдастырушылық талдау және мінез-құлық мамандығы бойынша ғылым магистрі дәрежесі (Master of Arts in Organisational Analysis and Behaviour);
- 1998–2003 жж. – ING Bank қызметкерлері үшін бірқатар банк курстары (Нидерланд, Австрия, Венгрия);
- 2006 ж. – Alpha Banking курсы, INSEAD Business School (Франция);
- 2008–2010 жж. – Citibank қызметкерлері үшін бірқатар банк курстары (Ұлыбритания, АҚШ, Ресей);
- 2011–2014 жж. – HSBC қызметкерлері үшін бірқатар банк курстары (Ұлыбритания, Франция, АҚШ).

2023 жылғы 15 желтоқсанда «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жалғыз акционерінің шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор ретінде сайланды.

Атқарып отырған өзге лауазымдары:

- 2020 жылғы қыркүйектен бастап – «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор;
- 2021 жылғы қыркүйектен бастап – Global University Systems Holding B.V. директорлар кеңесінің мүшесі – атқарушы емес директор (Амстердам, Нидерланд).

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

Банк саласындағы мансабын Нидерландтағы

MeesPierson және ING халықаралық банктерінің бас кеңселерінде бастаған. Ірі шетелдік қаржы ұйымдарының еншілес банктерінде және қазақстандық банктерде қаржы қызметтерін көрсету саласында басшылық қызметтер атқарған.

- 2007–2011 жж. – «Ситибанк Казахстан» АҚ – Жаһандық банкинг басшысы, 2008 жылдан бастап – Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2011–2015 жж. – «HSBC Bank Kazakhstan» (2014 жылдан бастап – «Altyn Bank» АҚ) – Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2015–2016 жж. – «Казкоммерцбанк» АҚ – Басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
- 2016–2018 жж. – «Цеснабанк» АҚ – Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2019 жылдан бастап – «InnoVision Management Consultancy» ЖШС – серіктес;
- 2020 жылдан бастап – «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ – тәуелсіз директор – директорлар кеңесінің мүшесі;
- 2021 жылдан бастап – Global University Systems Holding B.V. – атқарушы емес директор – директорлар кеңесінің мүшесі (Амстердам, Нидерланд).

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-да, оған аффилирленген ұйымдарда үлестік қатысуы жоқ, сондай-ақ жеткізушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.



ӘШІРБЕКОВ
Алмат Бүркітбайұлы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ – «АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

1986 жылғы 10 қыркүйекте дүниеге келген.

Білімі:

- 2008 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін «Қаржы» мамандығы бойынша бітірген (бакалавр);
- 2020 жылы Мәскеу қаржы-өнеркәсіп университетін «Бизнес әкімшілігі магистрі (МВА)» – Стратегиялық менеджмент бағыты бойынша тәмамдады.

2022 жылғы 31 қаңтарда «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жалғыз акционерінің шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасы және директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Атқарып отырған өзге лауазымдары:

- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасы.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- 2017 жылдан 2019 жылға дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Қайта құрылымдау және проблемалық жобалар департаментінің директоры;
- 2019 жылдан 2021 жылға дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
- 2021 жылдан 2022 жылға дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;
- 2022 жылғы 31 қаңтардан бастап – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасы

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-да, оған аффилирленген ұйымдарда үлестік қатысуы жоқ, сондай-ақ жеткізушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.

Тағайындау және іріктеу

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жарғысының 27-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, Директорлар кеңесінің сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу мәселелері Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес, Директорлар кеңесі құрамына кандидаттарды іздеу және іріктеу процесін Жалғыз акционер жүзеге асырады.

2024 жылы Корпорацияның Директорлар кеңесінің құрамында өзгерістер болған жоқ.

Директорлар кеңесінің комитеттер

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитет

Комитет Директорлар кеңесіне басым бағыттарды (даму бағыттары), стратегиялық мақсаттарды (даму стратегиясын) айқындау, корпоративтік даму мәселелері бойынша, соның ішінде Корпорация қызметінің орта және ұзақ мерзімді перспективада тиімділігін, рентабельділігін және орнықты дамуын арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу бойынша ұсыныстар дайындауды жақсарту мақсатында құрылған.

ТАӘ	Лауазымы
Жайлаубекова Айгүл Әкешайқызы	Комитет төрағасы
Біртанов Есжан Амантайұлы	Комитет мүшесі
Төлешов Яхия Жаңабайұлы	Комитет мүшесі

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет

Комитет Корпорацияның қаржы-шауашылық қызметіне (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығына) тиімді бақылау жүйесін орнату, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігіне мониторинг жүргізу, сыртқы және ішкі аудиттің, сондай-ақ комплаенс қызметінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету арқылы Қазақстан Республикасының заңнама-сы мен ішкі құжаттарының сақталуын бақылау, сондай-ақ тәуекелдерді басқарудың барабар жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, оны жетілдіру және нығайту бойынша ұсыныстар дайындау арқылы Директорлар кеңесінің жұмысын тиімді және сапалы жүргізу мақсатында құрылған.

ТАӘ	Лауазымы
Біртанов Есжан Амантайұлы	Комитет төрағасы
Төлешов Яхия Жаңабайұлы	Комитет мүшесі
Жайлаубекова Айгүл Әкешайқызы	Комитет мүшесі

Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Комитет Директорлар кеңесінің кадр саясаты, тағайындау және сыйақы жүйесі саласындағы құзыретіне кіретін мәселелерді терең талдау және мониторинг жүргізу, сондай-ақ Корпорацияның Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарма мүшелерінің, корпоративтік хатшының қызметіне баға беру және Басқарма төрағасы мен мүшелерінің орнына келетін кадрларды жоспарлау бойынша тиімді және сапалы жұмысын арттыру мақсатында құрылған.

ТАӘ	Лауазымы
Төлешов Яхия Жаңабайұлы	Комитет төрағасы
Жайлаубекова Айгүл Әкешайқызы	Комитет мүшесі
Біртанов Есжан Амантайұлы	Комитет мүшесі

Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметі туралы есеп


Директорлар кеңесінің қызметі кәсібилік, парасаттылық және сақтық, адалдық пен объективтілік қағидаттарына, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидатына негізделеді.

- Директорлар кеңесі
- Басқарма
- Есеп беретін қызметтер мен бірліктер Директорлар кеңесіне
- Қызмет бойынша өзге де мәселелер Корпорациялар

Директорлар кеңесі мен оның комитеттері өткізген отырыстар саны

Барлығы 20 Директорлар кеңесінің отырысы өткізілді, олардың барлығына Директорлар кеңесінің мүшелері қатысты. Төрт отырысқа бір мүшенің еңбек демалысында болуына байланысты Кеңестің 7 мүшесінің 6-ы ғана қатысты. Дегенмен, отырыстарда кворум қамтамасыз етілді, бұл шешімдер қабылдауға және қажетті мәселелерді талқылауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Директорлар кеңесі Комитеттерінің 30 отырысы өткізілді.

Қарастырылған мәселелер (барлығы 93 сұрақ)



Корпорация Директорлар кеңесінің тұрақты даму және ESG мәселелеріне тартылуы олардың стратегиялық шешімдерді қабылдаудағы негізгі рөлімен айқындалады. Бұл, ең алдымен, келесі екі бағытта көрініс табады:

1. АНК-ның Даму стратегиясын бекіту. Корпорацияның Даму стратегиясын қарау және бекіту – Директорлар кеңесінің құзыретінде. Егер бұл Стратегия тұрақты даму мен ESG қағидаттарын енгізу бағыттарын қамтыса, бұл Директорлар кеңесінің бұл мәселелердің маңыздылығын жақсы түсініп қана қоймай, оларды Корпорацияның ұзақ мерзімді көзқарасы мен мақсаттарына біріктіру жауапкершілігін өзіне алатынын білдіреді.

2. Корпорацияның Жылдық есебін бекіту. Жылдық есеп – есепті кезеңдегі Корпорация қызметінің нәтижелерін қамтитын жан-жақты құжат. Егер бұл есепте тұрақты даму және ESG саласындағы ілгерілеу туралы ақпарат қамтылса, ал оны Директорлар кеңесі бекітсе, бұл олардың осы саладағы міндеттерді орындауға бақылау жасап, баға беріп отырғанын білдіреді.

Осылайша, тұрақты даму және ESG тақырыптарына қатысты бөлімдердің АНК-ның Даму стратегиясына және Жылдық есебіне

енгізілуі және оларды Директорлар кеңесінің бекітуі – басқарушы жоғары органның бұл мәселелерге жүйелі әрі ресми түрде тартылғанын дәлелдейді. Бұл бүкіл ұйым үшін бағыт-бағдар береді, тиісті бақылау мен стратегиялық басқаруды қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

Корпорацияның Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметі жыл сайын бағаланады. 2024 жылы бұл бағалау ішкі ресурстар есебінен анонимді сауалнама жүргізу арқылы іске асырылды. Директорлар кеңесінің және оның мүшелерінің жұмыс тиімділігі оң бағаланды.

Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы белгілеу ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады және бұл ретте аталған тұлғаның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан Қоғам үшін күтілетін

оң әсер ескерілуі тиіс. Сыйақы тек тәуелсіз директорларға төленеді және ол Қоғамның Жалғыз акционері қабылдаған шешім негізінде жүзеге асырылады, егер бұл өзге жағдайлар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның нормативтік құжаттарында немесе олардың жұмыс істейтін ұйымдарында көзделмесе. Қоғамның Басқарма Төрағасына Директорлар кеңесінің жұмысына қатысқаны үшін сыйақы төленбейді. Тұрақты жылдық сыйақы мөлшерін Жалғыз акционердің шешімімен айқындалады.

Қоғамның Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес, тәуелсіз директорларға келесі нысандарда сыйақы төленеді:

- Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде тұрақты жылдық сыйақы;
- Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы ретінде комитет жұмысына қатысқаны үшін тұрақты жылдық сыйақы;
- Директорлар кеңесі комитетінің мүшесі ретінде комитет жұмысына қатысқаны үшін тұрақты жылдық сыйақы.

Сонымен қатар, тәуелсіз директорларға тұрақты тұратын жерінен тыс жерде өткізілетін Директорлар кеңесінің отырыстарына баруға

байланысты шығындар (жол ақысы, тұру, тәуліктік шығындар) өтеледі. Егер Директорлар кеңесінің шешімі нәтижесінде Қоғамға залал келтірілгені анықталса

және сол шешім үшін тәуелсіз директор дауыс берген болса, сыйақы төленбейді. 2024 жылы тәуелсіз директорларға төленген сыйақы сомасы 18,7 млн теңгені құрады. Бұл

сомаға әлеуметтік қамсыздандыру жарналары, әлеуметтік салық және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары кіреді.

6.6. БАСҚАРМА

«Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғам Жарғысына сәйкес, Басқарма – Корпорацияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын атқарушы орган болып табылады және өзінің қызметінде тек Корпорация мен Жалғыз акционердің мүдделерін

басшылыққа алады. Басқарма Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және Корпорация Жарғысында басқа органдардың құзыретіне жатқызылмаған, оның ішінде заңнамада және Жарғыда тікелей Басқарманың құзыретіне

жатқызылған кез келген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы. Басқарма мүшелерінің жергілікті халық арасынан тартылған үлесі – 100%. Басқарма мүшелерінің барлығы – Қазақстан Республикасының азаматтары.

Азаматтық белгісі бойынша басқарма құрамы



Басқарма құрамы гендерлік негізде



Жас санаты бойынша басқарма құрамы



2024 жылғы 1 қаңтардан 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі Басқарма құрамы:

№	Басқарма мүшесінің ТАӘ	Басқарма құрамына енгізілген күні	Лауазымы	Басқарма құрамынан шыққан күні	Тағайындау туралы шешімнің нөмірі мен күні
1	Әшірбеков А.Б.	31.01.2022 жылы	Басқарма Төрағасы		«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 05/22 шешімі
2	Сапулатов Қ.Қ.	16.02.2022 жылы	Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі		«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 15 ақпандағы шешімі
3	Досқараев А.Е.	13.02.2023 жылы	Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі		«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы шешімі
4	Молдашев Е.Қ.	14.03.2024 жылы	Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі		«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 14 наурыздағы шешімі
5	Набиев М.Е.	28.11.2022 жылы	Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі	«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 14 наурыздағы өкілеттігін 2024 жылғы 14 наурыздан бастап мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімі	«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 14 наурыздағы өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімі. Тағайындау: 2022 жылғы 28 қарашадағы шешім
6	Искаков М.К.	31.01.2023 жылы	Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі	«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 22 қарашадағы өкілеттігін 2024 жылғы 22 қарашадан бастап мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімі	«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 22 қарашадағы өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімі. Тағайындау: 2023 жылғы 31 қаңтардағы шешім
7	Аяпбергенов Т.Ж.	22.11.2024 жылы	Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі		«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 22 қарашадағы шешімі

Басқарма Төрағасы Басқармаға жетекшілік етеді.
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорация Басқармасы 5 мүшеден тұрады:

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ



ӘШІРБЕКОВ
Алмат Бүркітбайұлы

1986 жылғы 10 қыркүйекте туған.

Білімі:

- 2008 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін «Қаржы» мамандығы бойынша бітірген;
- 2020 жылы Мәскеу қаржы-өнеркәсіптік университетінің «Синергия» магистратурасын «Іскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA)» – Стратегиялық менеджмент мамандығы бойынша аяқтаған.

2022 жылғы 28 қаңтардағы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының № 05/22 шешімімен 2022 жылғы 31 қаңтардан бастап «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- 2017 жылғы 21 ақпаннан 2019 жылғы 30 шілдеге дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Қалпына келтіру және проблемалық жобалар департаментінің директоры;

- 2019 жылғы 31 шілдеден 2021 жылғы 30 маусымға дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
- 2021 жылғы 1 шілдеден 2022 жылғы 28 қаңтарға дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2022 жылғы қаңтардан қазіргі уақытқа дейін – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасы.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның, оған аффилирленген компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



САПУЛАТОВ
Қайрат Қаертарұлы

1984 жылғы 12 тамызда туған.

Білімі:

- 2005 жылы М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Қаржы және несие» мамандығы бойынша (үздік дипломмен) тәмамдаған (Петропавл қ.).

2022 жылғы 15 ақпандағы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің №3 шешімімен 2022 жылғы 16 ақпаннан бастап «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі болып сайланды.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- 2009–2018 жылдары «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингінің құрылымында әртүрлі басшылық лауазымдарда жұмыс істеді;
- 2018–2019 жылдары – «КазАгроПродукт» АҚ Басқарма төрағасы;

- 2019–2020 жылдары – «Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы» АҚ Атқарушы директоры;
- 2020–2021 жылдары – «Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі;
- 2022 жылғы ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның, оған аффилирленген компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



ДОСҚАРАЕВ
Айдын Еділханұлы

1979 жылғы 13 қыркүйекте туған.

Білімі:

- 2000 жылы Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Қаржы және несие. Банк ісін ұйымдастыру» мамандығы бойынша тәмамдаған.

2023 жылғы 31 қаңтардағы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің №1 шешімімен 2023 жылғы 13 ақпаннан бастап «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі болып сайланды.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

Банк саласында әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеген.

- 2018 жылы – «Цесна банк» АҚ-ның бөлшек несиелеу департаментінің директоры, Астана қ.;
- 2018–2020 жылдары – «ЦентрКредит Банкі» АҚ-ның шағын бизнес департаментінің директоры, Алматы қ.;

- 2020–2023 жылдары – «Cordial Group» компаниялар тобының инвестициялар және қаржы жөніндегі бас директорының орынбасары;
- 2023 жылғы ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның, оған аффилирленген компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



МОЛДАШЕВ
Ерлан Қарыбайұлы

1981 жылғы 7 шілдеде туған.

Білімі:

- 2003 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетін «АӨК кәсіпорындарындағы экономика және менеджмент» мамандығы бойынша аяқтаған;
- 2017 жылы А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетін «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша тәмамдаған.

2024 жылғы 14 наурыздағы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің №2 шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі болып сайланды.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

Квазимемлекеттік секторда жұмыс істеген.

- 2013–2015 жылдары – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Несие әкімшілендіру департаментінің директоры;

- 2015–2022 жылдары – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жобаларды әкімшілендіру департаментінің директоры;
- 2022 жылғы 1 наурыздан 2024 жылғы 13 наурызға дейін – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарушы директор;
- 2024 жылғы 14 наурыздан бастап – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның, оған аффилирленген компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



АЯПБЕРГЕНОВ
Тимур Жанболұлы

1984 жылғы 1 қазанда туған.

Білімі:

- 2005 жылы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша аяқтаған;
- 2007 жылы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

Екінші деңгейдегі банктерде жұмыс істеген.

- 2017 жылғы 10 қаңтардан 2019 жылғы 8 қаңтарға дейін – «Цеснабанк» АҚ Басқарушы директор;
- 2019 жылғы 8 қаңтардан 2019 жылғы 5 ақпанға дейін – «Цеснабанк» АҚ Басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
- 2019 жылғы 7 ақпаннан 2019 жылғы 1 сәуірге дейін – «Цеснабанк» АҚ Бас кеңсесінің басқарушы директоры;
- 2019 жылғы 4 мамырдан 2020 жылғы 4 наурызға дейін – BIG 4 салалық кеңесшісі, «RUMIT» ЖК;

- 2020 жылғы 12 қыркүйектен 2022 жылғы 31 мамырға дейін – «The Development Fund Of Agriculture» LTD жекеменшік компаниясының Бас атқарушы директоры (CEO);
- 2022 жылғы 1 қыркүйектен 2024 жылғы 7 наурызға дейін – «RUMIT» ЖК басшысы;
- 2024 жылғы 11 сәуірден 2024 жылғы 21 қарашаға дейін – «Agro Consulting Company» ЖШС директоры;
- 2024 жылғы 22 қарашадан бастап – «Аграрлық несиесі корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі.

2024 жылғы 22 қарашадағы «Аграрлық несиесі корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің №20 іргелі отырысының шешімімен Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі болып сайланды.

«Аграрлық несиесі корпорациясы» АҚ-ның, оған аффилирленген компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Аграрлық несиесі корпорациясы» АҚ-ның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.

Тағайындау және іріктеу

«Аграрлық несиесі корпорациясы» АҚ Басқармасы туралы Ереженің 10-тармағына сәйкес, Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін айқындау, оның мүшелерін (Басқарма төрағасынан басқа) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

Аталған Ереженің 11-тармағына сәйкес, Басқарма құрамына кандидатураларды ұсынуды Басқарма төрағасы жүзеге асырады – алдымен бұл ұсыныстар Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің алдын ала қарауына, содан кейін – Директорлар кеңесінің қарауына енгізіледі.

«Аграрлық несиесі корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 14 наурыздағы № 2 және 2024 жылғы 22 қарашадағы № 20 іргелі отырыстарының шешімдерімен Молдашев Ерлан Қарыбайұлы мен Аяпбергенов Тимур Жанболұлы Басқарма

төрағасының орынбасарлары, сондай-ақ «Аграрлық несиесі корпорациясы» АҚ Басқарма мүшелері болып сайланды.

Корпорация комитеттері

Несиелік комитеттер

Комитеттің негізгі мақсаттары: Корпорацияның несиелік саясатын тиімді іске асыру, тәуекел мен кірістіліктің теңгерімді арақатынасын қамтамасыз ету, сондай-ақ Корпорацияның ішкі құжаттары мен заңнамасының талаптарын сақтау және орындау.

Комитеттің негізгі міндеті – Корпорация мүдделерін ескере отырып, несиелеу мәселелерін жан-жақты, объективті және білікті түрде қарау негізінде салмақты несиелік саясат жүргізу және несиесі портфелінің жай-күйіне бақылау жүргізу.

Комитет Корпорацияның несиелік қызметін жүзеге асыруға байланысты кез келген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға өкілетті, бұл ретте өкілеттіктер лимиттерінің тізбесіне сәйкес әрекет етеді. Аталған тізбе Корпорацияның Басқармасымен бекітіледі. Жоғары тұрған органдардың құзыретіне жататын мәселелер бұл ережеден тыс.

Несиелік процесті оңтайландыру мақсатында Корпорацияда ішкі несиелік саясатты жүзеге асыратын келесі алқалы органдар мен жеке өкілетті тұлғалар құрылды:

- Үлкен несиелік комитет (ҮНК);
- Кіші несиелік комитет (КНК);
- Филиалдың несиелік комитеті (ФНК).

Несиелік комитеттің ұйымдастырушылық құрылымы:

- Несиелік комитет төрағасы;
- Несиелік комитет мүшелері;
- Несиелік комитет хатшысы (шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқығына ие емес).

Ішкі несиелік саясатты жүзеге асыратын алқалы органдар өз шешімдерін өкілеттік лимиттері шеңберінде қабылдайды.

Несиелік комитеттердің жұмысы тұрақты негізде жүзеге асырылады.

2024 жылы барлығы өткізілді:

- ҮНК 118 отырысы;
- КНК 113 отырысы

Тәуекелдер жөніндегі комитет

Комитет – бұл Тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеу процесін үйлестіретін/ұйымдастыратын, тұрақты негізде жұмыс істейтін, алқалық, кеңес беру және консультациялық сипаттағы орган болып табылады. Комитет Басқарма берген өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді. Комитет қабылдаған барлық шешімдер Басқарма үшін ұсынымдық сипатқа ие.

Комитет келесі мәселелер бойынша Басқармаға ұсыныстар әзірлеу және ұсыну мақсатында құрылады:

1. тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуі, ұйымдастырылуы және тиімділігін қолдау мәселелерін терең пысықтау;
2. тәуекелдерді анықтау, бағалау, бақылау және мониторинг жүргізуге арналған процестерді дамыту;
3. тәуекелдерді басқару бойынша біріктірілген процесті қалыптастыру, тәуекелдерді басқару мәдениетін (тәуекел мәдениетін) енгізу және дамыту.

Комитет Басқарманың шешімімен құрылады. Комитеттің құрамына 9 (тоғыз) адам кіреді.

Комитеттің жеке құрамы Корпорация Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Комитетті Корпорация Басқармасының мүшесі басқарады және оның құрамына келесі тұлғалар кіреді:

1. Комитет төрағасы – Кепілмен қамтамасыз ету департаментінің жұмысын үйлестіретін Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі;
2. Комитет төрағасының орынбасары – Несиелеу департаментінің жұмысын үйлестіретін Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі;
3. Комитет мүшелері – Цифрландыру департаментінің жұмысын үйлестіретін басқарушы директор және бірқатар департаменттердің басшылары.

2024 жылы Басқарма жанындағы Тәуекелдер жөніндегі комитеттің 1 отырысы өткізілді, 1 мәселе қаралды.

Бюджеттік комиссия

Бюджеттік комиссия – бұл Корпорацияның бюджеттік жоспарлау процесін іске асыруды үйлестіретін, Басқарма Төрағасының бұйрығы негізінде құрылатын, Корпорацияның тұрақты жұмыс істейтін органы.

Бюджеттік комиссия қызметінің негізгі мақсаты – Корпорацияның Даму жоспарын әзірлеу/түзету кезеңінде бюджеттік жоспарлау процесін қамтамасыз ету, сондай-ақ бекітілген Даму жоспарының орындалуын мониторингілеу.

Бюджеттік комиссияның негізгі міндеттері:

1. Даму жоспарының кіріс және шығыс бөліктерін әзірлеу/түзету бойынша ұсыныстар әзірлеу;
2. қойылған мақсаттар, міндеттер, Корпорацияның Даму стратегиясында және өзге де құжаттарда белгіленген негізгі қызмет көрсеткіштері ескеріліп, жоспарлаудың белгілі бір кезеңінде қолдануға қажетті көрсеткіштерді қарау/ұсыну;

3. Корпорацияның Даму жоспарын әзірлеу/түзету нәтижелерін Басқарма қарауына шығаруға дейін қарау;
4. есепті кезеңдегі Даму жоспарының орындалуы бойынша ұсыныстар әзірлеу;
5. есепті кезеңдегі Даму жоспарының мониторинг нәтижелерін Басқарма қарауына шығаруға дейін қарау.

Бюджеттік комиссия Басқарма Төрағасының бұйрығымен құрылады.

Бюджеттік комиссияның құрамына мыналар кіреді:

1. Комиссия төрағасы;
2. Комиссия төрағасының орынбасары;
3. Комиссия мүшелері.

2024 жылы Бюджеттік комиссияның 5 отырысы өткізілді.

Стратегиялық және корпоративтік даму жөніндегі комитет

Комитет – бұл Қоғам Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган. Комитет Басқарманың шешімі негізінде құрылады және тікелей Қоғам Басқармасына есеп береді.

Комитеттің негізгі мақсаты – Даму стратегиясын іске асырудың тиімділігін арттыру, корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және Қоғам мен оның ЕТҰ-ларының қызметінде тұрақты дамуды қамтамасыз ету.

Өзінің негізгі мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін Комитет келесі мәселелерді қарайды:

1. ЕТҰ-ның Даму стратегиясын бекітуге/өзгертуге, есепті жылға арналған ЕТҰ-ның негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі жоспарланған іс-шараларға қатысты ұсыныстар/ұсынымдар әзірлеу;
2. ЕТҰ стратегиялық көрсеткіштерінің орындалуына мониторинг жүргізу, тиісті Қоғам/ЕТҰ органдарына ұсынымдар енгізу;
3. ЕТҰ-да Корпоративтік басқару кодексine өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар/ұсынымдар әзірлеу;

4. ЕТҰ-да Корпоративтік басқару кодексі қағидаттарының сақталуы туралы есеп нысаны бойынша ұсыныстар/ұсынымдар әзірлеу;
5. Корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесін өзгерту бойынша ұсыныстар/ұсынымдар әзірлеу;
6. ЕТҰ-да корпоративтік басқаруды диагностикалау нәтижелерін қарау;
7. ЕТҰ Басқарма мүшелерінің ҚНҚ жоспарлау/түзету мәселелерін қарау;
8. ЕТҰ Басқарма мүшелерінің ҚНҚ карталарын қалыптастыру бойынша тәсілдер мен/немесе әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу;
9. ЕТҰ тұрақты даму саласындағы мәселелерді қарау;
10. ЕТҰ-ның Даму стратегиясы мақсаттарына қол жеткізу тәсілдерін бағалау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу және қарау;
11. ҚНҚ көрсеткіштерін орындау және ҚНҚ-ге қол жеткізу бойынша жоспарланған іс-шаралар жөніндегі жылдық есептерді, аудиттік шолуға, аудиттелген қаржылық есептілікке (қажет болған жағдайда), сондай-ақ есепті қаржы жылындағы ҚНҚ орындалу қорытындыларына негізделген ЕТҰ атқарушы органының



қызметін бағалау үшін ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу және қарау;

12. ЕТҰ қызметінің тиімділігін арттыру, ЕТҰ қызметінің тиімділігін бағалау мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу және қарау.

Комитет Қоғам Басқармасының шешімімен құрылады. Комитеттің құрамында кемінде 6 (алты) адам болуы тиіс.

Комитет Төрағасы – стратегия және корпоративтік даму мәселелерін қадағалайтын Басқарма Төрағасының орынбасары немесе оның өкілеттігін жүзеге асыратын тұлға. Комитет Төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Комитет Төрағасының орынбасары орындайды.

Комитет мүшелері болып табылады:

1. бюджеттік жоспарлау, қазынашылық, бухгалтерлік есеп және есептілік мәселелерін қадағалайтын Басқарма Төрағасының орынбасары немесе оның өкілеттігін жүзеге асыратын тұлға – Комитет Төрағасының орынбасары;
2. стратегия және корпоративтік даму мәселелері жөніндегі департамент директоры немесе оның өкілеттігін жүзеге асыратын тұлға;

3. бюджеттік жоспарлау мәселелері жөніндегі департамент директоры немесе оның өкілеттігін жүзеге асыратын тұлға;
4. адами ресурстарды басқару мәселелері жөніндегі департамент директоры немесе оның өкілеттігін жүзеге асыратын тұлға;
5. тәуекел-менеджмент мәселелері жөніндегі департамент директоры немесе оның өкілеттігін жүзеге асыратын тұлға.

2024 жылы Комитеттің 4 отырысы өткізілді.

Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет

Комитет Қоғам Басқармасының шешімі негізінде құрылатын және тікелей Қоғам Басқармасына есеп беретін тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады.

Комитеттің мақсаты – активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру, тәуекелдерді (қаржылық, операциялық, стратегиялық, құқықтық) оңтайландыру және қаржылық

тұрақтылықты қамтамасыз ету қағидаттарына қол жеткізу мақсатында Қоғамның/ЕТҰ-ның активтері мен пассивтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Комитет келесі функцияларды орындайды:

Активтер мен пассивтерді басқару бөлігінде:

1. Қоғамның өтімді қаражатқа қажеттілігін және өтімділікке бақылауды айқындау бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу;
2. уақытша бос ақша қаражатын қаржы нарығындағы қаржы құралдарымен басқару бойынша белсенді операцияларды жүргізу лимиттерін әзірлеу және белгілеу бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу;
3. Қоғамның/ЕТҰ-ның қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу;
4. бағалы қағаздарды сатып алу/сату бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу;
5. бағалы қағаздарды орналастыру шеңберінде брокерлердің, андеррайтерлердің, қаржылық кеңесшілердің және бағалы қағаздар нарығының басқа да қатысушыларының

қаржылық қызметтерін таңдау бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу;

6. Қоғамның/ЕТҰ-ның инвестициялық портфелінің құрылымы бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу;
7. Қоғамның/ЕТҰ-ның қарыз алушыларына қаржыландыру шарттары (қаражат көзі, сыйақының (несиелеудің) номиналдық мөлшерлемесі мен баға белгілеу есебі, несиелеу мерзімі, негізгі қарыз және сыйақы бойынша өтеу кезеңділігі, жеңілдікті кезең) мен жаңа қызмет түрлері (операциялар) бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу – табысты барынша арттыру және тәуекелдерді барынша азайту мақсатында;
8. Қоғамның/ЕТҰ-ның қарыз қаражатын тарту шарттары бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу;
9. активтер мен пассивтерді басқару бойынша есептерді, ақша қаражатының қозғалысы туралы ағымдағы және болжамды есепті және активтер мен пассивтер балансының құрылымы туралы есепті және Комитеттің құзыреті шеңберінде Тәуекелдерді басқару қағидаларына сәйкес көзделген өзге

де есептерді қарау және мониторинг жүргізу, сондай-ақ уақытша бос ақша қаражатының уақытша қолжетімділігін есептеуді қарау және бекіту. Есептерді қарау кезеңділігі осы Ережеге 3-қосымшада көрсетілген;

10. банк-контрагенттердің қаржылық жағдайын талдау бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу.

Қаржылық тәуекелдерді басқару бөлігінде:

1. Қоғамның банк-контрагенттері бойынша лимиттерді белгілеу / Қоғамның ЕТҰ үшін бір қарыз алушыға есептелген ең жоғары лимиттен асып түсетін банк-контрагенттерге лимиттер белгілеу мәселелері бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу;
2. Қаржылық тәуекелдер бойынша есептерді қарау және ұсыныстар әзірлеу. Есептерді қарау кезеңділігі осы Ережеге 3-қосымшада көрсетілген;
3. Қоғамның валюталық позициясы және конверсиялық операциялары мәселелері бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу;
4. Қоғамның/ ЕТҰ-ның туынды қаржы құралдарымен жасалатын операциялары бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу;

5. Қоғамда өтімділік дағдарысы туындаған жағдайда, пруденциялық нормативтердің ықтимал және нақты бұзылу жағдайларын да іс-қимыл жоспарын әзірлеу бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу;
6. Өз құзыреті шеңберінде жоғарыда көрсетілген мәселелерге қатысты Қоғамның/ЕТҰ-ның қызметіне байланысты басқа да мәселелерді қарау.

Қоғам тобы шеңберінде ресурстарды қайта бөлу бөлігінде:

1. Қоғамның/ЕТҰ-ның Қоғам тобы ішіндегі қаржылық ресурстар есебінен қаржыландыру мәселелерін қарау және ұсыныстар әзірлеу.

Комитеттің құрамында кемінде 6 (алты) адам болуы тиіс.

Комитет төрағасы – Қоғамның қаржылық мәселелеріне жетекшілік ететін Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі.

Комитеттің тұрақты жұмыс істейтін лауазымды құрамы мыналарды қамтиды:

1. Қоғамның стратегиялық жоспарлауға жауапты департамент директоры –

Комитет төрағасының орынбасары;

- Қоғамның қазынашылық операцияларын жүзеге асыруға жауапты департамент директоры – Комитет мүшесі;
- Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесіне жауапты департамент директоры – Комитет мүшесі;
- Қоғамның бюджеттік жоспарлауға жауапты департамент директоры – Комитет мүшесі;
- Қоғамның кредит беру бағытына жауапты департамент директоры – Комитет мүшесі;
- Қаржы институттарын қаржыландыруға жауапты Қоғам департаментінің директоры – Комитет мүшесі.

2024 жылы Комитеттің
29 отырысы өткізілді.

Басқарма қызметі туралы есеп

Басқарманың қызметіндегі мақсат – Корпорацияның даму стратегиясы мен даму жоспарын тиімді іске асыру.

Басқарманың негізгі міндеттері:

- Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін сапалы және уақтылы орындау;
- Корпорацияның ағымдағы қызметінің даму стратегиясы мен даму жоспарының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін қамтамасыз ету;
- Корпорацияның активтерімен, міндеттемелерімен және капиталымен тиімді басқаруды жүзеге асыру;
- Өз құзыреті шеңберінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Басқарманың қызметі келесі қағидаттарға негізделеді:

- Ашықтық және айқындық;

- Жауапкершілік және есеп берушілік;
- Міндеттерді объективті бөлу;
- Операцияларды тиісті мақұлдау және бекіту;
- Кешенділік және жүйелілік;
- Үздіксіз даму және жетілдіру;
- Икемділік;
- Бақылаудағы елеулі кемшіліктер мен әлсіз тұстарды уақтылы анықтау және әрекет ету;
- Басқарма қызметінің басым бағыттары;
- Технологиялық тиімділік;
- Қызметкерлердің құзыреттілігі;
- Процедуралардың құжатталуы;
- Ақпараттың шынайылығы және толықтығы.

2024 жылы Басқарманың 97 отырысы өткізілді, олардың барлығы көзбе-көз форматта өтті.

Жалпы алғанда, 2024 жылы Басқарма 386 мәселені қарастырды, оның ішінде 63 мәселе Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына енгізілді, бұл мәселелер бойынша шешімдер қабылданып, тиісті тапсырмалар берілді.

Қаралған мәселелердің негізгі блоктары:

- Жеке акционер мен Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау (ішкі аудит қызметі, корпоративтік хатшы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі және омбудсменге қатысты мәселелерден басқа);
- Даму жоспары аясында бекітілген жылдық бюджетті бекіту;
- Директорлар кеңесімен бекітілген жалпы қызметкерлер саны шегінде штат кестесі мен ұйымдық құрылымды бекіту. Бұл ретте, ұйымдық құрылымды өзгерту күнтізбелік жылда бір реттен артық болмауы тиіс (жаңа бизнес-процестер мен/немесе қызмет бағыттарының пайда болуы және/немесе қолданыстағыларынан бас тарту, қайта ұйымдастыру, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына өзгерістер енгізу, жаңа мемлекеттік бағдарламалардың бекітілуі немесе қолданыстағы бағдарламаларға өзгерістер мен/немесе толықтырулар енгізу жағдайларын қоспағанда);
- Корпорацияның ағымдағы қызметіне басшылық ету, Жеке акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының заңнамасы және (немесе) Жарғыға сәйкес Жеке акционер мен (немесе) Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған, Корпорация қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі құжаттарды бекіту;
- Еңбек ақысын төлеу, сыйақы беру, әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларын, сондай-ақ қызметкерлердің лауазымдық жалақы схемасын бекіту (Басқарма Төрағасы мен мүшелері, ішкі аудит қызметі, корпоративтік хатшы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінен басқа);
- Корпорацияның міндеттемелерін меншікті капиталдың екіден он пайызға дейінгі мөлшеріне ұлғайту туралы шешім қабылдау және Қазақстан Республикасының заңнамасы және (немесе) Жарғыға сәйкес басқа басқару органдарының құзыретіне жатқызылмаған басқа мәмілелерді жасасу;
- Корпорация қызметін қамтамасыз етуге байланысты, басқа басқару органдары мен лауазымды тұлғалардың айрықша құзыретіне кірмейтін басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

Басқарма мүшелерінің сыйақысы

Жыл қорытындысы бойынша Басқарма мүшелеріне сыйақы мен өтемақы төлеу, Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 маусымдағы (№11 хаттама) шешімімен бекітілген Қоғамның басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Сыйақы сараланған жеке тәсілге негізделген, ол атқаратын жұмыстың күрделілігін және лауазым деңгейін ескереді. Сыйақы жылына бір рет төленеді және оның мөлшері стратегиялық негізгі қызмет көрсеткіштерінің орындалу нәтижелері мен Директорлар кеңесі тарапынан жұмыстың бағалануына байланысты айқындалады.

Қоғам Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің еңбекақы төлеу, сыйақы беру және әлеуметтік қамтамасыз ету шарттары туралы Ережеге сәйкес, сыйақы төлеудің негізгі кезеңдері мыналарды қамтиды:

1. Негізгі қызмет көрсеткіштері мен жоспарлы мәндерді айқындау.
2. Негізгі қызмет көрсеткіштерін бекіту.
3. Қол жеткізілген негізгі көрсеткіштердің нәтижелерін есептеу және бекіту.

Басқарма мүшелерінің сыйақысы келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

- Негізгі жалақы – жасалған еңбек шартына сәйкес лауазымдық жалақы;

- Алдыңғы жылдың жұмыс қорытындыла-ры бойынша жылдық сыйақы.

Жылдық сыйақы төлеу Қоғамның қаржылық есептілігі аудитінің нәтижелері бекітілгеннен кейін және есепті жылға бекітілген негізгі қызмет көрсеткіштеріне қол жеткізілген жағдайда жүзеге асырылады.

2024 жылы Қоғам басқармасына төлемдер сомасы 256,7 млн. теңгені құрады.

Басқарма мүшелеріне төленетін сыйақыға жалақы, әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар, әлеуметтік салық, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға (МӘМС) аударымдар және ерікті медициналық сақтандыру кіреді.

Сонымен қатар, 2024 жылы жоспарланған 9 негізгі қызмет көрсеткішінің барлығы орындалғанын атап өту қажет.

2024 жылғы тиімділіктің нақты орындалуы туралы ақпарат

Даму жоспарының негізгі көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Жоспар	Факт	Орындалуы, %
НК 1. Қоғам қаржыландыру бағдарламалары аясында АӨК-ті несиелендіру көлемі	млрд теңге	585,0	822,33	140,6
НК 2. АӨК саласындағы негізгі капиталға инвестициялар көлемі (жылына)	млрд теңге	320,1	334,55	104,51
НК 3. Қолдау алған кәсіпорындардың табыс көлемі (жы-лына)	млрд теңге	130,3	189,22	145,22
НК 4. Қолдау алған кәсіпорындардың экспорттық табыс көлемі (жылына)	млрд теңге	4,6	13,20	284,55
НК 5. Қаржылық қолдау көрсетілген ШОБ субъектілерінің жалпы белсенді ШОБ санындағы үлесі	%	2,9	5,0	172,59
АНК құралдары арқылы қолдау алған бірегей ШОБ субъ-ектілерінің саны (жи-нақталған түрде, 2024 жылдан бастап)	бірл.	8 868	14 804	166,94
НК 6. Қаржыландырылған «жасыл» жобалар бойынша су үнемдеу технологиялары қолданылатын жер алаңы (2024 жылдан бастап жинақталған)	мың га	1,6	4,58	286,25
НК 7. NPL 90+	%	9,00	8,40	Норма шегінде
НК 8. Несиелік және инвестициялық портфельдің жалпы активтердегі үлесі	%	73,3	73,58	100,4
НК 9. Бизнес-процестерді автоматтандыру	%	100	119,0	119,0

6.7. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ
ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАР

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» ак-ционерлік қоғам Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 15 шілдедегі № 05/22 шешімімен «Бәй-терек» ұлттық басқарушы холдингі» акционер-лік қоғам-ға тиесілі «ҚазАгроҚаржы» акцио-нерлік қоғамның 100% қарапайым акцияларын «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамның орналастырылатын қарапайым ак-

цияларына төлем ретінде беру туралы шешім қабылданды. Бұл шешім «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғам «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғам Жалғыз акционері ретінде өзіне тиесілі артықшылықты сатып алу құқығын іске асыру арқылы жүзеге асырылды.

2022 жылғы 25 шілдеден бастап Корпорация «ҚазА-гроҚаржы» акционерлік қоғам 100% қатысу үлесімен Жалғыз акционері болып табылады.



ҚазАгроҚаржы туралы ақпарат

Миссиясы:

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешені (АӨК) субъектілерінің бизнесін техникалық және технологиялық жаңғырту.

Көзқарасы:

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғам – цифрлық шешімдерді қолдана отырып, АӨК саласындағы клиенттерге жан-жақты қолдау көрсететін серіктес.

Салалық мақсаты: Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді (АШТӨ) ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизингке алу үшін қолжетімді қаржыландырумен қамтамасыз ету арқылы АӨК-ті технологиялық жаңарту.

Еншілес ұйым әртүрлі санаттағы АШТӨ-нің мүдделері мен қажеттіліктеріне жауап беретін, техниканы тиімді шарттармен сатып алуға мүмкіндік беретін теңгерімді және кең ауқымды қаржыландыру бағдарламалар желісін ұсынады.

Қызмет бағыты: ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизингке беру.

Қазақстанның барлық өңірлерінде 15 филиалмен ұсынылған.

24 жылдан астам уақыт бойы табысты жұмыс істеп келе жатқан еншілес ұйым елдің аграрлық секторындағы техникалық жарақтандырудың дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Бәсекелестік артықшылықтары: салалық жоғары құзыреттілік, көпжылдық нарықтық тәжірибе, дамыған филиалдық желі, кәсіби кадрлар құрамы, сенімді кредиттік рейтингтер және қаржы ресурстарына қолжетімділік – мұның бәрі компанияға лизинг нарығында көшбасшылық ұстанымын сақтауға және отандық фермерлер үшін сенімді серіктес болып қалуға мүмкіндік береді.

2024 жылғы ҚазАгроҚаржы жұмысының нәтижелері

2024 жылғы негізгі оқиғалар

- 30 қаңтарда «ҚазАгроҚаржы» жалпы сомасы 25 млрд теңге көлемінде, айналым мерзімі 4 жыл болатын екі облигация шығарылымын жүзеге асырып, оларды толық көлемде жеке орналастыру арқылы орналастырды.
- 23 сәуірде «ҚазАгроҚаржы» Amazon Web Services-тің ресми серіктесі болып табылатын QCloudy компаниясымен бірлесіп лизинг нысандары мен кепіл мүлкін жасанды интеллект арқылы онлайн-мониторингілеу жүйесін әзірледі.
- 23 мамырда «ҚазАгроҚаржы» 50 млрд теңге сомасында, айналым мерзімі 5 жыл болатын облигацияларды шығарып, оларды толық көлемде жеке орналастыру арқылы орналастырды.
- 28 маусымда жеңілдікпен лизингтеу бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама шарттары: жылдық мөлшерлеме – 5%, мерзімі – 7 жылға дейін, бастапқы жарна – кемінде 10%, төлем жасау – лизинг нысанын бергеннен кейін, 2024 жылғы 1 желтоқсаннан кешіктірмей жүзеге асырылады.

- 22 шілдеде «ҚазАгроҚаржы» 100 млрд теңге сомасында, айналым мерзімі 7 жыл болатын облигацияларды шығарып, оларды толық көлемде жеке орналастыру арқылы орналастырды.
- 2024 жылғы қорытынды нәтижелер**
- Инвестициялар – 224,2 млрд теңге (қолма-қол әдіспен);
- Лизингке берілген техника саны – 10 543 бірлік;
- Несие портфеліндегі клиенттер саны – 15 786 бірлік;
- Бюджетке төленген салықтар мен төлемдер – 1,685 млрд теңге;
- Таза пайда – 20,3 млрд теңге;
- 2023 жылға арналған төленген дивидендтер – 13,2 млрд теңге.

Ресурстар

Меншікті капитал – 192,7 млрд теңге;

Тартылған қаражат – 175,0 млрд теңге;

Қызметкерлер саны – 341 адам.

Лизинг беру процесі

Лизинг беру процесі клиенттің лизинг нысанын және жеткізушіні таңдаудан басталады. Жеткізушіден коммерциялық ұсыныс алғаннан кейін клиент «ҚазАгроҚаржы» компаниясына жүгінеді.

Кредиттік бөлімнің менеджері клиентке қолданыстағы қаржыландыру бағдарламалары бойынша кеңес береді және өтінімді беру үшін қажет міндетті құжаттар тізімімен таныстырады. Клиент толық құжаттар пакетін тапсырғаннан кейін еншілес ұйымның құрылымдық бөлімшелері клиент жобасына сараптама жүргізеді.

Қорытындылар мен сараптамалар негізінде еншілес ұйымның уәкілетті органы (Кредиттік комитет) жобаны қаржыландыру туралы шешім қабылдайды. Жобаны қарастырудың жалпы мерзімі – 5-тен 12 жұмыс күніне дейін (құжаттарды толықтыру уақыты есепке алынбайды).

Кредиттік комитет жобаны оң шешкен жағдайда қаржылық лизинг шарты жасалады, клиент алғашқы лизингтік төлемді төлейді, одан

кейін жеткізушімен лизинг нысанын сатып алу туралы шартқа қол қойылады. Лизинг нысаны жеткізілгеннен кейін ол лизинг алушыға тапсырылады.

Лизингтік қызметтердің қолжетімділік деңгейін арттыру мақсатында жеңілдікпен қаржыландыру бағдарламалары бойынша өтінімдер қабылдау Telegram чат-боты арқылы жүзеге асырылады. Telegram чат-ботында электрондық кезек қалыптасады, онда әрбір әлеуетті клиенттің өтініміне реттік нөмір беріледі. Жеңілдікпен қаржыландыру бағдарламаларына Telegram чат-ботында электрондық кезекте нөмір алған өтінімдер қатысады. Бұл тәсіл жеңілдікпен қаржыландыруға қолжетімділіктің ашықтығын қамтамасыз етеді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетеді.

Еншілес ұйым ауыл шаруашылығы өндірушілерінің түрлі санаттарының мүдделері мен қажеттіліктеріне сай келетін, тиімді шарттармен техника сатып алуға мүмкіндік беретін қаржыландыру бағдарламаларының кең әрі теңгерімді өнім желісін іске асырады.

2024 жылы еншілес ұйым аясында келесі бағдарламалар жүзеге асырылды:

1. Нарықтық шарттармен лизинг:

- ауыл шаруашылығы техникасы (өздігінен жүретін, ілінетін және тіркемелі);
- мелиорациялық және ауыл шаруашылығы жұмыстарына арналған арнайы техника, соның ішінде пилотсыз ұшу аппараттары;
- биологиялық активтерді, ауыл шаруашылығы және балық өнімдерін тасымалдауға арналған көлік құралдары, соның ішінде жүк вагондары;
- жабдықтар (монтажды қажет ететін және қажет етпейтін).

2. Арнайы қаржыландыру бағдарламалары:

- «Қазақстанда жасалған»;
- «Экспресс лизинг»;
- «Жеңілдетілген лизинг 5%»;
- «Жеңілдетілген лизинг 6%»;
- «Өз азығы».

3. Арнайы қаржыландыру қызметтері:

- «Мастер-лизинг»

6.8. ІШКІ АУДИТ

GRI 2-26

Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) Корпорация жұмысының жетілдірілуіне бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдік пен консультациялық қызметтерді көрсету бойынша қызмет атқарады.

Ішкі аудит тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару үдерістерінің тиімділігін бағалау мен арттыру үшін жүйелі және дәйекті тәсілді қолдана отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі.

ІАҚ Корпорацияда ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, ол тікелей ұйымдық тұрғыдан бағынышты және функционалдық тұрғыдан Директорлар кеңесіне есеп береді. ІАҚ миссиясы – Директорлар кеңесі мен Корпорация Басқармасына стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі өз міндеттемелерін орындауға қажетті қолдау көрсететін қызметтер ұсыну.

Корпорацияның тұрақты даму саласындағы

қызметін бағалау мақсатында, 2025 жылға арналған ІАҚ (ішкі аудит қызметі) жылдық аудит жоспарына сәйкес (Корпорация Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 22 шешімімен бекітілген), «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы Саясатын әзірлеу және мониторинг жүргізу бойынша 2023–2024 жылдардағы қызметіне аудит жүргізу көзделген. Бұдан бөлек, Корпорацияның ішкі нормативтік құжаттарына (ІНҚ) сәйкес, ІАҚ жыл сайын Корпорацияның ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы қызметіне аудит жүргізеді.

ІАҚ Корпорация қызметі бойынша кез келген активтерге, барлық құжаттар мен бухгалтерлік

жазбаларға, сондай-ақ құпия мәліметтерді қоса алғанда кез келген өзге де ақпаратқа кедергісіз және толық қол жеткізу құқығына ие. Бұл құқық Корпорацияның ІАҚ туралы Ережесіне (Корпорация Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 14 маусымдағы № 9 шешімімен бекітілген) сәйкес қамтамасыз етіледі.

Ішкі аудитті жоспарлау және аудиттік тапсырмалардың басымдылығын айқындау тәуекелге негізделген тәсіл арқылы жүзеге асырылады.

2024 жылы ІАҚ тарапынан 13 аудиттік тапсырма жүргізіліп, сүйемелденді. 2023 жылғы 27 желтоқсандағы (№14 хаттама) Директорлар кеңесімен бекітілген және 2024 жылғы 24 мамырдағы (№8 хаттама) толықтырылған

жылдық аудиттік жоспар 100% орындалды. 2024 жылы жүргізілген аудиттік іс-шаралардың нәтижесі бойынша 106 бақылау нүктесі анықталып, 184 ұсыным берілді.

Аудиттің мақсаттары мен қамту салалары аудиттік тапсырмаларға, аудиттік бағдарламаларға және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес толық көлемде орындалды. Барлық аудиттік тапсырмалар Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына және Корпорациядағы ішкі аудитті ұйымдастыру ережелеріне сәйкес жүзеге асырылды. Аудиттік іс-шаралардың нәтижелері бойынша ішкі бақылау жүйесін, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тиісті ұсынымдар әзірленді, ал

аудит объектілері анықталған бұзушылықтарды жою бойынша түзету/алдын алу іс-шараларының жоспарларын әзірледі.

ІАҚ ішкі аудит, сыртқы аудит және сыртқы бақылаушы органдардың нәтижелері бойынша ұсынымдарды орындау барысына тоқсан сайын мониторинг жүргізеді. Ішкі аудиттің жиынтық нәтижелері мен ұсынымдарды орындау туралы ақпарат тоқсандық және жылдық есептіліктерде көрсетіліп, олар Корпорацияның Директорлар кеңесінде қаралып, бекітіледі.

2024 жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ ішкі аудит қызметінің қызметіне сыртқы бағалау жүргізілген жоқ.

2024 жылы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген ішкі аудитті ұйымдастыру қағидаларының талаптарына сәйкес ІАҚ-тың ағымдағы жай-күйіне ішкі өзіндік бағалау жүргізілді, нәтижесінде «сәйкес» рейтингі берілді. Қорытынды орташа балл – 4 мүмкін баллдан 3,6 баллды құрады.

ІАҚ басшысы ІАҚ-тың ағымдағы жай-күйіне бағалау критерийлері тізбесіне сәйкес өзіндік бағалау жүргізіп, «Толық сәйкес» рейтингі берілді. Қорытынды орташа балл – 4 мүмкін баллдан 4 баллды құрады.

Сыртқы бағалау шеңберіндегі байқаулар

2024 жылы тәуелсіз аудиторлар жүргізген корпоративтік басқару жүйесіне сыртқы диагностика шеңберінде «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамында корпоративтік басқарудың жетілу деңгейіне және озық тәжірибелерге сәйкестігіне баға берілді. Диагностика нәтижелері бойынша озық тәжірибелер талаптарына сәйкестік деңгейі 94,2 % құрады.

Корпорация алдыңғы жылдары енгізілген тәжірибелер негізінде қалыптасқан корпоративтік басқарудың жоғары жетілу деңгейін көрсетті. «Құрылым» бағыты бойынша сәйкестік көрсеткіші 99,2 % деңгейінде болды, бұл басқару жүйесінің формализацияланғанын, өкілеттіктердің нақты бөлінгенін, мүдделер қақтығысын

реттеу механизмдерінің және қаржылық мүдделі тараптардың құқықтарын сақтау рәсімдерінің бар екенін білдіреді. Корпорацияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар, кірістерді заңдастыру және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саясаты, ішкі регламенттер және басқару органдары арасындағы функцияларды бөлу жүйесі жұмыс істейді.

«Процестер» блогы бойынша жиынтық баға 90,4 % құрады. Диагностика нәтижелері Корпорацияның Директорлар кеңесі тәуелсіз жұмыс істейтінін және стратегиялық тұрғыдан негізделген шешімдер қабылдануын қамтамасыз ететінін көрсетті. Сонымен қатар, қосымша назарды қажет ететін жекелеген бағыттар анықталды: Корпорацияда

Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыруға қатысты формализацияланған тәсіл жоқ, мұрагерлік тетіктері туралы ақпарат таратуға қатысты тәжірибелер жеткіліксіз дамыған. Сондай-ақ, тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ) мен ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) тиімділігінің аудиті тұрақты түрде жүргізілмейді. Корпорация аталған шектеулерді жою және тиісті басқару процестерін күшейту мүмкіндіктерін қарастыруда.

«Ашықтық» бағыты бойынша сәйкестік деңгейінің орташа көрсеткіші 95,8 % құрады. Корпорацияда ХҚЕС талаптарына сәйкес қаржылық және қаржылық емес есептілікті ашу ұйымдастырылған, аудитті халықаралық аудиторлық ұйым – «КПМГ Аудит» ЖШС

жүзеге асырады, ішкі аудит қызметі жұмыс істейді. Корпорация бұл бағытты одан әрі дамыту қажеттігін түсінеді және ақпаратты ашудың толықтығы мен ашықтығын арттырудың ықтимал жолдарын қарастыруда.

Тұрақты даму саласы бойынша жиынтық баға 87,5 % құрады. Корпорацияда тұрақты даму саласындағы Саясат бекітілген, әлеуметтік және экологиялық бағыттарда бастамалар мен жобалар жүзеге асырылуда. Ең жоғары жетілгендік деңгейі әлеуметтік аспект бойынша (100 %) тіркелген, оған еңбек қауіпсіздігі, жұмыспен қамту шарттары және гендерлік теңдік кіреді. Сонымен қатар, экономикалық және экологиялық аспектілер бойынша бағалау 75 % құрады, ал «Қоғамдық мүдделерді қорғау» бағыты бойынша – 87 %.

Диагностика нәтижелері көрсеткендей, Корпорацияда бекітілген сандық ESG-көрсеткіштер мен тұрақты даму стратегиясы жоқ. Корпорация осы бағыттағы жүйелілік пен басқарушылықты арттыру мақсатында тиісті мәселелерді қарастыруды жоспарлап отыр.

Осылайша, 2024 жылы жүргізілген диагностика нәтижелері бойынша «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару жүйесі жоғары жетілгендік деңгейіне және үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкестікке ие екені анықталды. Сонымен қатар, алдыңғы жылдары қалыптасқан кейбір бағыттарды одан әрі дамыту қажет – атап айтқанда, Директорлар кеңесі қызметінің

бағалау рәсімдерін жетілдіру, ТБЖ мен ІБЖ бағалауының жүйелі тәсілін енгізу, мұрагерлік құралдарын дамыту және тұрақты даму көрсеткіштерін неғұрлым толық көрсету. Бұл бағыттар бойынша жұмыс жалғасын табады.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Корпорацияның тәуекелдерді басқару жүйесі – бұл тәуекелдерді уақтылы анықтауға, бағалауға, мониторинг жүргізуге және бақылауға ықпал ететін үздіксіз процесс. Ол сондай-ақ Корпорацияның Басқармасы мен Директорлар кеңесін тәуекелдер және оларды азайту шаралары туралы өзекті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі мақсаты – кірістілік пен тәуекел деңгейі арасындағы оңтайлы тепе-теңдікке қол жеткізу, сондай-ақ стратегиялық

жоспарларды іске асыру және белгіленген мақсаттарға қол жеткізу шеңберінде Корпорацияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады.




7.1. КОРПОРАТИВТІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ (КТБЖ) ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес, тәуекелдерді басқару процесіндегі Корпорацияның ұйымдық құрылымы келесі

элементтерден тұрады: Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше, атап айтқанда Тәуекел-менеджмент

департаменті, ішкі аудит қызметі және басқа құрылымдық бөлімшелер.



ҚБ – құрылымдық бөлімшелер

Тәуекелдерді басқару процесіне қатысушылардың функциялары «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының Тәуекелдерді басқару саясаты арқылы айқындалған, ол Корпорацияның ресми сайтында ашық қолжетімділікте орналастырылған.

Халықаралық стандарттар

Корпорацияда тәуекелдерді басқару жүйесі халықаралық COSO ERM: 2017 және ISO 31000:2018 стандарттарына сәйкес енгізілген. Корпорациядағы тәуекелдерді басқару – бұл ұйымның стратегиялық мақсаттарын ескере отырып, тәуекелдер аясында айқындау және қол жеткізуге бағытталған мәдениеттің, әлеуеттің, практикалардың және үйлестірілген әрекеттердің жиынтығы.



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Корпорацияның тәуекелдері

Корпорация қызметі тәуекелдер тізілімінде бағаланған және санаттарға топтастырылып, тәуекелдер картасында орналастырылған 18 тәуекелге ұшырайды. Қауіп деңгейі бойынша тәуекелдер келесі аймақтарға бөлінген: Қызыл аймақта – 3 тәуекел; Сары аймақта – 12 тәуекел; Жасыл аймақта – 3 тәуекел.

Корпорациядағы тәуекелдің негізгі көрсеткіштері

Корпорацияның тәуекелдер картасында елеулі және сыни аймақтарға жатқызылған тәуекелдер бойынша тәуекелдердің негізгі индикаторлары (ТНИ) әзірленді. Барлығы 6 тәуекел түріне қатысты ТНИ әзірленген, олардың көрсеткіштерінің ағымдағы деңгейі туралы есеп тұрақты негізде құрастырылып, Корпорацияның уәкілетті органына ұсынылады.



Тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар

Тәуекелдерді барынша азайту мақсатында Корпорация тәуекелдер тізілімі аясында тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі. 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспары барлық тәуекел топтары бойынша орындалу мерзімдері белгіленген 125 іс-шараны қамтыды. Тәуекел иелері іс-шаралардың орындалуы бойынша есепті тоқсан сайын ұсынады.

7.2. ИДЕНТИФИКАЦИЯЛАНҒАН ТӘУЕКЕЛДЕР

Корпорацияның әдіснамасы ең алдымен тәуекелдерді басқару және бағалау бойынша орталықтандырылған жүйеге негізделеді. Оның мақсаты – Корпорацияның жиынтық тәуекел деңгейін стратегиялық мақсаттарына сәйкес белгіленген деңгейде ұстап тұру болып табылады.

Орталықтандырылған тәуекелдерді басқару жүйесі мынадай құрамдастарды қамтиды:

- Корпорацияның тәуекелге деген тәбетін сипаттайтын компоненттер мен/немесе метрикалар, қалыпты және күйзелістік жағдайларды ескере отырып, жалпы тәуекел көлемін жабуға арналған капиталдың жеткіліктілігін консолидацияланған негізде есептеу;
- Жекелеген тәуекел түрлерін басқару – бірыңғай талаптар, лимиттер мен шектеулер белгілеу арқылы;
- Тәуекелдердің жекелеген түрлерін басқарушылық есептілік қалыптастыру

жолымен мониторингтеу;

- Қызметіне қатысты мәселелер бойынша еншілес ұйымға уәкілетті алқалы органдар тарапынан ұсыныстар дайындау;
- Орталықтандырылған тәуекелдерді басқару жүйесі ішкі капиталдың жеткіліктілігін бағалау процесіне негізделеді, себебі Корпорация бастапқыда бытыраңқы болып табылатын барлық тәуекелдерді бағалауға міндетті. Әрбір тәуекел түрі кейін ішкі капиталды есептеу үшін жинақтап, Корпорацияның барлық тәуекелдерін жабуға арналған қаржылық ресурстарымен салыстыру мақсатында сандық бағалауға ұшырайды.

2024 жылға арналған тәуекелдер тізілімі 6 тәуекел санатынан тұрады және олар 18 тәуекел түрін қамтиды.

2024 жылы тәуекелдерді басқару рәсімдері шеңберінде осы және басқа да тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған іс-шаралар

әзірленіп, іске асырылды, тәуекел иелері бекітілді, негізгі көрсеткіштер айқындалды, сондай-ақ тәуекелдер бойынша есептілік Корпорацияның Басқармасына және Директорлар кеңесіне ұсынылды.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі Корпорацияның Ішкі аудит қызметімен бағаланады.

2023 жылы Корпорацияда корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесіне тәуелсіз бағалау жүргізілді.

Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесін бағалау әдістемесінде көзделген тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділік (пісіп-жетілу) деңгейін айқындау нәтижесі бойынша балл «Пісіп-жетілген» деңгейіне сәйкес келеді: ТБЖ негізгі элементтері «үздік практикаға» сәйкес және жеткілікті тиімді. ТБЖ тиімділігінің қорытынды баллы – 90,8%.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

- Стратегиялық жоспарлау және ресурстарды бөлу тәуекелдері
- Беделді тәуекелдер

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

- Қызметкерлердің тәуекелдері
- Бизнес-процестердің дұрыс жұмыс істеу тәуекелдері
- Ақпараттық қауіпсіздік (АҚ) және ақпараттық технологиялар (АТ) тәуекелдері
- Есептілікті дұрыс емес және уақытылы ұсынбау тәуекелдері
- Әкімшілік-шаруашылық тәуекелдер

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

- ESG тәуекелдері

ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

- Өнімділіктің бұзылу тәуекелі
- Валюталық тәуекел
- Меншікті капиталды төмендету тәуекелдері
- Модельдік тәуекел

НЕСИЕЛІК ТӘУЕКЕЛДЕР

- Контрагент банктердің несиелік тәуекелі
- Несиелік портфель тәуекелдері
- Кепілді қамтамасыз ету құнының айтарлықтай төмендеуі немесе жоғалу тәуекелдері

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

- Сәйкестік тәуекелдері
- ҚР ҰБ конвенциялар мен пруденциялық нормативтерді орындамау тәуекелі
- Сот талқылауларынан туындайтын тәуекелдері

7.3. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелердің өтелу мерзімдерінің сәйкес келмеуі кезінде туындайды, бұл Корпорацияның өз теңгерімдік және теңгерімнен тыс міндеттемелері бойынша уақытылы есеп айырысу үшін жеткілікті өтімді қаражатпен қамтамасыз етілуіне әсер етеді. Активтер мен міндеттемелердің өтелу мерзімдері мен сыйақы мөлшерлемелерінің сәйкес келуі және/немесе бақыланатын сәйкес келмеуі Корпорацияны басқарудағы іргелі қағидат болып табылады.

Корпорация өтімділікті басқаруды барлық міндеттемелерді өтеу мерзімі келген кезде орындау үшін қажетті қаражаттың үнемі болуын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады. Өтімділік тәуекелін басқару

Корпорацияның Директорлар кеңесімен бекітілген Тәуекелдерді басқару қағидалары аясында жүзеге асырылады.

Корпорациядағы өтімділікті басқару рәсімдеріне мыналар кіреді:

- Ақша ағындарын болжау және осы ағындарға байланысты өтімді активтердің қажетті деңгейін есептеу;
- Қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымын қолдау;
- Қарыз қаражатының шоғырлануы мен құрылымын басқару;
- Қарыздық қаржыландыру жоспарларын әзірлеу;
- Ақша қаражатының үзілісі туындаған жағдайда тез іске асырылуы мүмкін жоғары өтімді активтер портфелін сақтау;
- Өтімділікті және белгіленген қаржыландыру деңгейін қолдау жөніндегі резервтік жоспарларды әзірлеу;

- Корпорацияның өтімділік көрсеткіштерінің заңнамамен белгіленген нормативтерге сәйкестігін бақылау.

Өтімділікті жоғалту тәуекелі аталған құжаттар шеңберінде келесі құралдар мен талдамалық есептерді пайдалану арқылы өлшенеді және бақыланады: өтімділік бойынша реттеуші және шарттық нормативтер; өтімді қаражаттың ағымдағы қалдықтары мен жоспарланған кіріс/шығыс талдауы; Basel ұсыныстары бойынша өтімділік коэффициенттері (LCR және NSFR); өтімділік алшақтығының талдауы (гэп-талдау).

Корпорация өтімділікті жоғалту тәуекелін азайту бойынша шаралар қабылдау мақсатында кумулятивті алшақтықтар (гэптер) талдауы арқылы өтімділік тәуекелін мониторингтеуді жүзеге асырады. Ағымдағы өтімділікті басқару үшін жауапкершілік Қазынашылық департаментіне жүктеледі, ол қаржы нарықтарында өтімділік деңгейін

қолдау және ақша ағындарын оңтайландыру мақсатында операцияларды жүзеге асырады.

Өтімділік тәуекелі бойынша ақпарат тәуекелдер есебіне жинақталып, тоқсан сайын Корпорацияның Басқармасына және Директорлар кеңесіне ұсынылады.

Нарықтық тәуекелдер

Корпорация ашық валюталық позицияның болуына байланысты шетел валюталары бағамдарының жағымсыз өзгерістері жағдайында валюталық тәуекелге ұшырауы мүмкін.

Нарықтық тәуекелдерді басқару процесі келесі бірізді кезеңдерді қамтиды:

- Басқаруды жоспарлау: нарықтық тәуекелдерді тиімді басқаруға арналған тиісті тәсілдерді айқындау.
- Идентификация: Корпорацияның қаржылық нәтижесіне теріс әсер етуі мүмкін әртүрлі нарықтық тәуекел түрлерін анықтау және құжаттау.
- Сапалық бағалау: нарықтық тәуекелдерді сапалық тұрғыдан талдау, олардың пайда болу себептерін анықтау және қаржылық нәтижеге ықпалын бағалау.
- Сандық бағалау: нарықтық тәуекелдердің туындау ықтималдығы мен іске асу салдарын сандық тұрғыда талдау.
- Жауап шараларын жоспарлау: нарықтық тәуекелдердің жүзеге асуынан туындайтын жағымсыз салдарды азайтуға арналған рәсімдер мен әдістерді айқындау.
- Тәуекелге ұшырау деңгейін бақылау және мониторинг: нарықтық тәуекелдерді бақылау, оларды уақтылы басқару рәсімдерін

орындау және қабылданған шаралардың тиімділігін бағалау.

Нарықтық тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаты – Корпорацияның стратегиялық мақсаттарына сәйкес белгіленген деңгейде жиынтық тәуекелді ұстап тұру. Негізгі басымдық – нарықтық тәуекелдердің салдарынан күтпеген қаржылық залалдарға жол бермей, Корпорация активтері мен капиталының қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету.

Нарықтық тәуекелдерді бағалау әдістері:

1. Валюта тәуекелі – валюта позициясын мониторингтеу, оған валюта бағамдарының өзгеруіне сезімталдықты талдау және оның қаржылық нәтижеге әсері кіреді. Валюта позициясының өзгеру шамасы қолданылатын стресс-сценарийге байланысты анықталады;
2. Валюта тәуекелі – тарихи әдіс пен ковари-

ациялық-вариациялық матрица негізінде айлық және жылдық VaR (Value at Risk) есептеу;

- Сыйақы мөлшерлемесі тәуекелі – өтеу мерзіміне дейінгі кірістіліктің өзгеруіне және қаржылық нәтижеге әсерін ескере отырып, бағалы қағаздар портфелінің дюрациясы мен көлемін бақылау. Кірістілік өзгерісі қолданылатын стресс-сценарийге байланысты;
- Сыйақылық ГЭП – сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне сезімтал активтер мен міндеттемелер арасындағы алшақтықтарды бақылау, сыйақы ставкасының өзгерісі мен оның қаржылық нәтижеге әсерін бағалау. Өзгеріс шамасы стресс-сценарийге байланысты анықталады.

Нарықтық тәуекелдерге ұшырау бойынша жиынтық ақпарат тоқсан сайын Корпорацияның Басқармасына және Директорлар кеңесіне ұсынылады.

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел – бұл белгіленген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізбеу және шығындардың туындау қаупі, ол ішкі үдерістерді іске асыру барысында қызметкерлер тарапынан жіберілген кемшіліктер немесе қателіктер (қызметкерлер тәуекелдері), ақпараттық жүйелер мен технологиялардың жұмысындағы ақаулар (технологиялық тәуекелдер), сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан туындауы мүмкін.

Операциялық тәуекелдерді басқарудың мақсаты – операциялық шығындарды азайту, шығындарды оңтайландыру, сондай-ақ бақылаудан тыс оқиғаларға Корпорацияның уақтылы және тиісті әрекет ету қабілетін арттыру арқылы Корпорацияның операциялық тиімділігін арттыру.

Операциялық тәуекелдерді басқару құралдары:

- Тәуекелдер базасы – Корпорацияның

әртүрлі қызмет бағыттары бойынша ықтимал және іске асқан тәуекелдерге қатысты тарихи деректерді жинау және бақылау үшін пайдаланылатын база. Тәуекел-менеджмент департаменті тәуекелдік оқиғалардың тіркелуін күнделікті негізде бақылап отырады.

- Операциялық тәуекелдерді өзіндік бағалау – Корпорация қызметкерлерінің өз бөлімшесі/үдерісі/операциясы ұшырауы мүмкін тәуекелдерді дербес анықтауы мен талдауы.
- Негізгі тәуекел индикаторлары – тәуекел деңгейінің артуы және/немесе Корпорацияның қызметіне теріс әсер етуі мүмкін ықтимал оқиғалар туралы ерте белгі беретін құрал.
- Тәуекелдер тізілімі мен картасы – Корпорацияда анықталған тәуекелдерді жүйелеу үшін, Басқарма мен Директорлар кеңесіне арналған басқарушылық есептілік аясында қолданылады.

Операциялық тәуекелдерді басқарудың тұтастығы мен жан-жақтылығын қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқару құралдары кешенді және өзара байланысты түрде қолданылады.

Операциялық тәуекелдер Basel ұсынымдарына сәйкес оқиғалар санаттары мен туындау себептері бойынша жіктеледі.

Операциялық тәуекелдерге қатысты жиынтық ақпарат тәуекелдерді бағалау жөніндегі тоқсандық есеп құрамында Корпорацияның Директорлар кеңесіне ұсынылады.

Тәуекел-менеджмент департаменті Корпорацияның тәуекел үйлестірушілерімен өзара іс-қимыл жасайды, олардың функцияларына операциялық тәуекел оқиғалары туралы ақпаратты толық әрі уақтылы жинауды және ұсынуды қамтамасыз ету, операциялық тәуекелдерді басқаруға жәрдемдесу, сондай-ақ операциялық тәуекелдерді басқару рәсімдері мен негізгі тәуекел индикаторларын сақтау бойынша бақылауды жүзеге асыру жатады.

Тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру барысында Корпорация «үш қорғаныс желісі» қағидатын басшылыққа алады, ол операциялық тәуекелдерді басқару процесіндегі жауапкершілікті бөлуді көздейді.



Операциялық тәуекелдерді басқару процесі Корпорацияның ішкі құжаттарымен реттеледі және корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады. Операциялық тәуекелдерді басқару процесіне қатысушылар тарапынан тәуекелдердің әлеуетті түрлерін айқындау және оларды Корпорацияның тәуекелдер жөніндегі дерекқорына тіркеу, сондай-ақ олардың деңгейін азайту және туындауынан келетін теріс салдардың алдын алу бойынша шаралар қабылдау функциялары жүзеге асырылады.

Несиелік тәуекел

Корпорация қаржы құралдары бойынша қарсы тараптың өз міндеттемелерін орындамау тәуекелі болып табылатын несиелік тәуекелге ұшырайды.

Корпорацияның несиелік тәуекелді басқару жүйесінің негізгі мақсаты – несиелік тәуекелді азайту, оның алдын алу, сондай-ақ қарыз алушының өз қаржылық міндеттемелерін орындамауы салдарынан туындайтын қаржылық шығындардың пайда болу ықтималдығын төмендету.

Несиелік тәуекел Корпорацияның қаржылық активтері бойынша мүмкін болатын қаржылық шығындарды жабуға арналған резервтерді (провизияларды) мойындау және/немесе қосымша есептеу арқылы, яғни қарыз алушының несиелік /төлем қабілеттілігінің төмендеуі немесе жойылуы нәтижесінде іске асады.

Несиелік тәуекелді төмендету мақсатында Корпорация келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

- несиелік қызметті ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз ету;
- бір қарыз алушыға, қарыз алушылар тобына белгіленген лимиттерді есептеу және орнату негізінде тәуекелдерді бақылау;
- қарыз алушының төлем қабілеттілігін талдау;
- уақтылы және тиімді есептілік пен мониторинг жүйесін жүргізу;
- несиелік тәуекел бойынша стресс-тестілеу өткізу.

Корпорация клиенттердің міндеттемелерін орындамауынан туындайтын ықтимал залал көлемін ай сайын анықтап, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары сәйкес резервтер қалыптастырады.

Корпорация несиелік тәуекел деңгейін бір қарыз алушыға және/немесе байланысты қарыз алушылар тобына максималды лимиттер орнату арқылы айқындайды. Лимиттерді орнату кезінде халықаралық рейтингтік агенттіктердің контрагенттерге берген несиелік рейтингтері, сондай-ақ қаржылық есептілікке қолжетімді деректер негізінде олардың қаржылық жағдайына баға беру қолданылады. Несиелік тәуекелді бағалау үшін тәуекелдерді орталықтандырылған басқару жүйесі аясында Корпорация қаржылық активтердің көлемі мен күрделілігіне байланысты тиісті әдістемеде ұсынылған тәсілдерді айқындайды. Корпорация қолданатын негізгі әдіс – несиелік тәуекелмен өлшенген активтер әдісі (RWA).

Несиелік тәуекел бойынша стресс-тестілеу нәтижелерінен резерв көлемін есептеу үшін Корпорация әртүрлі сценарийлерді қолдануы мүмкін. Несиелік тәуекелге баға беру тоқсан сайын жүргізіліп, нәтижелері «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына ұсынылады.

Несиелік тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Корпорацияда несиелеу мен

тәуекелдерді басқару функцияларын бөлуге негізделген бизнес-процестер бекітілген, сондай-ақ несиелік тәуекелдерді бағалау мен басқаруға қатысатын алқалық органдар мен құрылымдық бөлімшелер құрылған.

Бизнес-тәуекел

Корпорация өз қызметін жүзеге асыру барысында түрлі тәуекел түрлеріне ұшырайды. Бизнес-тәуекел – Корпорацияның орнықтылығы мен қаржылық нәтижелеріне әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Бизнес-тәуекел деп Корпорация қызметінің көлемінің қолайсыз, күтпеген өзгеруі түсініледі, ол табыстың елеулі жоғалуына алып келуі мүмкін. Бизнес-тәуекелдің негізгі факторларына нарық конъюнктурасының айтарлықтай нашарлауы, бәсекелестік ортаның өзгеруі, шығындар құрылымының өзгеруі және басқа да факторлар жатады.

Бизнес-тәуекелге баға беру жүйелі түрде табыс тәуекелімен (EaR) есептеу арқылы жүргізіледі, ол VaR көрсеткішімен алмастырылып, белгіленген сенімділік деңгейі (99%) мен уақыттық көкжиек

жағдайында қалыпты нарықтық жағдайда асып кетпейтін ықтимал жоғалтулардың ең жоғары мөлшері ретінде түсіндіріледі.

Бизнесітік тәуекел бойынша стресс-сценарийді модельдеу кезінде тарихи және гипотетикалық сценарийлер әдісі қолданылады.

Стресс-тестті есептеу үшін төмендегідей, кезең тереңдігі 3 жыл немесе одан көп болатын (n байқаулар саны 30-дан артық болатындай) тоқсан сайынғы деректер пайдаланылады:

- Корпорацияның таза табысы;
- USD/KZT айырбастау бағамы;
- Brent маркалы мұнай бағасы;
- Инфляция деңгейі (тұтыну бағалары индексі).

Стратегиялық тәуекел

Корпорация стратегиялық тәуекелдерге ұшырауы мүмкін, оған мыналар жатады:

- Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында, мемлекеттік органдардың стратегиялық

жоспарларында, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық даму болжамында көрсетілген бюджеттік параметрлерге, Холдингтің стратегиялық құжаттарына сәйкестігі тұрғысынан Корпорация мен оның еншілес ұйымының даму стратегиясының өзектілігіне байланысты тәуекел;

- Қызметтің стратегиялық түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізбеу нәтижесінде корпорацияның/еншілес ұйымның даму стратегиясын тиімсіз іске асыру тәуекелі.

Тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша жетістіктер

- Корпорацияның кредиттік рейтингі мен болжамы BBB- «тұрақты» деңгейінде расталды (21.02.2025 ж.);
- 2024 жылдың 4-тоқсанында 2023 жылғы қаржылық есептілік аудитінің қорытындысы бойынша аудиторлардың ұсынымдарын орындау аясында болжанатын кредиттік

шығындардың негізгі компоненттеріне тестілеу (валидация) жүргізілді. Сондай-ақ, KPMG сыртқы аудитінің ұсынымдарына сәйкес БКШ (болжанатын кредиттік шығындар) компоненттерінің бірі – дефолт ықтималдығы (PD) бойынша бірнеше макроайнымалы негізінде көптік регрессиялық модель әзірленді. Бұл модельді аудиториялар қарап шыққаннан кейін, макрокөрсеткіштердің PD және жалпы БКШ-ға әсер ету динамикасын сынақтан өткізгеннен кейін оны есептеулерде қолдануды ұсынды.

3. Кредиттік шығындарды есептеу циклін толық қамтитын келесі процестер автоматтандырылды:

